

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚТЫҢ
БАС ӘДЕБИЕТТАНУШЫСЫ**

Алматы
Абай ғылыми-зерттеу институты
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ –
ҚАЗАҚТЫҢ БАС ӘДЕБИЕТТАНУШЫСЫ

халықаралық ғылыми-теориялық
конференция баяндамалары
Алматы, 31 наурыз 2022 жыл

Алматы
Абай ғылыми-зерттеу институты
2022

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

А 94

*Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған
және баспаға ұсынылған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), З. Бисенғали, Б. Жақып,
Ө. Әбдимаңұлы, З. Сейітжанов, Т. Есембеков,
А. Жақсылықов, Ә. Тарақ, Л. Мұсалы, Е. Карбозов

А 94 Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың бас әдебиеттанушысы: халықаралық ғылыми-теориялық конференция баяндамалары. Алматы, 31 наурыз, 2022 жыл / құраст. және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 182 б.

ISBN 978-601-04-6006-5

Жинаққа аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, алаш әдебиеттануының негізін қалаушы Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 жылдық мерейтойы аясында ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен өткен «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚТЫҢ БАС ӘДЕБИЕТТАНУШЫСЫ» атты республикалық ғылыми-теориялық онлайн конференцияға жасалған ғылыми баяндамалар енді. Конференцияға шетелдік және отандық абайтанушы ғалымдар, әдебиеттанушылар, қоғамдық-гуманитарлық ғылым мамандары, жас ғалымдар қатысты. Баяндамашылардың авторлық құқықтары сақталған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-6006-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022

© Қазақ университеті баспа үйі, 2022

Ж. ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚТЫҢ БАС ӘДЕБИЕТТАНУШЫСЫ (Кіріспе орнына)

Keң арналы, терең ағысты қоғамдық және гуманитарлық ғылымның бар байлығының қайнар көзі, түп негізі халықтың сөз өнерінің өзегінен таралады. Сөз өнері туралы алғашқы танымдық тұжырымдар, ойлар мен пікірлер де әуелі сөз өнерінің өз кеңістігінде туды.

Сөз өнерінің қоғамдық мәні, әлеуметтік қызметі, өзіне тән ерекшеліктері туралы ойлар мен пікірлер ілкі замандардан бастап айтылды. X ғасырда Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) трактаттарында, XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) мен М. Қашқари (XI ғ.) шығармашылығында, XV ғасырда Шейх Ахмет Таразидің «Фонун әл-бәлағе» (1436-1437) деген атпен белгілі болған көркем сөз өнері туралы еңбегінде жүйеленген тіл мен әдебиет теориясы аясындағы қисындарының тарихи мәні бар. Одан беріде Шоқанның еңбектерінде, Абайдың шығармашылығында қызыл тіл, өлең сөз табиғаты туралы айтылған ойлардың өзі жеке бір арна.

Қазақ әдебиетінің теориялық негіздері осындай арналы ағыстар негізінде жасалды. А. Байтұрсынұлының 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқышы» осы арна жүйесіндегі іргелі еңбек болды. Онда автордың көркем әдебиетке деген көзқарасы ерекше қырынан танылды: ол көркем әдебиеттің құндылығын оның адамның сезіміне, жан дүниесіне қалай, қайтіп әсер ете алатынымен байланысты бағалады [1, 33]. А. Байтұрсынұлы

осындай негізі берік эстетикалық тұрғысына сүйеніп, табиғатына дарыған талантын, болмысына біткен дарынын ұлт игілігіне, қазақ сөз өнері теориясының ғылыми-теориялық тетіктерін, ұғымдар мен терминдер жүйесін жасап, ғылыми айналымға енгізуге жұмсады. Бұл жүйедегі әрбір ұғым, әрбір термин қазақ сөз өнерінің, қазақ тілінің байлығына негізделді. А. Байтұрсынұлы осы еңбегімен қазақ әдебиеттану ғылымы құрамындағы басты үш саланың бірі – әдебиет теориясын арнайы ғылым пәні ретінде қалыптастырды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының жеке саласы ретінде әдебиет теориясының кейінгі даму, кемелдену кезеңдері үшін А. Байтұрсынұлы еңбегінің маңызы мен мәні зор болды. Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, З. Ахметов, З. Қабдолов сынды Қазақстан жоғары білімі мен ғылымының көрнекті қайраткерлерінің ғылыми, әдеби-теориялық көзқарастарының, әдебиет теориясы жайындағы зерттеулерінің, оқулықтарының теориялық және методологиялық негізінде А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» тұрды.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі белгілі дәуірдің баға жетпес әдеби-теориялық ескерткіші ретінде әдеби-теориялық ойдың кейінгі дәуірлердегі дамуы мен өсіп-өркендеуінің нәрлі бастау-көзіне айналды. Ғылыми еңбектің белгілі дәуірдің баға жетпес әдеби-теориялық ескерткішіне, ұлттық әдеби-теориялық ойдың кейінгі дәуірлердегі дамуы мен өсіп-өркендеуінің нәрлі бастау-көзіне айналуы – ғылыми шығармашылықтағы баламасыз қазына. Ғылымда кейінгі ұрпаққа мұндай баламасыз ұлы қазына қалдыру ғылымның баламасыз ұлы қайраткерінің ғана қолынан келмек. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ғылымының тарихындағы, әдеби-теориялық ой өрісіндегі баламасы жоқ ұлы қайраткер.

А. Байтұрсынұлының XX ғасырдың бірінші ширегінде жарық көрген «Әдебиет танытқышы» туралы сол ғасырдың соңғы ширегінде ғұлама ғалым, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов: «Бұл біздің жыл санауымыздан үш жүз жиырма алты жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің атақты «Поэтикасы» тәрізді сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі

байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу» [2, 68], – деп үлкен пікір түйді.

Аристотельдің «Поэтикасынан» кейін де, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан» кейін де әдебиет теориясы саласында толып жатқан зерттеулер, оқулықтар мен монографиялар жазылып, жарық көрді. Олардың әрқайсысының жаңалығы, ғылыми маңызы, практикалық пайдасы бар. Әйтсе де адамзат баласының ғылыми ойлауы қанша биікке көтеріліп, қанша тереңге бойласа да, оның қайта қарайтын, қайта оралып зерделейтін, сөйтіп, өзін-өзі өлшейтін ғылыми таным таразысы болады. Аристотельдің «Поэтикасы», А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – осындай таным таразысы. Аристотельдің «Поэтикасы» тәрізді А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» уақыт өткен сайын ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін тарихи маңызын, теориялық мәнін тереңдете түспек. Оны білу, оның мәнін ұғу, өз білгенін соның таразысына салып бағалау қай заман ғұламасы үшін де маңызды қажеттілік болып қала береді.

А. Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы, соның ішінде «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттануының бір саласының ғана басы емес, бар саласының бәрінің де ғылыми негізі қызметін атқарды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық негізін қалаған Бас әдебиеттанушы. Ғылым кеңістігінде тыңнан жол салу, жаңаның негізін қалау – айрықша ақыл-ой қызметінің нәтижесі. Ғылыми ойдың мұндай айрықша кемелдігі адамзат танымының тарихында сирек кездеседі. А. Байтұрсынұлы – ғылыми танымның кең байтақ кеңістігінде сирек кездесетін осындай айрықша ойдың алыбы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. VI том. Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар / Жауапты редактор Ісімақова А.С.; құрастырып, баспаға дайындаған, жауапты шығарушы Имаханбет Р.С., А. Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
2. Қабдолов З. Көзқарас: Талдаулар мен толғаныстар. – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.

**Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры**

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қазақ тіл білімінде термин мәселесі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап, қолға алына бастады. «Қазақ терминологиясының мәселесі ең алғаш рет 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің республикалық 1-ші съезінде сөз болған екен» [1].

Қазақ терминологиясының негізін қалаған – Ахмет Байтұрсынов. Ол өзінің қазақтың тіліне, әдебиетіне арнап жазған ғылыми еңбектерінде алғаш рет терминдер жасап, оны жан-жақты негіздеді. А. Байтұрсынов біз қазір қолданып жүрген «терминнің» орнына «пән сөз» атауын қолданған. Ахмет ұсынған «пән сөз», кейде «пән сөздері» түрінде жиырмасыншы жылдары кеңінен қолданылды. Отызыншы жылдардан бастап, халықаралық терминге айналған ағылшынның «термин» атауы қолданылып келеді. Сонымен бірге осы уақыттар ішінде «терминнің» орнына «пән сөзімен» бірге «пән атаулары», «атау», «аталым», «атаусөз», «ұғымсөз», терминнің қазақшаланған нұсқалары «термін», «термен» атаулары ұсынылып, кейбіреулері біршама қолданыс тапқанымен де, бүгінгі күнге жете алмады.

Өткен ғасыр басында Ахметтің қазақ әліпбиінің, қазақ жазуының негізін қалаған «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. Баяншы» (Орынбор, 1912), «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші кітап. (Орынбор, 1912), «Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылған әріптерді үйрету үшін нәм оқуға

төселу үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас» (Орынбор, 1913), «Қазақша әліппе. Оқу құралы» (Орынбор, 1914), «Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық» (Орынбор, 1914), «Оқу құралы. Усул сотиемен тәртіп етілген қазақша әліппе. Бірінші жылдық» (Орынбор, 1915), «Оқу құралы. Усул сотиемен тәртіп етілген қазақша алифба» (Орынбор, 1916), «Оқу құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы» (Орынбор, 1916), «Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы)» (Ташкент, 1918, 1920, 1922; Қызылорда, 1925, 1926), «Әліппе астары» (Орынбор, 1924), «Тіл – құрал түрлері» (Қызылорда, 1924), «Оқу құралы» (Қызылорда, 1921; Ташкент, 1922; Орынбор, 1925)), «Әліп-би: Жаңа құрал» (Ташкент, 1927), т.б., атты кітаптары шықты. Қазақ терминологиясының негізі өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген А. Байтұрсыновтың «Тіл-құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш» атты іргелі еңбектерінде берік қаланды.

Термин жасаудың негізгі ұстанымдарын анықтау, терминдерді біріздендіру мәселесі – терминологияның негізгі даму бағытын, мазмұнын айқындайтын негізгі орталық мәселе. Осы проблема дұрыс шешілсе, бұл тек терминжасамның ғана емес, жалпы тіл білімінің дұрыс бағытта дамуының бірден-бір кепілі де болып табылады.

Сондықтан да «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау... Жалғыз-ақ біздің қашатынымыз – жатшылдық (жат сөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек» [2], – деп білген А. Байтұрсыновтың филологиялық еңбектерінде бірде-бір шетел сөзін термин ретінде қолданбаған. Термин жасауда ана тілінің бай мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, қазақ тілінің ғылым

тілі бола алатындығын дәлелдеп берді. Ал шетел сөздерін «жат сөздер» атап, тілде баламасы болмаған жағдайда ғана қабылдауға болады, онда да қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп білген.

Ахмет мұндай сөздерді жайдан-жай айта салған жоқ. Ол өзінің ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденістері барысында қазақ терминологиясының негізін салып, негізгі қағидаларын анықтап қана қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асырған. Қазақ білімпаздарының Орынбор қаласында өткен бірінші съезінде (1924) және 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың бірінші құрылтайында жасаған баяндамаларында терминжасамның негізгі қағидаларын ұсынды. Олар төмендегіше анықталды:

А. Алдымен, ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі алынуы керек.

Б. Ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөзді туыстас тілдерден алу.

В. Кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіліп алынады.

Г. Қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін өзге тілден енген сөздер қазақша айтылуына сәйкес өзгеруі тиіс [3].

«Ана тілі» атауын алғаш енгізген Ахмет «Тіл – құрал» оқулықтарында 310 лингвистикалық термин қолданыпты. Оның ішінде 108-і фонетикаға, 11-і лексикологияға, 109-ы морфологияға, 64-і синтаксиске, 18-і жалпы тіл біліміне қатысты [4]. Осылардың ішінде 118 термин қазіргі тіл білімінде қолданылып жүр екен. Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, жалғау, жалғаулық, есімдік, есімше, көсемше, жұрнақ, дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, дауысты дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, буын, рай, мүше, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем секілді терминдер қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияда өте сәтті жасалынған, оған қойылатын барлық талаптарға толық жауап беретін терминдер қатарында.

Академик Ө. Айтбаевтың анықтауынша, А. Байтұрсынұлы төмендегідей терминдерді жасап, оны өзінің еңбектерінде қол-

данған: буын, дыбыс, дыбыс жүйесі, жарты дауысты дыбыс, ымыралы дыбыс, ымырасыз дыбыс, қатаң дыбыс, таңба, қарып, дәйекші, дауысты, дауыссыз, сөз, қос сөз, сөз жүйесі, қосалқы сөз, түбір сөз, туынды сөз, сөйлем, сөйлем жүйесі, тіл, түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, демеу, демеу сөз, сызықша, ұяң, қосымша, үндестік заңы, түбір сөз, туынды сөз, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, жалғау, одағай, т.б. [5].

«А. Байтұрсынұлы ұсынған (жасаған) лингвистикалық терминдердің сәттілігі, қолайлылығы соншалық, олар тез қалыптасып, орнығып, мейлінше өміршең болып шықты. Автор жау атанып, атын тарихтан сызып тастаған кезеңдердің (1929-1988) өзінде ол терминдердің барлығы дерлік сол қалпында қолданылып келді, қолданылып отыр» [6]. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышы» арқылы әдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптастырды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің шын мәніндегі жолын ХХ ғасырдың басындағы А. Байтұрсыновтан бастайды. Ахметтің «Әдебиет танытқышы» (1926) әдебиет теориясынан жазылған алғашқы монографиялық зерттеу болумен бірге оның терминдерін де ғылыми тұрғыдан негіздеп, анықтап, қолданысқа қосқан тарихи еңбек болды. Сондықтан да қазақ филологиясының атасы А. Байтұрсынов оның терминологиясының да бастауында тұр. Ахметтің «Әдебиет танытқышта» қолданған әдебиеттану терминдері 327 болса, соның 57-сі ғана бүгінгі күні термин ретінде сақталынып қалыпты. Олардың ішінде көріктеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, мегзеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу сияқты терминдер бар.

Бұлардың кейбіреулері қазір орыс тілінен енген терминдерге синоним ретінде қолданылып жүр. Мысалы, Ахандағы «көріктеуді» эпитет, «алмастыруды» синекдоха, метонимия, «бейнелеуді» аллегория, «әсірелеуді» ұлғайту, кішірейту, «мезгеуді» метонимия, синекдоха, «қайталақтауды» сөз қайталау, «кекесіндеуді» сатира, юмор деп жүрміз. Осыларды салыстыра қарағанда, Ахмет қолданған қазақша атаулардың терминнің мағынасын дәл

беріп тұрғандығы байқалады. Мұның өзі – алдағы уақыттарда ойланарлық мәселе болса керек.

Жалпы терминологияның дамуында ұлттық және интернационалдық бағыттар қатар жүріп отырады. Терминжасамда осы екеуінің бір-бірімен үйлесе, бір-бірін толықтыра отыруы – табиғи, жемісті жол. Десек те осы тепе-теңдіктің бұзылып, бір жағына қарай ауытқып отыратын жағдайлар жиі кездеседі. Объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты бұлардың кейде бірі алға шығып, екіншісінің жолын кесіп отыратын кездері де болады. Біздіңше, ұлттық терминология, негізінен, ұлттық даму бағытында болып, қажет болған тұстарда ғана халықаралық терминдерге жүгінуі қажет. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық терминологиясының атасы, негізін салушы дейтініміз де сондықтан.

Терминологияда ұлттық пен интернационалдың аразігі, арақатынасын анықтап алу – тіл білімінде осы күнге дейін ғылыми шешімін таппай келе жатқан аса маңызды мәселелердің қатарында. Солардың бірі қандай атауларды интернационал термин дейміз? Бұл туралы ғалымдар түрліше пікірде. Бір ғалымдар интернационал терминге қайсысы көп тілдерде кездесетін атауларды жатқызса, енді біреулері нақтылай түсіп, оның екі, үш немесе бес (ағылшын, неміс, француз, испан, италян) әлемдік тілдерде қолданылуын шарт санайды. Енді біреулері оның қанша тілде қолданылатынына емес, семантикалық мағынасының интернационалдық сыпатта болуы шарт деп біледі. О. Есперсен термин қай тілден алынса, сол ұлттың басымдығын көрсетеді дейді [7].

Ахметтің филологиялық терминдерінде шет сөздерден жасалғаны – жоқтың қасы. Соған қарамастан ол жасаған терминдер осы саладағы классикалық үлгілердің қатарында. Мұның басты себебі, біріншіден, ғалымның қазақтың бай тіліне тұңғыш рет ғылымның түренін салып, термин жасау мүмкіндіктерін, тіл заңдылықтарын барынша орынды пайдалана білгендігі болса керек. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы жасаған филологиялық терминдердің ұлттық сыпаты басым.

Ахмет салған терминологиядағы ұлттық жол түрлі кедергілерге қарамастан кеңінен қолдау тауып, өмірге еніп жатты. Ахмет бастаған қазақ терминжасамындағы ғылыми дәстүрді қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп, алғаш рет монографиялар жазған Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов шығармашылықпен дамытып алып кетті.

А. Байтұрсынұлы Бакуде түркітанушылар құрылтайында сөйлеген сөзінде: «... басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежеге жеткен... Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты», – десе, тағы бірде: «Өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала берсе, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөліктеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жібереді» [8]. «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек» [9], – деген пікірлер білдірді.

Осы сияқты пікірлерді орыс терминологиясына қатысты Д.С. Лотте де айтыпты: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау, әрине, басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге әкеліп тіреді». Мұны айтып отырған тіл басқыншылығының алдыңғы шебіндегі әлемдік алпауыт тілдердің қатарындағы орыс тілінің өкілі екендігіне назар аударсақ, термин мәселесінің ұлт өміріндегі қаншалықты маңызды екендігіне көзіміз жете түскендей болады.

Сонымен, сөзіміздің соңында қорыта айтарымыз, кезінде Ахмет Байтұрсынов ұсынған терминжасамның, алдымен, ұғым

мағынасын толық беретін қазақ сөзі, ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөз туыстас тілдерден; кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестіріліп алынуы керек деген ұстанымдары қазірге дейін өзінің ғылыми да, практикалық та маңызын жойған жоқ. Ахаң бұлай жасау тілді варваризмнен сақтайды деп ескертуді де ұмытпаған. Ахаң анықтап берген халықаралық терминдерді қабылдауға қойылатын осы өлшемдер күні бүгінге дейін өзінің дұрыстығын дәлелдеп келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – 214 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 151-б.
3. Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, 2009. – 45-46 б.
4. Ахметтану бастамалары. – Алматы, 2005, 14-15 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – 211-б.
6. Сыздықова Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлының көтерген тарихи жүктің бірі // Туған тіл. – 2008. – №1.
7. Jespersen J. Paper in international language. – L., 1921. – S. 142.
8. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармалары. – Алматы, 1998. – 413-б.
9. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 350-351 б.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-
зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Ұзап кеткен өткен ғасырдың алғашқы жартысын ойға алғанда арманда кеткен қаншама қазақтың аймандай абыздары, кек пен күйіктен жүректеріне өрт түскен, өмірден ерте кеткен қаншама кемеңгерлеріміз еске түседі. Соның бірі, міне, бір жарым ғасыр өтсе де ұлылығына шаң жұқпаған Ахаң еді. Ахаң ғасырдың өзі туғызған тумысы бөлек, тұғыры биік, бір бойына шешендік пен көсемдік қатар қонған данагөйіміз.

XX ғасыр басындағы қазақ ұлтының рухани көсемі, Алаш идеясының негізін қалаушы, Алаш үкіметі басшыларының бірі – Ахмет Байтұрсыновтың қазақ халқының қамына жасаған еңбегін қай қырынан алып зерттесек те, алдымен, туған еліміздің тәуелсіздігі туралы әңгімеге келіп тірелеміз.

Ол қандай тәуелсіздік еді?! Алдымен, саяси тәуелсіздік. Мемлекеттік тәуелсіздік. Рухани тәуелсіздік. Идеологиялық тәуелсіздік. Осынау негізгі – негізгі бағыттың барлығында да ұлт ұстазы, ұлы ойшыл, ұлы ағартушы, арынды ақын, көреген саясаткер, қарымды қаламгер, ғұлама ғалым Ахаң көш басында тұрды. Бұл жағынан Ахмет Байтұрсыновқа сол тұста ешкім тең келе алған жоқ. Алғашқы ақиқат – осы.

Ахаңды біз неге алдымен Алаштың тухани көсемі дейміз? Кез келген ұлттың мемлекеттік тәуелсіздігінде руханияттың, яғни рухани құндылықтардың алатын орнын және тарихи рөлін, керек болса саяси мәнін ұлт қайраткері ретінде Ахаң жалпыұлттық

өреден терең түсінді. Қоғам, ел өмірінің жаңа бір тарихи кезеңге ойысқан тұсында жаңа бағыт, ендігі уақыттың ұстанымдары қандай болмақ, нендей күйлерге көңіл бөлу, білім беру, әдебиет, өнер, тәрбие бағытындағы іс-әрекеттеріміз қай арнада өркендеуі керек, осының барлығын Ахаң жүрегінен өткізіп дер кезінде аңғарды. Аңғарып қана қойған жоқ, соны өзінің еңбектерінде, алдымен, қазақ зиялыларына, қалың елге түсінікті тілде (яғни ана тілімізде), осы уақытқа дейін кездеспеген тың әрі жатық ұғымдармен, атаулармен, сөз оралымдарымен, ғылыми негізде, әрине, адамзат өркениеті қол жеткізген биіктен, сол тұстағы қазақ қоғамының даму сатысынан, әлеуметтік жағдайына табан тірей отырып, ой түйіп, өзінің қаламының қуатына арқа сүйеді. Қалам қайраткері ретінде осынау алмағайып заманда ұлт қамына еңбек етуді өзіне парыз санады.

Қазақ қоғамының ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси, геосаяси жағдайы, экономикалық даму деңгейі, осының барлығын терең зерттеп, көрегендікпен алдын ала болжап, біліп алып барып ой қорытатын Ахаң сол кезеңде қазақ ұлтына, ел мүддесіне, алдымен, яғни бірінші кезекте не жасау керектігін, қандай қадамдарға бару керек екендігін сұңғыла саясаткер, әлеуметтанушы, қоғамтанушы, қайраткер, терең білім иесі, көсем ретінде де дәл аңғарды.

Осының барлығын ел мүддесіне, ұлт ұпайына айналдыру үшін бүкіл елдік өркендеудің негізгі өзегінде рухани жаңғыру тұру керектігін бірден болжады.

Сондықтан да қазақтың қамын қаймықпай айта алатын Ахаң қазақ ұлтының жаңа ғасыр басындағы даму жолының негізгі кілті руханиятта жатқандығын алдын ала білді. Ахмет Байтұрсынұлының осы орайда 1922 жылдың 8 шілдесінде «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Қалам қайраткерлерінің жайынан» атты өзекті мақаласында: «Қазақ жем болудан (орыс империясының тарапынан келуі мүмкін жағдайды мегзеп отыр) түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет (руханияттың бір саласы) қуатымен құтылады», – деп көрегендікпен жазуы тегін емес. Ахаң сол кездің өзінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайды

шынайы болжап, қауіптің алдын алғысы келіп, жүрегі ауырғаннан ашық айтып отыр.

Сондықтан да Ахаңның бізге қалдырған баға жетпес рухани мұрасының басты-басты арналары: тарихи сананы қалыптастыру ілімі, әдебиет тарихы, тілтану ғылымы, әдебиеттану ғылымы, ақындық өнер, көсемсөз саласы болғандығы тегін емес. Елдік сананы көтеру үшін, алдымен, тарихи сананы, ғылыми сананы, көркемдік сананы көтеру керек екендігінің Ахаң кеменгер ретінде дер кезінде көре білді. Рухани тәуелсіздікке қол жеткізбей тұрып, мемлекеттік тәуелсіздік болмайтынын білді.

Біз соның бір бағытына ғана, яғни ұлттың рухани санасын көтеру мақсатындағы Ахаңның бір ғана еңбегіне – әдебиеттану саласындағы ой-пікірлеріне, ғылыми тұжырымдарына ат басын бұрып көрейік. Ахаңның бұл саладағы басты еңбегі – 1926 жылы жарық көрген әйгілі «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуі.

Ахаңа дейін сөз өнері ғылымын осылайша зерттеген, жүйелеген, қазақтың ұланғайыр, байтақ, мың жылдықтардан аман жеткен әдебиетін барынша қамтып, жан-жақты сөз еткен төлтума еңбекті қазақ тарихынан табу қиын. «Сөз өнері» деген әдеби-теориялық, ғылыми-танымдық ұғымды да алғаш рет енгізген – Ахаң. Ұлтқа ұлттық әдебиеттану ғылымы ауадай қажет екендігін терең түсінген ғалым тыңнан түрен салды.

Енді Ахмет Байтұрсынұлы ана тіліміздің ұлы байлығын, шексіз мүмкіндігін қазақ сөз өнері ғылымын дәйектеуде қалай пайдаланғанын бағамдап көрейік. Ең алдымен, Ахаң сөз өнері, әдебиеттану ғылымы саласындағы, ана тіліміздегі тұңғыш терминдер жүйесінің негізін қалады. Оның іргелі ғылым саласы ретіндегі фундаментальді тұғырын, методологиялық арналарын қалыптастырады. Әлемдік әдебиеттану ғылымындағы тәжірибеден өткен қолданыста бар ой-тұжырымдардың, пікір-байламдардың да бағытын аңғарып, соларды қазақ топырағында, қазақ танымында қалайша ұлттық ғылым игілігіне айналдырудың жолдарын да ұмыт қалдырған жоқ.

Қазақ әдебиеті теориясы ғылымының көш басында Ахаңның осынау еңбегінің тұруы өте заңды. Және Ахаңның қазықтай

қағып, шегедей бекітіп кеткен әдеби-теориялық терминдерін, ой-тұжырымдарын, ғылыми түйіндеулерін ізін ала қазақтың тағы бірнеше теоретиктері араға жиырма жыл салып, кейінде ары қарай жалғастырып Ахаң ілімін қалайша жаңаша түрлендіріп, жаңаша тереңдете, жанрлық тұрғыдан жаңа арналарға жіліктеп, заманға сай жаңа ой-тұжырымдармен толықтыра түскенін аңғарамыз.

Академик Зейнолла Қабдоловтың 1976 жылы жарық көрген «Сөз өнері» атты оқулығында Ахаң пайдаланған, бекіткен әдеби-теориялық терминдердің барлығы жаңа мазмұнмен байытылып, жаңа қырымен жарқырай түсіп оқырман танымына құнарлы игілік болып оралды.

Сөз зергері Зекең теориялық еңбектің өзін көркем шығарма деңгейіне дейін көтеріп, әрбір әдеби терминнің ішкі мазмұнын, сан құбылған сұлу атаулардың көркемдік құпиясын түсіндіріп, жанрлық атауларды жаңғырта аударып, әдебиеттің тегі мен түрлерін жаңаша түрлендіріп, тыңнан түрен салып, бейнелі тілмен төгілте баяндағанда ғылыми зерттеудің эстетикалық әсері еселей түседі.

Зекең де Ахаңның үлгісімен көркем мәтінге көбірек арқа сүйейді. Ахаң өзінің еңбегінде Абайдың, Мағжанның құдіретті поэзиясына, Ыбырай Алтынсарин, Мұрат, Байтоқ, Шернияз, Мәделі қожа сынды ақындардың туындыларына, батырлық, лиро-эпостық жырлардың мәтіндеріне көбірек жүгінсе, Зекең өз замандас ақын-жазушылардың қаламынан туған талантты дүниелерін мейлінше талдап, таразылайды. Бір тұста Абайдың «Өмір, дүние дегенің, Ағып жатқан су екен» деп келетін жолдары Гераклит идеясына сәйкес екендігіне тоқталады. Әйгілі Аристотельдің «Поэтикасымен» бастап, сөз саптайтын Зекең әлемдік әдебиеттану ғылымының корифейлерін, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерін тілге тиек етіп отырады. Ахаң тапқан теңеулерге Зекең тапқан теңеулерді қосқанда қазақ әдебиеттану ғылымының көш ілгерілеп кеткеніне көзіміз жете түседі. Ахаңды ұстаз тұтқан, Ахаң еңбегіне табан тіреген Зекең осылайша әдебиеттану ғылымын жаңа белеске көтерді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалап қана қойған жоқ, сол деңгейде қазақ әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы, осынау ғылым саласының болашақтағы барлық бағдарын айқындап берген, оның жаңа методологиялық арналарына тыңнан жол ашқан бірегей тұлға ретіндегі тарихи орнын да бағалауымыз қажет. Айталық, Мұхтар Әуезовтің Ахаңның мерейтойына арналған «Ақ жол» газетіндегі 1923 жылғы 4 ақпанда жарық көрген мақаласында «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды», – дегені ғылымға берілген үлкен баға, айрықша құрмет. Мұхтар сол жылдардың өзінде-ақ Ахаңның әдебиеттің үлкен теоретигі екендігін көре білді, соны баса көрсетті. Осы пікірдің дәлелі ретінде көп өтпей, артынша-ақ әйгілі «Әдебиет танытқыш» кітабы қазақ оқырманының қолына тиеді. Төл топырағымыздағы қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа белесі, жаңа тынысы ашылды.

Ахаңның осы бастамасынан нәр алған, оның тұңғыш рет жариялаған теориялық ой-толғамдарына арқа сүйеген, табан тіреген бірнеше қазақ әдебиеттанушылары дәстүрді жалғастырып, дүниеге бірінен соң бірін, сүбелі теориялық еңбектерін жарыққа шығарды. 1930-1940 жылдар ішінде ғылыми айналымға енген көрнекті ғалымдар Есмағамбет Ысмайловтың «Әдебиет теориясы мәселелері», Қажым Жұмалиевтың «Әдебиет теориясы» (1938 ж.), осы бағыттағы іргелі зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымының келесі кезеңдеріне жол ашты. Бұл авторлардың жарық көрген еңбектеріне жан-жақты тоқталуға уақыт тар болғандықтан Ахаңның көш басында тұрған тарихи кітабының тағы да бірнеше құндылығын атап өткеніміз орынды болар.

Тағы да қайталап айтсақ, Ахаң қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалап қана қойған жоқ, сонымен қатар туған топырағымыздың құнарына әдебиет теориясы ілімінің жаңа жүйесін алып келді. Осынау іргелі ғылым саласының ғылыми терминологиясын жасады. Осы орайда Алаш әдебиеттануына өлшеусіз үлес қосқан профессор Рымғали Нұрғалиев «Әуезов және Алаш. Әдебиетіміздегі ұлттық рух» атты монографиясында (1997 ж.): «Ахаңның «Әдебиет танытқышы» қазақтың ұлттық

әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қарастырылған», – деп пікір түйеді. Шын мәнінде Ахаң өз еңбегінде жүздеген әдебиеттану терминдерін айналымға енгізе отырып, ғылыми терминге тән дефинициясын да, яғни ғылыми анықтамасын да қоса беріп, түсіндіріп отырады. Мысалы, оқулық – монографияда Ахмет Байтұрсынұлының: «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады», – деп тәптіштеп, таратып түсіндіруінде не сыр жатыр? Алдымен, байқайтынымыз, Ахаң туған әдебиетіміздің төл табиғатына, өзіндік құнарына, өзіндік болмысына тереңдеп баруды мақсат етеді. Бұл тәсіл көркем шығарманы талдаудың, оның, әсіресе ішкі құрылымына талдау жасаудың әдістемелік құралына сенімді қол жеткізуге төте жол ашады.

Автордың осы тұста өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда қазақ тілі құнарын образды, бейнелі тілде өте шебер пайдаланып отыратындығын тайға таңба басқандай аңғарамыз. Ал енді Ахаң өз зерттеуінің құлақ күйін қалай бастайды? ««Өнердің ең алды – сөз өнері» деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ мал баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Барлық өнердің қызметін сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді. Сөз өнерінің іргетасын, сөз өнері ғылымының тұғырын Ахаң осылайша түйіп айтады. Ары қарай: «Сөз өнері – қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература», – деп шегелей түседі.

Қазақ ұғымына өте жақын, қазақ санасына өте түсінікті етіп, сөз толғайтын автор еңбектің келесі тарауларында да осы

жүрісінен жаңылмайды. Сөз өнері туралы тарам-тарам ой-толғамдарын, әдеби-теориялық категорияларды, әдеби-теориялық терминдерді еңбегінің өне бойындағы туған әдебиетіміздің байтақ әлемінен пікірге дәйек болатын мысалдарды ойып-ойып алып, өз тұжырымдарын тұздықтап отырады. Осы зерттеу методологиясын, ой қорыту, көркем мәтінді таңдап, талғау әдісін Ахаңнан кейін араға қырық бес жыл салып академик Зейнолла Қабдолов сәтімен пайдаланды, жүзеге асырды. Зекеңнің «Сөз өнері» атты зерттеу оқулығына зер салғанда Ахаңның бейнелі тілде сөйлеу стилін Зейнолла Қабдоловтың қалайша биіктетіп алып кететінін анық аңғарамыз. Оның бір парасын жоғарыда екі автордың еңбегін салыстыра сөз еткен тұста да айттық.

Ахаңның зерттеу, сөйлеу стиліне профессор З. Қабдоловтың аз ғана алдында қазақ өлеңінің құрылысына арнап одақтық және әлемдік деңгейде мойындалған іргелі монография жазған Зәки Ахметов те айрықша ден қойғанын байқаймыз. Қос ғалымның қос монографиясы да олардың 1965 жылы және 1970 жылы қорғалған докторлық диссертациялары негізінде жазылды.

Академик Зәки Ахметовтің 1964 жылы «Казахское стихосложение» деген атпен жарық көрген фундаментальды монографиясы бірден ғалымдар назарын өзіне аударды. Әлемдік әдебиеттану ғылымының катеорияларына табан тіреп отыратын автор қазақ өлеңінің табиғатын, тарихын, ұлттық болмысын, қазақ поэзиясының эстетикалық күдіретін, поэтикалық тереңдігін әдебиетіміздің өз топырағынан таратып талдайды. Абай поэзиясы, оның мұхиттай терең мазмұнын, поэтикалық қуатын, ішкі құрылымын Зекең өзіне тән талдау мәнерімен, телегей-теңіз теориялық білімімен одақтық оқырманға таныстырды. Бұл зерттеудің ғылыми құндылығы туралы өз кезінде әйгілі теоретик ғалымдар, В. Жирмунский, И. Стеблева, М. Сильченко, Н. Смирнова, Қ. Жұмалиев бүкілодақтық, республикалық басылымдарда көлемді мақалалар жариялады. Одақтық деңгейдегі өзіміздің түрік тілдес туысқан халықтардың бетке ұстар, көрнекті әдебиеттанушылары да Зекеңнің еңбегіне сілтеме жасап, оны теориялық еңбек ретінде пайдаланды. Мысалы, поэзия

теориясының әлемдік деңгейдегі үлкен маманы, академик Виктор Жирмунский өзінің түрік тілдес халықтардың поэзиясы туралы зерттеулерінде Зәки Ахметовтің өз еңбегінде тыңнан сөз ететін қазақ поэзиясындағы клаузула мен элизия құбылыстарына айрықша тоқталып, Зекеңнің алғаш рет жасаған ғылыми зерттеу қорытындыларына аса мән беріп, қазақ поэзиясының әлемдік поэзияның қорына әкелген олжасын бөле-жара айтады.

Академик В.М. Жирмунский өзінің 1970 жылы жарық көрген «О некоторых проблемах теории тюркского народного стиха» атты мақаласында: «Здесь достаточно отметить докторскую диссертацию о казахском стихе, заслуживающих особого внимания как по своему теоретическому уровню, так и по богатству и новизне конкретной информации и анализа», – деп баға береді. ...3. Ахметов утверждает на материале казахского короткого (7-8 сложного) народно-эпического стиха (жыр) как постоянный характер в таком стихе имеет трехсложная клаузула. З. Ахметов систематизировал ряд случаев видимой неравносложности, объясняемых фонетически факультативной элизией слабых (сверхкоротких) слогов и явлением зияния», – деп жоғары баға береді. Жалпы, З. Ахметовтің осынау еңбегінде, ең алдымен, қазақ өлеңінің құрылысы, халық поэзиясындағы ән мен өлең түрлері, қазақ өлеңінің құдіретін көтеріп, оның құрылымын дамытудағы Абайдың тарихи орны, қазіргі өлең мен өлең құрылымындағы жаңашылдықтар терең сөз болады.

Академик Зәки Ахметовтің 1964 жылы жарық көрген «Казахское стихосложение» атты іргелі монографиясы, академик Зейнолла Қабдоловтың 1970 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясының негіздері» атты зерттеу оқулығы қазақ әдебиеттану ғылымындағы кезеңдік мәнге ие болған еңбектер екендігін тағы да бір рет қайталап айтсақ артық етпейді.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы жарыққа шыққан әйгілі «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми зерттеуінен кейінгі бір ғасырға жуық кезеңде Ахаң ту етіп көтерген алаштық идея, Ахаң салған жол, Ахаң бастап берген қазақ әдебиеттану ілімі, яғни сөз өнері ғылымының дәстүрі тоқтап,

тоқырап қалмай әр жылдары ұлтымыздың абыздары, академиктер Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов еңбектерінде жалғасын тауып, бүгінгі күні терезесі тең, ай маңдайы жарқырап, әлемдік эстетика ғылымында өз орнын тауып, туған әдебиетіміздің өркендеуіне қызмет етіп жатқандығын бүгінгі «Ахаңның жылы» тұсында қалай айтсақ та жарасады.

Кешегі, дүниенің астаң-кестеңін шығарған ХХ ғасырдың басында әдебиет арқылы Ахаң қазығын қағып, дінгегін тұрғызған қазақ руханияты, рухани құндылықтарымыз ұлттық тәуелсіздігімізге әлі де сан ғасырлар қызмет ете беретініне сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Ахметов З. Асыл сөз арнасы: зерттеу, сұхбат, сын. – Алматы: Арда, 2008. – 400 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері, Әдебиет теориясының негіздері: оқулық. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.
4. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері: оқулық. – Алматы: Мектеп, 1970. – 380 б.
5. Нұрғалиев Р. Алтын бәйтерек. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-ғылыми мұрасы туралы // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 1989. – 21 сәуір.
6. Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш, Әдебиеттегі ұлттық рух. – Алматы: «Санат», 1997. – 432 б.
7. Әуезов М. «Ахаңның 50 жылдық тойы // «Ақ жол» газеті. – 1923. – 4 ақпан.
8. Жирмунский В.М. «О некоторых проблемах теории тюркского народного стиха», Тюркологический сборник. – Москва, 1970.
9. Қайраткер аманаты және ұлт мұраты. Конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 272 б.

**Бауыржан ЖАҚЫП,
Қазақстан Жазушылар Одағы
басқарма төрағасының орынбасары,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі**

АХМЕТ ПЕН МҰХТАР (ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ)

Биылғы жылы – қазақ халқының екі бірдей ұлы тұлғасының мемлекеттік, тіпті халықаралық деңгейде атап өтерлік мерейтойлары жылы. Бұл көзіқарақты әрбір қазақ азаматын өткенді ой сарабынан өткізіп, болашағымызға ұлылар салып кеткен жолдан үлгі алуға бастайтын ерекше мүмкіндік.

Ахмет Байтұрсынұлы Кеңес империясы әлсіреген 1989 жылы ғана ресми ақталды. Сол кезде Орталық Комитеттің бір қаулысымен Ақаңмен бірге Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың ақталуы қазақ руханиятының дамуына зор әсер етті. Ақаңның «Жазушы» баспасынан жарық көрген бір томдық шығармалар жинағының редакция алқасында болған Зәки Ахметов, Рахманқұл Бердібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Серік Қирабаев, Қалдарбек Найманбаев, Шәмшиябану Сәтбаева, Әбділда Тәжібаев, Әди Шәріпов сияқты тұлғаларымыздың бәрі дүниеден озып кетті. Тек сол басылымның жауапты шығарушысы болған филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Сәрсенбі Дәуітов ағамыз осы Алматы шаһарында тұрады. Кітаптың алғы сөзіндегі Ақаңның өмірі мен шығармашылығы туралы мақаланы Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева жазса, кітап соңындағы түсініктемені Сәрсенбі Дәуітов жазған. Осындай мерейтойлар кезінде Ақаң шығармашылығын зерттеген сондай ғалым ағаларымыз назардан тыс қалмауы керек. Жалпы ахметтануға шынайы үлестерін қосқандар қатарында

мен Шәмшиябану Сәтбаеваны, Рымғали Нұрғалиевті, Манаш Қозыбаевты, Кеңес Нұрпейісовті, Үшкілтай Сұхбанбердинаны, Темірбек Қожакеевті, көзі тірілерден Мәмбет Қойгелдиев, Сәрсенбі Дәуітов, Тұрсын Жұртбай, Аманқос Мектептегі, Өмірхан Әбдиманұлы, Айгүл Ісақова, Серікбай Оспанов, Райхан Имаханбетова, Қайрат Сақтарды атар едім.

Енді негізгі тақырып – Ахмет пен Мұхтардың үндестігіне келетін болсақ, мен мынадай тұжырымдарды алға тартамын.

1. Ақаң мен Мұхаңды алғаш жақындастырған – екеуінің де ұлы Абай идеясына адалдығы дер едім. Қазақ ақындарының ішінде Абайды артықша бағалап, «Қазақтың бас ақыны» атты мақала жазып, («Қазақ» газеті, 1913 ж. № 39) онда: «Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп тұңғыш ой білдірген Ахмет Байтұрсынұлы болса, сол Абайды қазаққа ғана емес бүкіл дүниеге танытқан Мұхтар Әуезов Абайдың бүкіл өмірі мен шығармашылығын зерттеп монографиялық мақала жазып, «Абай жолы» атты төрт томдық тарихи роман, «Абай» драмасын жазып, ұстаз үмітін толық ақтады.

2. Ахмет Байтұрсынұлы мен Мұхтар Әуезовтің екінші үндестігі – екеуінің де ағартушылық бағыт ұстанғандығы. Академик Рымғали Нұрғали зерттеулеріне жүгінсек: «Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы қалыптасқан дәстүрлі құжаттар бойынша айтқанда, қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы Сартүбек деген жерде, ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы қаңтар айының 18-інде дүниеге келген (Ахмет өзінің «Өмірбаянында» көрсетуі бойынша 1872 жылы туған, №5 ауыл, Тосын болысы, Торғай уезі). «Ол 1882-1884 жылдары көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі класты орысша-қазақша училищесінде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып

білім алады. 1895-1907 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі ауылдық, болыстық мектептерде, екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады.

Ал Мұхтар Әуезов болса, Семей қаласында медреседе, онан кейін бес кластық орыс мектебінде, ал 1915-1919 жылдары мұғалімдер даярлайтын семинарияда білім алған. Кейіннен 1923-1928 жылдары Ленинград университетінде тіл мен әдебиет факультетінде, онан кейін Ташкентте Ортаазия мемлекеттік университетінің аспирантурасында шығыс фольклоры бойынша маманданады. Екеуі де қазақты білім-ғылым көкжиегіне бастайды.

3. Ақаң мен Мұхаң үндестігінің тағы бірі – Алаш ұлттық идеясымен байланады. Мұхтар Семейде, Орынборда, Ташкентте әр түрлі қызмет атқара жүріп, «Алаш» партиясының көсемдері Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, басқа да белгілі әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен жақындасады әрі тығыз байланыс орнатады. Ақаң қазақтың тұңғыш журналы «Айқапқа жазып, «Қазақ» газетін (1913-1917) бас редактор болып шығарса, Мұқаң да газет ісіне белсене араласып, «Қазақтың» ізбасарлары «Сарыарқа» газетін (1917-1919), «Абай» журналын (1918) шығарады, сондай-ақ сол тұстағы тыйым салынған Ташкенттегі «Алаш», «Бірлік туы», Қызылжардағы «Жас Азамат», Ташкенттегі «Шолпан», Семейдегі «Таң» басылымдарында жиі жарияланады.

4. Ахмет Байтұрсынұлының тұтас бір оқығандар шоғырының бәріне де ұстаз болғандығы өз дәлелін тапты. Ол туралы Міржақып Дулатұлы, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов, т.б. зиялылар көсілте жазды. Солардың ішіндегі Ақаңның қазаққа сіңірген еңбегін жан-жақты ашып берген Мұхтар Омарханұлы болды десек, қателеспейміз. 1923 жылы «Ақ жол» газетінде жариялаған «Ахаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында берілген шынайы бағалар соның дәлелі. «1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: Бірінші, жер мәселесі, қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші, қазақ жеріне

земство беруді сұраған. Үшінші отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелердің жәйі осы. Ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған. »

« Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. »

«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзынырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш. «Осыдан бір ғасыр бұрын айтылған ойлар қазір де шамшырақтай жанып тұр!

Бір сөзбен тұжырымдап айтқанда, биыл 150 жылдығын тойлағалы отырған Ахмет Байтұрсынұлы да, туғанына 125 жыл толғалы отырған Мұхтар Әуезов те – өз істерімен, жазған еңбектерімен өздеріне өшпес ескерткіш орнатып кеткен дара да дана тұлғалар. Еліміз тәуелсіздігінің қазіргі тұсында да олардың айтқан, жазған ойларынан қуат алып, ел іргесін бекемдеп, ғасыр өтсе де әлі де жүзеге асыруға болатын мәселелер бар екенін ұмытпайық! Сол үшін олардың астарлап та, батыл тікелей айтқан пікірлеріне қайыра жүгініп тұру – біздің парызымыз.

НИЗАМИ МАМЕДОВ ТАГИСОЙ,
доктор филологических наук, профессор
Бакинского славянского университета

**ШТРИХИ К ПОРТРЕТУ АХМЕТ
БАЙТУРСЫНУЛЫ**
(Просветитель, учёный, общественный деятель,
оставивший значительный след в истории
культуры родного народа)

Свой путь я выбрал добровольно и однозначно – навсегда,
и нет теперь дорог окольных – смерть предпочтительней стыда.
Ахмет Байтурсынулы

До сегодняшнего времени просветительские, лингвистические труды, работы по теории литературы А. Байтурсынулы рассмотрены из разных ракурсов. В то же время детальное ознакомление с трудами выдающегося просветителя-реформатора показывает, что ещё многое предстоит сделать учёными в области для популяризации литературного, теоретического и научного наследия этого человека, поставившего жизнь на служение своего народа. Автор ставит перед собой именно такую задачу. Ибо отдельные положения его научного творчества и общественной деятельности имеют важное значение и не только для казахской, но и шире для азербайджанской, всей тюркской культуры.

Материалами статьи служат труды А. Байтурсынулы по языку, литературе, по теории литературы, по реформе казахского алфавита и письменности, мысли о просвещении, культуре, истории казахского народа.

Методом работы является сравнительно-сопоставительный анализ всей просветительско-творческой деятельности А. Байтурсынулы.

Ахмет Байтурсынулы (1873 – 1938) просветитель, поэт, публицист, реформатор казахской национальной письменности, основоположник лингвистики и литературоведения, государственный деятель – оставил значительный след в истории культуры родного народа. Он жил в тот период, когда после таких выдающихся личностей, как Ч. Валиханов, И. Алтынсарин и А. Кунанбаев, началась формироваться новая волна в казахском просветительском движении. Вместе с М. Дулатовым, С. Торайгыровым, М. Джумабаем, он в новых общественно-политических условиях проводил в жизнь предначертаний своих предшественников. Именно они выступали, как представители новой буржуазной формации, за сохранение этнической культуры, национального языка и образование.

Ахмета Байтурсынулы больше всех волновали вопросы образования, обучения, воспитания. Главную задачу школы он видел в сохранении, углублении и развитии национальной самобытности, культуры, языка, литературы, духовно-нравственных традиций казахского народа... Байтурсынулы глубоко верил в историческое будущее, в перспективу социально-экономического и культурно-просветительского развития, в духовные и творческие силы своего народа [13].

Неслучайно, что его называют настоящим «Учителем нации» («Улт устазы»), стремившийся пробуждать дремлющий казахский народ. Наряду с вышеперечисленными, он – акын, первый казахский теоретик литературы. Немало сделал, как один из лидеров общественно-политической организации и партии «Алаш». Доктор исторических наук Жанна Кыдыралина писала: «Как известно, деятели партии «Алаш» и представители казахской управленческой элиты, научной и творческой интеллигенции заложили фундамент казахской государственности. Алашские лидеры приняли активное участие в процессе национально-территориального размежевания Средней Азии и воссоединения казахских земель. Представители алашской интеллигенции А. Букейханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, А. Беремжанов, М. Шокай, Ж. Акпаев, М. Тынышпаев, А. Ермаков, а также

национал-коммунисты С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Садвокасов, Н. Нурмаков и другие прилагали все усилия для обеспечения целостности казахской территории [4; 5, 123].

Исходя из того, что творческое и научное наследие Ахмета Байтұрсынұлы поистине неисчерпаемо, учёные независимого Казахстана его всесторонне исследуют, а молодое поколение с благодарностью изучает труды Ахмета Байтұрсынұлы. Он – поистине феномен XX в. [8].

Первым фундаментальным научно-теоретическим трудом его на казахском языке является «Әдебиат танытқыш» (1926). Он изучал устное народное творчество, литературное наследие народа, издал книгу, куда вошли оригинальное сказание «Ер Сайын» (1923) и сборник «23 жоктау» (плачи, поминальные обрядовые песни) (1926) казахов.

Гражданская идея Байтұрсынұлы выражена в книге «Комар» («Маса»). Он мечтал и старался приобщать народ к знаниям и трудолюбию, способствовать развитию искусства, повышению культуры, избавлению от невежества, равнодушия.

За бурную и кипучую жизнь помимо общественно-политической деятельности, А. Байтұрсынұлы оставил в наследство потомкам важные труды по языку, литературе, по теории литературы, как «Учебное пособие» (1912), «Пособие по языку» (1914), «Новая азбука» (1926 – 1928), методическое пособие «Баянши» (1926) и, конечно, книгу «Литературоведение» (1926). Этими важными работами А. Байтұрсынұлы вписал своё имя в историю культуры казахского народа.

Когда речь заходит о его разносторонней деятельности, Байтұрсынұлы называют блестящим литератором, педагогом, лингвистом. Он реформировал казахскую письменность на основе арабской графики, дал возможность пользоваться ею миллионам казахов, живущих за границей. Его заслуги в том, что он исключил из алфавита все чисто арабские буквы, специфические для казахского языка. Новый алфавит, получивший название «Новая орфография» («Жана емле»), до сих пор применяется казахами,

живущими в Китае, Афганистане, Иране. Ахмет Байтурсынулы не останавливался на этом, продолжал свою деятельность в этом направлении, в частности разработал основы казахского языкознания, научную терминологию для определения казахской грамматики [12].

В период учёбы в школе и в последующие годы (особенно в Оренбурге) он испытывал большие финансовые затруднения. Но всё же, сумев окончить школу, в 1895 – 1909 гг. преподавал в аульных волостных училищах уездов. В Костане он жил в доме лесника, где полюбил его дочь Александру Ивановну. Они поженились. Брак их был совершён по-мусульмански в Костане.

Здесь она, изменив своё имя и фамилию, стала Бадриссафой

Мухаметсадыковной Байтурсыновой. Некоторое время Ахмет Байтурсынулы работал в Костане в русско-казахской школе. Переехав оттуда в Омск, затем Каркаралинск, с 1905 года активно включился в политическую деятельность. Здесь он стал одним из авторов «Каркаралинской петиции», в которой декларировались требования прекратить экспроприацию земли у казахов, приостановить поток переселенцев, учредить народные земства.

Наряду с многосторонней деятельностью, много труда он вложил в образование казахских детей. Немало сделал и в части переводов произведений русских классиков на казахский язык, в частности переводил из И.А.Крылова, А.С.Пушкина и других русских поэтов. А.Байтурсынулы стремился придать басням Эзопа – Крылова своеобразное киргизское обличье. Именно по его переводам в казахской степи эти басни знал фактически каждый казах.

В 1907 г. А. Байтурсынулы в первый раз был заключён в тюрьму за критику царской администрации, а в 1909 г. уже

вторично заключён на 8 месяцев без суда в семипалатинскую тюрьму. В 1913 г. Байтұрсынұлы вместе с бывшим депутатом Первой Государственной Думы Алиханом Бокейханұлы и писателем Миржакыпом Дулатовым основали в Оренбурге газету «Казак».

В январе 1916 года Ахмет Байтұрсынұлы участник заседания мусульманской фракции Госдумы. Свою точку зрения на отношение народа к Февральской и Октябрьской революциям Байтұрсынұлы сформулировал так: «Насколько казахам была понятна Февральская революция, настолько Октябрьская революция оказалась им непонятной. Первую казахи приняли дословно и восприняли с радостью, потому что она избавила их от эксплуатации и угнетения царских властей, в них укреплялась давняя мечта о самоуправлении. Осторожное отношение казахов к Октябрьской революции Байтұрсынұлы объяснял отсутствием в обществе капиталистических отношений и соответствующих классовых слоёв общества [11].

В 1917 году на двух Общекиргизских съездах в Оренбурге он участвовал в создании казахской партии «Алаш» и стал одним из организаторов и руководителей правительства Алаш-Орда. Заметим, что алашевцам посвящена отдельно изданная книга в Азербайджане [1].

В 1920 г. Байтұрсынұлы, написав письма В.И.Ленину, подверг резкой критике первые шаги Советской власти в Казахстане. В то же время в качестве члена Казревкома он принял активное участие в установлении границ между Казахстаном и Россией.

В апреле 1920 г. Байтұрсынұлы подал заявление о вступлении в РКП(б), но в 1921 г. вышел из партии из-за разногласий с большевиками.

В июне 1929 г. во время творческой поездки в Кызыл-Орду ему вменялся в вину тот факт, что три года назад на съезде тюркологов в Баку, он встречался с зарубежными учёными, подзревался в шпионаже, а также уличался в сепаратизме, контрреволюции и подготовке вооружённого восстания [10].

Находясь в заключении, на вопрос следователей он отвечал так: «Мой идеал – по возможности выше поднять благосостояние

и культуру казахского народа, а так как это благое дело находится на стадии начинания, я преклоняю голову перед той властью, которая удовлетворит моё желание».

Ахмет Байтурсынулы всю свою жизнь посвятил просвещению народа. Однако он вновь был арестован по обвинению в националистической антисоветской деятельности, приговорён к расстрелу, два года провёл в Бутырской тюрьме г. Москвы в ожидании казни, в январе 1931 г. замененной ссылкой на 10 лет в Архангельскую область. Только в 1934 г. по ходатайству Международного Красного Креста, он получил возможность вернуться в Алма-Ату, воссоединиться с семьей. 8 октября 1937 года А. Байтурсынулы был вновь арестован и 8 декабря 1938 года расстрелян как «классовый враг» по обвинению в связи с террористической организацией – тюркской народной партией [9]. Только спустя 50 лет, точнее 4 ноября 1988 года Верховный суд Казахстана реабилитировал А. Байтурсынулы за отсутствием в его действиях состава преступления [9].

К сожалению, на протяжении длительного периода имя такого выдающегося человека, как Ахмет Байтурсынулы, по воле трагической судьбы, замалчивалось (почти 70-ти лет), как имена других репрессированных деятелей «Алаш-Орды», объявленных «врагами народа».

Казахские просветители по сути, будучи под колониальной системой обречены были жить судьбой просветителей того народа, под оккупацией которого находились и вынуждены были жить. Поэтому и с указанной точки зрения поучительна жизненный путь А. Байтурсынулы. Крупный алашевед акад. М. Койгелдиев пишет о том, что в период своей активной общественно-политической деятельности, когда он вёл борьбу в области реформы алфавита, за свои умные публицистические работы, и как теоретик литературы, чаще других, как в период царской России, так и в период советского режима, большую часть своей жизни он преследовался [3, 33].

Выше мы отмечали, что А.Байтұрсынұлы был одним из основателей и издателем газеты «Казак». Царское правительство мешало нормальному изданию газеты. А когда в 1913 – 1918 гг. губернатор города Оренбург трижды оштрафовал газету «Казак» на сумму в размере 4500 рублей, это средство в сумме 5, 10, 50, 100 рублей было внесено в губернаторский счёт представителями народа, в результате чего читатели спасли А.Байтұрсынұлы от отбывания срока за тюремными решетками.

М. Койгелдиев пишет, что судьба А. Байтұрсынұлы во многих отношениях похожа на судьбу Н.Г. Чернышевского. Он, также и как Чернышевский, не боялся озвучивать свои воззрения и идеи, относительно невыносимости жизни своего народа. Работая на высоких должностях, он держался также и как Чернышевский, поэтому представители власти боялись его решительных действий.

Из изложенного явствует, что Ахмет Байтұрсынұлы всегда стоял на национальных позициях, выражая на всех уровнях интересы своего народа. Работая вместе с А. Бокейхановым и М. Дулатовым, издавая первую общенациональную газету «Казак», которая выступала против передачи русским крестьянам-переселенцам лучших земель, газета в то же время предостерегла от поспешного перехода кочевых аулов к оседлости, знакомила с методами ведения земледелия и животноводства, призывала к единению народа и активной политической борьбе, повышению грамотности и культурного уровня населения.

Как указывается, в стенографическом отчёте Первого Всесоюзного Тюркологического съезда, проведённого в Баку с 26 февраля по 5 марта 1926 г. с большим интересом был заслушан доклад А.Байтұрсынұлы. На этом съезде он сделал доклад как казахские научные и литературные работники строят терминологию для языка, литературы и культуры народа, какого принципа они придерживаются в выработке терминологии.

К месту отметить, что профессор С. Садыгова относительно отдельных тезисов доклада А. Байтурсынулы, сделанного на Первом Всесоюзном Тюркологическом Съезде, особенно проблем, касающихся терминологии, совсем недавно опубликовала весьма солидную статью под названием «1 Тюркологический съезд и система научной терминологии на тюркских языках, где достаточно внимания уделяется докладу этого крупного казахского просветителя» [7, 16-26].

Продолжая своё выступление на съезде, Байтурсынулы коснулся и много других вопросов, в частности считал, что в наше время лучшим фундаментом жизни является культурный фундамент, поэтому вся жизнь современных передовых государств строится на фундаменте культуры... По его мнению, там, где культура слаба, земля приносит меньше урожая, машины работают хуже, промышленность и торговля мало развивается, борьба с болезнью и смертностью малоуспешна, природа подчиняется мало или совсем не подчиняется, и стихийные её силы для людей разрушительны и разорительны [2, 206-207].

Выступая на Съезде, А. Байтурсынулы говорил: «В наше время культура есть глубокая жизненная потребность. Не основанная на культуре жизнь подвержена всяким случайностям [2, 207]. Для примера он обратился ужасной голодовке 21-22 гг. в России. Здесь же Байтурсынулы подчеркивал, что в жизни России таких голодовок было много. Исходя из этого тут же задавал вопрос: «Чем объяснить подобное явление? Сам же отвечал, конечно, малокультурностью населения. Всё это со всей очевидностью говорит о слабости в стране культуры [2, 207].

По его мнению, современная культура не есть создание одной какой-либо нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения, имеются заимствования, а на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного [2, 207]. Кроме этого, он полагал, что сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность

наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчает процесс заимствований и смешения культур [2, 207].

А. Байтұрсынұлы высказывал мнение ещё и о том, что русская духовная культура, благодаря политике русского правительства не оказала никакого влияния на развитие духовной жизни тюркских народностей в России. Заимствования духовной культуры происходило между самими тюрками [2, 208]. А. Байтұрсынұлы в своём докладе особо коснулся вопросов грамотности казахов. Он писал: «Мы, казахи, (правописание сохраняется – Н.М.Т.) с самого начала возникновения своего печатного слова стали держаться иного принципа, чем другие. Мы имели в виду всегда народную массу и старались, чтобы произведения печати были в полной мере доступны всем мало-мальски грамотным казакам, а через них и неграмотным. Мы старались, чтобы каждая мысль, брошенная в толщу населения, могла быть подхвачена каждым, чтобы зародить в массе интерес к знанию и зарядить его сознанием для правильного понимания окружающей действительности [2, 209].

Здесь же следует напомнить о том, что Ахмет Байтұрсынұлы на Первом Всесоюзном Тюркологическом съезде был включён в состав комиссии для подготовки решения по вопросам орфографии, куда входили такие известные лингвисты, как проф. Л.Н. Щерба, Л.И. Жирков, Г. Ибрагимов, Ш. Рахими, Ф. Агазаде, У. Алиев, Б. Чобанзаде, Г. Габиллов, М. Гельдиев, Н. Яковлев и Г. Эюбов [6, 143-144].

Таким образом, подытоживая свои наблюдения относительно разносторонней деятельности Ахмета Байтұрсынұлы, мы пришли к выводу о том, что он, как настоящий просветитель, учёный, лингвист, реформатор казахского алфавита, терминологии, рождённый новой волной казахского национального движения начала XX в., сыграл огромную роль в развитии культуры родного народа, в чём ему помогли безмерная любовь к казахам, сила воли, смелость в приобщении народа к культурным ценностям не только родного казахского, но и ценностей народов Европы.

ЛИТЕРАТУРА

1. Alaş-Orda: qazax dövlətçiliyinin tarixində əhəmiyyəti. Baş redaktor və tərcümə edən Nizami Məmmədov Tağısoy. Bakı, “Şərq-Qərb”, 2018, 136 s.
2. Доклад А.Б. Байтурсуна о принципах казахской терминологии // Первый Всесоюзный тюркологический съезд. 26 февраля – 5 марта 1926 года (Стенографический отчет). Баку, АССР, 1926, с. 206 – 211.
3. Koygeldiyev M. “Alaş-Orda” çar hakimiyyətinə alternativ siyasi qurum kimi // Alaş-Orda: Qazax dövlətçiliyinin tarixində əhəmiyyəti. Baş redaktor və tərcümə edən Nizami Məmmədov Tağısoy. Bakı, “Şərq-Qərb”, 2018, s. 27 – 49.
4. Кыдыралина Ж. От Алаш Орды к Независимости Казахстана: преемственность идей.
5. Kıdıralina J. “Alaş Orda”dan Qazaxıstanın müstəqilliyinə qədər: ideyaların vərsəliyi // Alaş-Orda: qazax dövlətçiliyinin tarixində əhəmiyyəti. Baş redaktor və tərcümə edən Nizami Məmmədov Tağısoy. Bakı, “Şərq-Qərb”, 2018, s. 123 – 130.
6. Naciyeva İ. Dil quruculuğu və I Bakı Türkoloji Qurultay (dərs vəsaiti). Bakı, “Elm və təhsil”, 2019, 218 s.
7. Sadıqova S. I Türkoloji qurultay və türk dillərində elmi terminologiya sistemi. Azərbaycan Respublikası Nazirlər Kabineti yanında Terminologiya komissiyası // Terminologiya məsələləri, № 1. Bakı, “Elm”, 2021, s. 16 – 26.
8. Ахмет Байтурсынов – kazlib.kz
9. Ахмет Байтурсынов...kraeved.kst.kz
10. Ахмет Байтурсынов: ...Контент сайта oturar.kz. Получ
11. Ахмет Байтурсынов e-history.kz – QAZAQSTANTARINY
12. Биография Ахмет Ба... peoples.ru
13. Общественная и политическая деятельность казахской интеллигенции в начале XX века. Общественная и п...stud...kz

Nergis BİRAY,
Prof. Dr. Pamukkale Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi
Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü
Denizli, TÜRKİYE

ANA DİLİ BİLİNCİ, KİMLİK AHMET BAYTURSINULI

Dil yaşayan bir varlık, toplumsallaşmayı sağlayan bir iletişim aracıdır. Dil insanlar arasında anlaşma işlevi gören, bireyin kişisel ve toplumsal gelişiminde etken doğal bir araçtır. Kendine has kanunlar etrafında gelişme gösteren gizli bir *antlaşmalar sistemi, seslerden örülmüş toplumsal bir müessesedir* (Ergin 1977: 1). Onun ‘genel, işlevsel ve manevi’ yönleri vardır. Genel olarak seslerden veya ses gruplarından oluştuğu şeklinde tanımlanan dil, bu ses birlikleri vasıtasıyla bir süreç içerisinde insanlarda bir şeylerin hayalini uyandırır. İşlevi açısından ele alındığında ise sadece bir araçtır. Manevi olarak da bütün yaşadıklarımızın, hayat maceramızın somut bir görüntüsüdür ve bu özellikleriyle her millete ait tarihi bir olgunun özetidir (Kaplan 1983).

Kimlik nedir?

Kimlik, kendine özgü niteliksel özellikler taşır ve aitlik bildirir. Kimlik ile milli kimlik iç içedir. Kimlik, bireylerin kültürlerini de yaşadığı çevredeki sosyal konumlarını da statülerini de karşılayan, genel olarak inandıkları şeyleri, tutumları, değer verdikleri yargılar gibi onların hayat biçimlerini simgeleyen bir olgunun alt basamağıdır. (Yazıcı Ersoy 2016: 562).

Kimliğin üç boyutu vardır: Resmi kullanımdaki boyutu. Bir insanın içinde yer aldığı ve yetiştiği sosyal ortamda bir süreç içerisinde kendisi ile ilgili tercihlerini ifade ettiği bireysel boyutu. Yaşanılan sosyal grupta kazanılan değerlerin yer aldığı kültürel boyutu (Aksoy 2013: 153). Kimlik başlangıçta bireysel olsa da zamanla topluma mal olmaktadır.

Kimlik kavramında asıl üzerinde durulması gereken nokta dildir. Grup ve oradan hareketle millet oluřturmanın aracı da dildir. Assmann bunu *Dil, bir grup oluřturmanın en asil aracıdır* (2015: 148) řeklinde ifade eder. Asıl itibarıyla kimlik kavramının oluřumunda rol alan en deęerli řey de dildir. Dili kullanan nasıl insansa ve dil, nasıl insanın dolaylı olarak da toplumun malı ise, onu iřleyen de deęiřtirme kabiliyetine sahip olan da yine insandır. Dil ve kimlik birbiriyle ii ie girmiř, birbirinden ayrılamayan yakından baęlantılı kavramlardır. Dil, bir bireyin kimlięini řekillendiren en önemli unsurdur. Bu řekillendirme yanında kimlięi kuran da onu koruyan da yine dildir.

Ana dili nedir? Ana dili bilinci nasıl edinilir?

“Ana dili” bir bireyin iinde doęduęu ve büyüdüęü aile ya da toplum evresinde ilk öğrendięi dildir. Kiřinin ocukluk döneminde edindięi ya da kazandıęı, aynı millet ierisinde ortak olarak kullanılan dildir. Ana dili, her toplum iin öğretim en önemli aracı konumdadır.

Ana dili bireyin kimlik kazanmasını saęlar. Ana dili, iinde konuřulduęu toplumun tarihini ve kùltürünü gelecek nesillere tařır. Milletleri millet yapar (Kaplan 1983: 45). Milletleri sosyal olarak ayıran unsurlardandır. Dil, milletin kùltürle ilgili deęerlerindedir. Ana dili, duygu, dùřünce ve kùltürümüzün, kısacası kiřilięimizin aynasıdır. Ana dili bilincinde olmak ve ana dilini sevmek, aynı millete mensup kiřiler arasında ortak bir dùřünce sistemi, kainatı birlikte aynı řekilde anlama ve kavrama yeteneęi oluřturur. Anadili eęitimi, ocuęun biliřsel geliřiminde etkili olduęu kadar kiřilik geliřimini de saęlar. Dil öğretilimi demek, dùřünce öğretilimi demektir.

Ana dili bilinci ana dilin resmi dil olarak kullanılması ile, devlet kurumlarında ana dilin kullanımının desteklenmesi ile, ana dili alıřmalarıyla, yazı dilinin düzenlenmesi ile, dięerleri de ana dili ile olmak řartıyla ilk kademedeki eęitim öğretimdeki ders malzemesinin ana dili ile kaleme alınması vasıtasıyla kazanılır.

Ana dilini yazılı ve sözlü olarak doęru kullanabilen vatan-dařların yetiřtirilmesi devletin eęitim sistemine yönlendirdięi ve üstlenmesini istedięi bir sorumluluktur. *Kiřinin etrafındaki insanlarla iletiřim kurabilmesi, sosyal bir varlık olarak toplum ierisinde ken-*

dini ifade edebilmesi, bireysel gelişimini tamamlayabilmesi ve hayatın her aşamasında başarılı olmasının yolu iyi bir ana dili eğitim ve öğretiminden geçmektedir (Kayaalp, 1998:89).

Ana dili bilincinin kazandırılması için şunlar gerçekleştirilmelidir: Öğrencilere okuma sevgisi kazandırılmalı. Ana dili öğretimini sağlamak üzere öğretim programları, ders verme yöntemleri ve bunların içeriğini oluşturacak müfredat hazırlanmalı. Yöntemleri, müfredatı iyi bilen ve uygulayan öğretmenler yetiştirilmeli. Ders araç gereçleri, ders kitapları, okullar konusunda düzenlemeler yapılmalı, eksikler hızla giderilmeli. Söz varlığı çalışmaları yapılmalı. Ana dilinden sözcük ve terim türetilmesinin sistematik olarak uygulanması için çalışılmalı.

Ana dili ve kimlik ilişkisi.

Dil ve kimlik, bireyin dünyaya çıkış noktasında ontolojik (varlık bilim) bir dayanışma içerisinde *kendilik değerlerini kurgulayan insanı* bütünler (Kanter 2010: 115).

Birey içine doğduğu ve içinde yetiştiği toplumun değer yargıları ile şekillenen kültür çerçevesinde bir kimliğe bürünür ve dili ile milli kimliğini sergiler. Hayata dair her şey kültürel öğeler barındırır. Kültürel farklılıklar bu açıdan devreye girerek milli kimliğimize işaret eder. Kaybolan diller, aynı zamanda bir toplumsal kayıptır ve yok olan kültürleri de simgeler. Kişinin anadili hâkimiyetinin azalması kendi kültürüne, benliğine ve kimliğine yabancılaşması anlamına gelir. Kişi, kendini ait gördüğü toplumsal karakteristiklerden uzaklaşırken çevresine de yabancılaşır ve dünyaya bakışını ve algılayışını yeni edindiği dille geliştirir.

Kimlik hem kültür hem de içinde çevremizle birlikte şekillenen çok yönlü inanma, belli tutum sergileme ve değerlerden oluşur. Kim olduğumuz sorusuna verdiğimiz cevap da bunlarla doğru orantılı olarak içinde bulunduğumuz sosyal yapıyla bağlantılıdır. Sosyal hayat içinde diğer kişilerle oluşturduğumuz ilişkiler, birbirimizin tesirinde kalışımız ile elde ettiğimiz bu nitelikler kimliğimizi meydana getirir. Bizi biz yapan da budur. Karaduman'a göre *ötekinin bakış açısıyla biz, "kimliğimiz"dir*. Onun Weeks'ten alıntılıdığı bilgiye göre de *kimlik, bazı insanlarla nelerinizin ortak olduğuna ve sizi başkalarından neyin farklılaştırdığına ilişkin ait olma sorunudur* (Karaduman, 2010: 2887).

Kültür ise kimliğin biçimlenmesini sağlayan ana etkidir. Kişilerin sosyal yapı içerisinde elde ettikleri değer yani kimlikleri, sahip oldukları kültür vasıtasıyla teşekkür eder. Aynı kültür çevresinden gelen ve ortak kültürel kökene sahip kişilerin dil kullanımları, birbirlerine karşı davranış şekilleri ve tutumları, onların kimlikleri arasında gerçekleşen ilişkilerle bağlantılı izler taşır. Hayatın akışı içinde yeni roller, elde edilen yeni kimlikler vasıtasıyla yeni diller de öğrenen insan, bu akışı bilinçli şekilde yönlendirdiği müddetçe ‘ben’ olarak varlığını korur ve var olmaya devam eder. İçinde yaşadığı sosyal hayatın kendisine kazandırdığı özellikleri kimlik, kimliğini ise dil olarak karşısındakilere yansıtır. İnsan, dilini koruyabildiği müddetçe kökenine de kimliğine de bağlı kalır. *Kimlik, yüzeysel olarak kısaca kişilerin ve çeşitli büyüklük ve nitelikteki toplumsal grupların “kimsiniz, kimlersiniz?” sorusuna verdikleri cevaplardır* (Güvenç, 1993, s. 3). Dil ise, bu kabullerle kültürün ve tabii ki de kimliğin devamlı ve sürekli olmasını mümkün kılar.

Ahmet Baytursinuli’nin Ana Dili ve Kimlik Konusundaki Çalışmaları nelerdir?

Baytursinuli’nin ana dili ve bağlantılı olarak kültür ve kimlik konularındaki çalışmalarını iki açıdan ele alabiliriz:

- a. Bu alanlarda yapmış olduğu çalışmalarını inceleyerek.
- b. Makaleleri ve kitaplarında işlediği konulardan hareketle. Şimdi bunları görelim.

A. Ana dili, kimlik ve kültür alanında yayınlarından hareketle görüşleri: Baytursinuli, Alaş Orda’nın eğitim ve dil politikalarının teorisyeni ve kaleme alıcısıdır. Bu alandaki çalışmalarını şöyle sıralayabiliriz:

Baytursinuli’nin Kazakça (ana dili) alanında yaptığı çalışmalarını ile çağdaş Kazak dili ve edebiyatının temellerini attığını görüyoruz. O, öğretime yönelik araştırmaları başta olmak üzere alfabe ve ders kitapları, imla, terim bilimi, halk eğitimi ve kültürü ile ilgili çalışmalar yapmış ve Arap alfabesinin ıslahı için gayret sarf etmiştir. Ders kitabı olarak ‘Okuv kural’, terim türetme yolları ile ilgili dilbilgisi konularını yazdığı ‘Til kural’, alfabe öğretimi için kaleme aldığı ‘Bayanşı’, dil bilgisi kitabı olarak ‘Til tanıtıkış’, konuşma, okuma ve yazı dilinin

kullanımı için yazdığı ‘Til jumsar’ gibi eserlerini bu grupta saymak mümkündür (Biray 2014: 62-69).

B. Onun makaleleri ve kitaplarında işlediği konulardan hareketle görüşleri:

a. *Okuma sevgisi:* Öğrenmek eğitimle mümkündür. Eğitim ve okuma edebiyatı; edebiyat okumayı güçlendirir. Okumaya uygun eserler verilmelidir. “Kalam kayratkerleri jayınan”, “Jaña mektepti şıǵaruv kerek boldı” gibi yazılarında bu konuları işler. Bu dönemde eğitim öğretim meselelerine özel olarak yer veren “Jaña mektep” dergisi yayınlanır ve Baytursınulı orada da yazılar yazar.

b. *Dersler için müfredat oluşturulması ve yöntem problemleri:*

Rus okullarında Kazakça’nın okutulmayışı, Kiril harflerine geçiş süreci, ana diliyle eğitimin yapılmaması gibi konuları ele aldığı “Bastavış mektep”, eğitim programlarının olmadığı ve planlı hareket etmek için de bir an önce yapılması gerektiğini dile getirdiği “Mektep kerekteri”, ‘bavlıv mektep’ yöntemi ile ‘öli okuv’, ‘töte okuv’, ‘körneki okuv’ eğitim türlerini karşılaştırdığı “Bavlıv mektep”, alfabe konusunu işlediği “Baytursınulı Axmettiñ Arap elip-biyin jaktagan bayandaması”, eğitim yöntemleri konularını tartıştığı “Jalkılav ayırınkı ädis” ile “Jalqılavlı-jalpılav ädisi” gibi makaleleri, müfredat ve eğitim yöntemlerini işlediği yazılarıdır. Çocukların önce ana diliyle eğitim alması, kimlik kazanması, çocuğu merkeze alarak eğiten uygulamalı eğitim, program ve yöntem bilgisinin gerekliliği konularında yazılar yazar.

c. *Öğretmen yetiştirme konusunu* “Mektep kerekteri” makalesinde işler. Bu yazısında pedagojiden ve eğitim yöntemlerinden haberdar olan ve iyi eğitim veren öğretmenlerin yetiştirilmesi gerektiğini ifade eder.

ç. *Ders kitapları ve araç gereçleri* konularını “Mektep kerekteri”, «Şekispey, bekispeydi», “Kazaq arasında okuv jumıstarın kalay jürgizüv kerek” makalelerinde değerlendirir. Bu yazılarında okullardaki araç gereç eksikliği, Kazak diliyle yazılmış kitapların gerekli olduğu, Kazakça eğitim veren okulların açılması, Kazakça yayınlar yapılması, öğretmen ve gerekli görevlilerin eksikliğinin tamamlanması, eğitim ücretleri gibi konuları da ele alarak problemleri ve çözümlerini anlatır.

d. Kazakçanın söz varlığı: O, bu konuyu “Jalqlıvlı-jalpılav ädisi” başlıklı makalesinde ele almıştır. Yöntemle de ilgili olan bu eğitim yolunda sözcüklerin öğretimi de önem kazanmaktadır. Bu, öğretimde kısa sözcüklü türdür. Bu türün amacı çocuklara onlar için seçilen kısa sözcükleri okutabilmek ve yazdırabilmektir. Baytursinuli, sözcük öğretiminin önemini vurgulamış, az sayıda sözcükten yola çıkıp çok sayıda sözcük okutup yazdırılmalı diyerek bunun yollarını anlatmıştır.

e. Yabancı sözcüklere karşı ana dilinden terim ve sözcük türetilmesi konusunda çalışmalar yapar. Alaş aydınları, millî ilim dilini kurma ve geliştirme amacındaydı. Baytursinuli, ana dilinin zenginliklerinden hareketle Türk lehçeleriyle art ve eş zamanlı bağlantılar ve karşılaştırmalarla lehçeler arasında ortak terim alanı oluşturmaya çalışmış, Kazak millî terminolojisini oluşturmuştur. Ana dilin kelime kökleri ve işlek eklerinden terim ve kelime türetmiş, bulunamayan karşılıkları da diğer Türk lehçelerinden karşılama yoluna gitmiştir.

20. yüzyıl başlarında eserlerin Kazak Türkçesi ile yayımlanması işi, Kazak ilim hayatı için oldukça yeni bir gelişmedir. Bu tür ilmî eserler ve öğretime yönelik okuma kitaplarının ilk yayınları, Kazak ilim dili, terim çalışmaları, edebiyat biliminin kuruluşu, gelişmesi çabalarına emek veren “A. Baytursinuli, E. Omaruli, H. Dosmuhamdulı, M. Avezov, J. Küderin, S. Kanajuli, M. Duvlatuli, M. Jumabayuli, J. Aymavıtulı, N. Törekululi, K. Kemengeruli, Ğ. Karaş, K. Jelenov, T. Şonanuli” gibi birçok Kazak aydını tarafından gerçekleştirilmiştir.

Baytursinuli, “Kazak hem türlü meseleler” makalesinde ana diliyle eğitimin öneminden bahsetmiş, daha okuma yazmayı bile yeni öğrenen çocukların Rusça ve Kiril harfleriyle eğitim almasının doğru olmadığını söylemiştir. “Türk kurultayı” adlı yazısında da ‘usul-i ced-it’ sistemi doğrultusundaki öğretim sistemini, ses sistemli imla sistemini anlatmıştır.

Sonuç olarak

Baytursinuli ve Alaş aydınlarının başlattığı Türkçeleştirme ve ana dili bilinci oluşturma çalışmaları günümüzde de devam etmektedir. Ana dili ile eğitim tartışılmamalıdır. Kültür ve milli kimlik açısından önemlidir ve ana diliyle eğitim şarttır.

Gaspıralı'nın aydınlanma fikri ile Baytursınulı'nın Kazak eğitim sistemi için düşündükleri aynı temeldeki görüşlerdir.

Алаш insanları dil meselesini hiçbir zaman millet meselesinden ayrı düşünmemiş ve ayrı ele almamışlardır.

Kazak yazısını ve imlasını düzenleyen, çocukların milli eğitim alması ve ana diliyle eğitim yapmasının önemini vurgulayıp Алаш'ın fikri ve ilmi yönünü teori ve çalışmalarıyla kuran ve güçlendiren, bugünkü Kazak dilbilimi, terim bilimi, eğitim sistemi, Kazak folklorunun ilk örneklerinin derlenmesi ve sistematik olarak incelenmesini gerçekleştiren Baytursınulı'dır.

Bugünkü Kazak toplumu, Kazak eğitim dünyası, Kazak dilbilimi ve kültür dünyası Baytursınulı ve 'Алаш' ruhunu ve fikirlerini günümüze taşıyan bu kahramanlara çok şey borçludur.

KAYNAKÇA

1. Aksoy Mustafa (2013). “Kültür Sosyoloji Bağlamında Kimlik Pazarında Kültürel Kimlik”, *Türk Dünyası Araştırmaları*, 202: 147-160.
2. Assmann J. (2005). *Kültürel Bellek Eski Yüksek Kültürlerde Yazı, Hatırlama ve Politik Kimlik*. (Çev. Ayşe Tekin). Ayrıntı Yayınları, İstanbul.
3. Biray Nergis (2014). “Ahmet Baytursınulı Hayatı, Kültürel ve Edebi Faaliyetleri ve Eserleri”, *Şakârim – İlmiy-tanımdıq jurnal*, 2/23: 62-69.
4. Ergin Muharrem (1977). *Türk Dil Bilgisi -Eğitim Enstitüleri- Yüksekokullar ve Temel Bilimler Fakülteleri İçin*; Minnetoğlu Yayınları, İstanbul.
5. Kanter M. Fatih (2010). “Bahtiyar Vahapzade'de Dil ve Kimlik Bilinci”, *Erdem İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi*, 57: 115-121.
6. Kaplan Mehmet (1983). *Kültür ve Dil*, Dergah Yayınları, İstanbul.
7. Karaduman Sibel (2010). «Modernizmden Postmodernizme Kimliğin Yapısal Dönüşümü.» *Journal of Yaşar University*, 2886-2899.
8. Kayaalp İsa (1998). *İletişim ve Dil*, Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, Ankara.
9. Yazıcı Ersoy Habibe (2016). “Kimlik Oluşumunda Çocuk Oyunlarının Yeri: Başkurtlar Örneği”, *Milliyetletın Kesişme Noktası: İdil-Ural Çalıştay-II (16-18 Ekim 2015) Bildiri Kitabı*, 561-578, Kırklareli.

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Адам ғұмыры ғалам дамуының уақыт өлшемімен салыстырғанда тым қысқа, сәттік қана болып көрінгенімен, ол жасаған тіршілігінің мәні арқылы өз кезеңі ғана емес, мәңгілікке жол тартар рухани мүмкіндіктерге ие.

Әр дәуірдің, әр заманның бір туар тұлғаларын уақыт жасары хақ. Сондықтан да әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы – заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлай білген кемеңгер. Ол – бір басында сан-саналы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі, қиындыққа толы тартысты ғұмырында қараңғылықта қалған қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген бірегей тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес. А. Байтұрсынұлын күрескер қайраткер, ақын, журналист, ғалым, ағартушы-санаткер еткен де, біріншіден, халқына деген сүйіспеншілік, екіншіден, алысты болжаған көрегендік. Оның артына қалдырған бай мұрасын қарастырғанда, алдына қойған осы күрескерлік мақсатына байланысты бағалау ләзім.

XX ғасырдағы қазақ руханиятындағы кемеңгерліктің тұлғасы – Ахмет Байтұрсынұлының сан-салалы салқар санаткерлігіне тән бір сырлы құбылыс – шығармашылық. Бұл құбылыс, негізінен, құбылмалы дүниенің дүбірін дәл мезгілінде аңғарып, оны жыр жолдарының мазмұнына жүк еткен поэзиядағы ізденістерінен,

әдебиет мәселелері туралы ой-танымнан, сөз өнерінің теориясын қалыптастыруға қатысты жасаған ұланғайыр еңбектерінен көрініс табады.

Ахаң – ел азаттығы жолындағы жалаң күрескер ғана емес, сол күрес идеясының әдебиетте көрініс табуының негізін қалап, азаттық сарынның дәстүрлік алтын арқауын жалғаған шығармашылық тұлға. Қалай болғанда да алашшылдардағы азаттық идеяның тұғырнамасын жасаған Ахаң шығармалары екендігі дау туғызбаса керекті. Ел азаттығы жолындағы күреске үндеудің кезені пісіп-жетілгенін жете түсінген Ахаң поэзияны санада сарытап болған азатшыл ойларының жүректен жұлқынып шығар рухты үніне айландыра білді. Алдымен, ол күдік пен қудалау құтырынып тұрған заманда көз алдаудың әрекетін жасап, тағылым-танымы ұлтының табиғатына етене жақын мысалды тәржімалап, қаламының қарымын бір байқатады. Ахаң тәржімасы тәлімдік түйіндерімен ғана емес, перделенген ой астарындағы азаматтықты аспандатқан өзгеше сарынымен де өзіне тәнті етті. Орыстың атақты мысалшысы И.А. Крыловтан өз шығармашылығына өзек тартып, өрнек алған Ахаң мысалдан ұлт санасын оятар ділгір қажеттілік тауып, «алыстан сермеп, жақыннан тербеген» терең тәлімімен көзі қарақтының көкірек көзін ашты. Сондықтан да 1909 жылы Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» атты алғашқы жинағын туған халқы төл туындыдай жатсынбай қабылдады. А. Байтұрсынұлы Крыловтың 197 мысалынан әдейі 38 мысалын іріктеп алған. Екі мысалды («Ат пен есек», «Екі шыбын») И. Хемницер мен И. Дмитриевтен аударған. Оларды эстетикалық заңдылықтарға бағындырып, тұтас дүние етіп шығаруға тырысқан. Кітап қазақ халқын ауызбірлікке шақырды («Аққу, шортан һәм шаян»), надандықты сынады, қауіп-қатердің қайда екенін бағдарлап, ұйқыдан оятуды көздеді («Малшы мен маса»). Бар шығармаларға желі боп тартылған асыл ой – «оян, қазақ», «серпіл, қазақ», «теңдікке ұмтыл», «азаттыққа қадам бас!».

Ахметтің сол кезде алдына қойған екі мақсаты болды. Біріншісі – әлі де болса қараңғылықтың қалың ұйқысында мүлгіген

өз халқына ой тастап, білімге ұмтылуға шақыру, оның езгіде болу себебін, соған душар еткен басты кесапаттарын көрсету. Сондықтан ол мысалдардың қазақ ұғымына, тыныс-тіршілігіне сай, көркемдігі басым, ғибраты мол түрлерін таңдауға тырысты. Сол арқылы тек жаттанды ақыл, құрғақ үндеумен емес, ой-сананы оятар, жұғымды да өтімді, үлгілі өлең жолдарымен әсер етуге ұмтылды. Сондықтан да түпнұсқа мәтінінің толық сақталуына емес, мысалдың өлеңдік қуатына, поэтикалық әсерлігіне басты назар аударды.

Ахмет Байтұрсынұлының алдына қойған екінші мақсаты – халықты қоғамдық-әлеуметтік көкейкесті мәселелерді танып білуге үндей отыра, азаттықтың жолын аңғарту, бостандық күнге ұмтылуға жөн сілтеу. «Қырық мысалдағы» бұл астарды кезінде өз замандастары да жіті аңғарған. «Қырық мысал» қалың қазақ жұртының алғаш естіген төңкеріс рухындағы сөзі еді» [1], – дейді М. Әуезов.

В.Г. Беллинский өзінің Крылов шығармашылығына арналған бір еңбегінде оның мысал жанрын дамытуға қосқан үлесін көрсете келіп, творчествосына тән өзіндік ерекшелігін: «Тәрбиелік мәні басым мысалдарды сатираға айналдыра отырып, таза орыс мысалын жасады» (2, 715 б.), – дейді. Ендеше әрбір мысалшы өз шығармашылық ұстанымында ежелден келе жатқан мысал үлгілерін «таза ұлттық» ете білгенде ғана және сол мысалдардағы пернелей айтылған ой жұрт жүрегін оята алғанда ғана, ұлттық танымға сай шығып, көркемдік биікке көтеріле алады. Осы тұрғыдан алғанда, көзі тірісінде үш рет жарық көрген «Қырық мысал» жинағындағы Ахаң мысалдарын төл туынды санауға әбден болады.

Мысал жанрын зерттеушілер әлемдік әдебиет тәжірибесінде мысалдың ортақ 36 тақырыптық желісі бар деп біледі. Әр ел мысалшылары сонау ерте кезден-ақ бір-бірінің тың дүниелерін аударып, тақырып алмасып, ой бөлісіп дегендей, шығармашылық тұрғыдан тығыз бірлікте болған. Ежелгі Эзоптан бастау алатын бұл дәстүр содан бері жалғасын үзбей келе жатқаны бұлтарпас шындық. Бірақ қаншама тақырып тектес, тағылым үндес десек

те, қиыннан қисынын тауып, өзінің мәңгі өзгермес өрнегін салып кеткен туындыгерлер де аз емес. Крылов мысалдары түпнұсқада поэзиялық шығарма емес. Ол жайында М. Әуезов былай дейді: «Орыс әдебиетінде мысал /басня/өлең/стих/ емес. Ол өзі бөлекше жанр. Оның жол өлшеулері өлеңге тән өзгешеліктей болып, шумаққа да бөлінбейді. Әр кезде сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақышты, ырғақты, қара сөзіне бейім келеді. Қысқа қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желіге құрылады» [3, 216 б.].

Осы ерекшеліктерді орыс зерттеушілері де атап өтеді. Мысалды Крылов тыңдарманға бағытталған, көпшілікке арналған ауызекі жанр деп қараған. П. Вяземский: «Дмитриев өз мысалдарын жазады, Крылов оларды әңгімелейді» [4, 30 б.], – деген болатын.

Ал Крыловты аударған қазақ аудармашыларының бәрі, оның ішінде А. Байтұрсынұлы да оның осы ерекшелігін сақтамаған. Аударған сәтте орыс әдебиетінің өзіндік ерекшелігі бар жанры қазақша бөлекше сипат алып шыға келеді, тіпті баяндау, жеткізілу формасының өзі өзгеріске ұшыраған.

Ол жайында пікір толғаған сыншы Белинский Крыловтың мысалдарын ешқандай да шет жұрт тіліне аудару мүмкін емес, оларды тек қайта жасауға болады деп білген [2, 714 б.].

Демек, Эзоп, Федр, Бабрий, Лафонтен, соның ішінде Крылов мысалдары аударылғанда сол халықтың төл туындысына айналып кетіп отырады. Осы тұста Белинскийдің Крылов туралы тағы да бір пікірін келтіре кетейік: «Ол өзінің кейбір мысалдарының мазмұнын Лафонтеннен алғанымен, оны аудармашы деуге болмайды, өйткені оның таза орыстық табиғаты барлығын орыстық түрге қайта өндеп, орыстық рухтан өткізген» [2,151 б.]. Ендеше Белинскийдің осы пікірі Крылов мысалдарын аударған Ахметке де қатысты айтылғандай. Ахмет мысалдарды қазақы даналыққа толы ой-сана сүзгісінен өткізіп, өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінің бай дәстүрінің ең ыңғайлы, ең өтімді формасымен жырлаған. Сондықтан да Ахмет ақын Крылов мысалдарын қазақтың төрт жолдан тұратын он бір буынды қара өлеңімен

қайта жазып шығарған. Яғни крыловтық әңгімелеу, диалогтық құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген.

Мысал тарихында әр ел өз ақынын алға шығарғысы келген кездер де болған, бола береді де. Мәселен, сонау бір заманда француз Лемонтье жерлесі Лафонтенді ең ұлы мысалшы деп танығысы келсе, ұлы Пушкин: «Бірде-бір француз Лафонтеннен ешкімді жоғары қоюға жүрегі дауаламайды, бірақ меніңше біз Крыловты одан да жоғары қоя аламыз. Бұл екеуі де өз елінің мәңгілік сүйіктісі болып қалады» (5,20), – деп, орыс мысалшысын ұлы мысалшы деп таныған. Олай болса, әлемдік тәжірибеден тәлім алып, озық үлгідегі тәржіма жасаған, мысалға қазақ болмысын, қазақ рухын ұялата білген, сөйтіп, таза қазақы мысал туғызған Ахаңды неге ұлы мысалшылар санатына қоспасқа? Бұған кейбіреулер Ахмет өз жанынан мысал жазған емес, ол жай ғана аудармашы ғой деуі мүмкін. Солайы, солай ғой. Бірақ әлгінде ғана сөз қылған Лафонтен де өз жанынан бірде-бір мысал шығармаған, бұрыннан бар нәрсені не аударып, не қайта жазып шыққан. Соған қарамастан француздар оны ұлы мысалшы деп біледі. И.А. Крылов 33 мысалының сюжетін Лафонтеннен алғанын мойындаған, яғни аударған десе де болады. Осы Крыловтан орыс түгілі өзіміз азырқанбаған «ұлы» сөзін Ахаңнан аяп қалғанымыз жөн болмас-ты.

Алғашында тәржіма арқылы ой жеткізудің жолын тапқан Ахаң енді төл туындыларын жарыққа шығаруға талпыныс жасай бастайды. Бұл іс аяқсыз қалмай, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты төл өлеңдер жинағы шығады. Біздіңше, кітаптың «Маса» аталуында екі түрлі мағына бар. Олар масаның қарекетінен көрініс табады. Туған халқын отаршылдық құрсауынан құтқаруда ұлтын сүйген азамат ретінде ашық күрес жүргізуге патшалық Ресейдің құйтырқы саясаты жол бермегендіктен, ақын өз өлеңдеріне «масаның» ызыңы мен уытын қатар қосып, сол арқылы ұлт санасын оятуға үміт артты.

Отаршылдық қасіретін тартқан халқының жігерін жанудың не түрлі амал-тәсілдерін сын мен сынақтан өткізген Ахаң ұлтты ұйытар, ой-санаға серпіліс әкелер ең өтімді құрал өлең құмар қа-

зақтың жанына жақын құдіретті поэзия екенін жақсы түсінген. Сол тұстағы ортаға тасталар ойдың түп қазығы «Оян, қазақ!» деген ұранға айналған рухты сөз еді. Сол сөзді алғаш ту көтеріп, ұлы ұғымға айландырған, «Аш көзінді оянып!» деп, «Қырық мысал», Маса» кітаптары арқылы елге салмақты ой тастаған Ахаң болатын. «Қырық мысалда» бүкпелей жеткізілген көп жайлар «Масада» өзгеше өрнек тауып, ашық та анық айтылып, қоғамдық санаға ықпал етуге жаңаша жол ашты.

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Қамауда жаның,
Талауда малың,
Аш көзінді оянып!

Бұл қазақ поэзиясына Ахаң әкелген өнегесі мол, өрісі кең өзгеше сарын. Оның жаңашылдығы өлеңнің өрнегінде емес, өзегінде. Жұрт көкірегіне қонақтар кесімді пікірді ашық айтып, шерлі жүрекке қасіреттен тұтанар үміт отын жаға білуінде. Ой жадағай айтылмай, өлеңдегі көркемдік пен бейнеліліктен ажарлана түсіп, санаға салар салмағын арттырып, жүректің тереңіне бойлап, көңілді түртіп оятар құдіретімен тәнті етеді. Расын айтқанда, Ахаң арқылы қазақ өлең өлкесіне азатшыл сарын келді. Ол жалғыз келген жоқ, Міржақыптай арналы ағысты ала келді. Азатшыл сарынның арнасы Мағжанмен кеңіп, Берниязбен толықты.

Ұлы Ахаң азатшыл ойды қазақ жырына алғаш болып арқау етсе, елең еткізер өзгеше сарынның сырын алғашқы боп аңғарған ұлы Мұхаң. Ахмет Байтұрсынұлын қазақ зиялыларының шын мәніндегі көшбасшысы деп білген Мұхтар Әуезов ұлы тұлғаны рухани көсем деп танып, сан қырлы саңлақ дарын атқарған іргелі істердің әр бағытына баға беріп, пікір білдіріп, інілік ілтипатын үнемі сездіріп отырған. Ахаң поэзиясының асыл қасиетін тап басып танып айтқан оның мына бір: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры

екендігі екінің біріне мәлім бола бастаған. әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын» (1) деген тұжырымы жоғарғы ойымыздың дәлеліндей.

Қазақтың кешегі-бүгінгі өзге «көсемдерін» қайдам, ал енді Ахаңды үлкен-кіші, аға-іні түгел сыйлап, тіпті түпкі мақсаттары бірлік танытпайтын қарсыластарының өзі ол кісінің халқына деген адалдығына, ұлты алдындағы ар тазалығына қалтқысыз сеніп, қатты құрметтеген. Мәселен, Ахаңның идеялық қарсыласы болып табылатын Сәкен Сейфуллин қашанда туралыққа жүгініп, тіліп айтар қасиетін танытып, ұстаздың 50-ге толған мерейтойында шындықтың жүзіне тура қарағанды. Әділетті жүректен шыққан сондағы сөздің сығындысы мынау: Сәкен Ахметтің азаматтық тұлғасын асқақтата отырып, ақындық құдіретін бір мысқалда кемітпеген: «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйетін ұлтшыл. Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім-зорлығымен күресіп, Крылов деген орыс жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсысына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап, «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды» (6). Сәкен де Ахмет поэзиясындағы азаттық күреске үндеген ұлы сарынды құлақпен ғана ұқпай, жүрекке сіңіре алған. Ахмет Байтұрсынұлы ақындығына тән бір сипат ол қазақ поэзиясының өзегіне күрескерлік рух сезіп, өнбойына азаттық сарынның дөңегін екті. Осы бір азатшыл идеяны бүкіл шығармашылығына желі етіп тартты.

Ахаң тағдыры да, өлеңі де жасандылықтан сау. Ол еркіндік үнін өлең арқылы шырқау биікке көтерді. Абайдан тәлім алып ғана қоймай, өзіндік сара жолын да әкелді. Қазақ поэзиясына Ахмет Байтұрсынұлы әкелген елдік, еркіндік, азаттық сарынын Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Бернияз, Сәкен, Илиястар азаматтық абыроймен көтеріп тың ізденістермен байытты, жаңа рухани биіктерге көтерді.

Ахмет поэзиясының арналы бағыты, қазақ әдебиетінде алар орны жайлы Міржақып Дулатов: «Ол қарапайым да түсінікті қазақ тілінде азаттық туралы, ұлт туралы, езілген, артта қалған қазақ ұлты туралы жырлады. Ол – қарсылықшыл ақын. Ол поэзиясын қазақтарды езген монархиялық Ресейдің саясатымен күресудің құралына айналдырды. Ішкі сұлулығы мен мазмұны жағынан, жинақылығы мен желілігі жағынан А. Байтұрсынұлы жырлары қазақ әдебиетінде бірінші орын алады» /7.19 б./, – деп өлеңдері өршіл рухымен дараланатындығын атап өткен болатын.

Тапшылдыққа қанша табынса да, Ахаңның қазақ жазба әдебиетіне жаңа сарын, жаңа үлгі әкелгенін таныған, Ғ. Тоғжановтың: «... Ахметті қазақ еңбекшілері ұмытпайды. Бір кезде «Сары маса болып ызындап оятқан Ахметті қадірлей біледі. Көбіміз сол Ахметтің бауырында өскенбіз. Сол кездегі Ахметтің әлі де ескірмеген үлгілі сөздері, үлгілі істері көп. Ахметтің тарихи ісіне, тарихи маңызы бар өлеңдерін әлі де біз үлгі қыламыз. Абай, Ахмет сықылды өз тұсына ие болған тарихи адамдарын қазақ еңбекшілері сыйламақ» /8, 29 б./, – дегеніне қосылмау қиын. Ендеше ұлы Абай салған сара жолды одан әрі дамытып, қазақ поэзиясына өзгеше сарын, бағдар-бағыттық ұстаным әкелген Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы кейінгі ақын-жазушыларға өзіндік үлгі-өнеге болары талассыз.

1923 жылы А. Байтұрсыновтың елу жылдық мерейтойына арналған мақаласында қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезов: «...Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің есімізде... Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін қазақ даласы әлі ұмытқан жоқ. Өлеңдегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті санасы болып, арқаның қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр» (1) деп, оның поэзиясындағы азатшылдық идеяны ту көтерген өлең жолдарының тот баспас асылдығын танытқан еді.

«Маса» жинағына енген өлеңдерден, әсіресе кейінгі басылымдарына енген өлеңдерінен азатшыл рух, 1905-1907 жылдардағы саяси толқулар мен рухани сілкіністерден қанаттанған тасқын күштің серпілісі ұшқын шашады. Ақын өлеңдеріндегі

азатшылдық сарын өлең жолдарындағы ішкі тегеурінде ширектен шымыр ойлар арқылы білінеді.

Ақынның азаматтық поэзиясынан оның өмірлік өзгерістерге белсенді қатынасы көрініс беріп, қоғамдық қайраткерлігін айқындай түседі. Поэзияның саяси-әлеуметтік мәнін арттыра түсуге, жетілдіре түсуге тырысуы – содан. Әсіресе «Қа... қаласына», «Жұртыма», «Ақын ініме», «Жауап хаттан» тәрізді өлеңдері оның қоғамдық қайраткерлік бағдарламасын мейлінше аша түседі. Оларда жеке басқа қатысты күйініші-сүйініштен, қасірет-қайғыдан гөрі халық қамын жеген азаматтық поэзиясының халықтық сипаты басым жатады.

Ахмет Байтұрсынұлы – шыншыл шығармашылық еңбектің иесі ғана емес, сөз құдіретінің құпиясына үңіліп, тылсым сырын ашқан, әдебиет атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама әдебиет зерттеушісі. Алғашында ауыз әдебиетінің жауһар жәдіргерлерін жинастырып, олар туралы тұщымды мақалалар жариялаған Ахаң, кейіннен жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу негізін қалаған ең көрнекті әдебиет зерттеушісіне айналды. Ғалымның сонау 1913 жылы жазған ұлы Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы шын мәніндегі абайтанудың негізін қалаған еңбек болып табылады. Ахметке дейін Кәкітай, Әлихандардың жазғандары бар екені рас, бірақ оларда Абай туралы жұртты хабардар ету, ақын өмірін баяндау мақсаты басым түсіп жатады. Ал Абай ақындығы алғаш рет Ахмет мақаласында жан-жақты талданып, толыққанды ашылғанын мойындауымыз керек. Ондағы таза талғам, айшықты талдау, терең таным абайтанудың әліппесін ашты десек болғандай. Кейінгі Мұхтар даналықпен жалғастырып, қазақ әдебиеттану ғылымындағы жеке салаға айналдырған Абай ақындығын танып-білу Ахаңнан бастау алады. Оның кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге желісін үзбей жалғаса береріне біздің сеніміміз мол.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеу ғылымына қосқан аса зор еңбегі – атақты «Әдебиет танытқыш». Бұл енді жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының бастау көзіне саналатын сындарлы дүние. Мойындайық, мойындамайық бүкіл әдебиетшілер осы

1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыштың» шекпенінен шықты.

Тағы да қайталап айтамыз, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттануының негізі. Өйткені ол – әдебиет тарихын, әдебиет әдістемесін, әдебиет әдіс-тәсілін, әдебиет ұғым-терминдерін, әдеби жанрлар жүйесін түгел түзген күрделі тарихи-теориялық зерттеу.

Ахаң осы еңбегінде асыл сөз – әдебиеттің басты қасиетін тап басқан «Сөз өнері» ұғымын тұңғыш ғылыми айналымға енгізді. Бұл ұғымның әдебиеттің әсемдік әлемін танып-білудегі атқарған қызметін айтып жеткізу қиын. Ғалым бұл ұғымды айналымға әдебиеттің өзге өнер түрлерінен артықшылығы мен ұлылығының айырымы үшін енгізген. Қараңыз: «... өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгірттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді». Бұл тұжырым нақтылығымен құнды.

Әдебиеттану саласы бойынша алғашқы болып жарық көрген бұл кітап – тұңғыш тәжірибе екендігіне қарамастан, ғылыми тұрғыдағы терең сипатта, кең көлемде жазылған жүйелі еңбек. Ұлы әдебиеттанушының ХХ ғасыр басындағы сөз өнері жайлы айтқан ой-пікірлері, ғылыми тұжырымдары, әдеби терминдер қалыптастырудағы ізденістері көп жағдайда бүгінгі күн сұранымдарына да жауап беріп жатуы, эстетикалық таным-білік биіктігін танытса керек. Сөзді көп созбай, тоқ етерін айтқанда, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының атасына саналар асыл мұра.

Біз жоғарыда қазақ халқының рухани көсеміне, айналған Ахмет Байтұрсынұлындай алаш ардағының ұлт үшін еткен ұшан-теңіз еңбегінің бір ғана қырына, әдеби-шығармашылық болмысын ашуға тырыстық. Мақсат Ахаңның азаматтық тұлғасының бір қыры арқылы кемеңгер кемелділігінің басты белгісін таныту болатын.

Ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі, туған

халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі.

Ендеше, баба тарихтың ұлы көш-керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айтып, бүгініне қанағат етіп, ертеңіне нық сеніммен қарай бастаған тұста Ахаң есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршендігімен халқын ғасырдан-ғасырға жаңылдырмай жетелер ұлы рухқа айналары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы // Ақ жол. – 1923. – 4 ақпан.
2. Белинский В.Г. Басни Крылова // ПСС. М.: Изд АН СССР, 1955. – Т. 4. – С.705-7032.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 16 т. – 312 б.
4. Степанов Р. И.А. Крылов // Крылов И.А. Соч.: в 2-х т.–М., 1969. – Т. 1 – С. 3-27
5. Пушкин А.С. О предисловии г-на Лемонте к переводу басен И.А. Крылова // ПСС. – М.: Правда, 1954. – Т.5. – С. 16-20.
6. Сейфулин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ – 1923. – 31 қаңтар.
7. Дулатов М. Байтурсынов Ахмет Байтурсынович. Общество изучение киргизского края. Вып. 3. – Оренбург, 1922.
8. Тоғжанұлы Ғ. Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы. – М., 1926. – 119 б.

**Зинол-Ғабден БИСЕНҒАЛИ,
ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының профессоры**

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТУРАЛЫ СӨЗ НЕМЕСЕ ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҰЛЫ ТІНІ

А. Байтұрсынұлы қазақ елі алдындағы заманауи тарихи-әдеби мәселелердің ірісі ретінде абайтануды айтты. Әрі оны қазақ елі алдындағы міндеттердің аса маңыздысы ретінде көрсетті.

Ұлы ұстаздың осы айтқандарын орындауға әлі күнге дейін асықпайтынымыз ойландырады. «Неге?» деген ойлар қамалағанда даяр тұрған жауаптарымыз да бар. Кеңес үкіметінің «қарғыс атқыр» отаршыл саясатының кесірі дейміз. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлының абайтану ілімінің негізгі бағыттарын көрсетіп берген «Қазақтың бас ақыны» (1913) мақаласынан бері ғасырдан артық уақыт өтті... Аз мерзім емес. Осы міндеттерді орындауға сол жылдарда қиындықтың көп болғаны шындық. Ең бастысы, отаршыл Ресей қарамағындағы елдердің оқыған, сауатты адамдарына сенбеуді күшейтті. Күмәндану мен күдіктену артты.

Озық ойлы, талантты жандардың шығармашылықтағы еркіндік туралы айтқандарын, ойларындағы бостандық туралы пікірлерін ұнатпады. Қоғамдық-гуманитарлық ізденістерде жүйелі түрде зерттеп, деректі дәлелдермен жазылған еңбектерді жоққа шығарды. Мұндай ғалымдарды қудалап, ресми идеологиялық басылымдарда «халық жауы» деп атай бастады. Оларды андуды қолға алды, айтқандарын жеткізіп отыратын тыңшы жағымпаздардың арнайы торын құрды... қауіптілерін қудалады, жазаларды, түрмелерге қамады.

Абайтану туралы сол замандарда білгендерін айта алмағандар патша үкіметінің әлгі қатыгез заңдары мен жөнсіз жазасынан үрейленді, қорықты, бұл қатыгез шындық еді. Тіпті қазақ

елін қанау мен тонаудың шектен шыққан жабайы түрлерін 1917 жылға дейін қолға алған патша үкіметінің жабайы саясаты Кеңес үкіметі кезінде де жалғасты. Бұл сорақы істерді айту түгіл ойлаудың өзі оңай болмады.

XX ғасыр басында күн санап күшейе бастаған кеңес үкіметінің ресми идеологиясы үкімет саясатынан өзге сөз, ойларды жоюды қолға алды. Тәуелсіздік, ұлттық мәдениет, әдебиет, мектеп, тіл туралы пікірлерді құлықсыз тыңдады. Амалсыздан қолға алуға тура іс-шараларға енжарлық танытты. Оның себептерін бүгінде айтып жатудың қажеті шамалы. Ресейдің отары болған барша елдердің жазушылары мен тарихшылары осы отарлық саясат кеселдерін үнемі атап айтып, тынбай жазып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы кеңес үкіметі кезіндегі қытымыр осы саясаттың бәрін көріп, біліп ортасында болды. 1919 ж. Қазақстан үкіметінің оқу комиссары ретінде ағарту істерінің басында болды. Өзінен басқаны тыңдамайтын қатыгез үкіметтің солақай саясатының сықпытын көрді, негізгі мақсатын ұқты.

Қарсылықтың ірі түрі ретінде Абай шығармаларының өзегіндегі тәуелсіздік, бостандық жайлы ірі ойларды қозғады. Азаттық пен тәуелсіздікті армандаған бостандық сүйгіш жандардың көңілін тербеген астарлы ойлардың күрделі көркемдігін меңзейтін өрнектерді оқу құралдарында, мерзімді басылым бетіндегі мақалаларында көрсетті. Қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарында, оқулықтарда Абай шығармаларын насихаттауды қолға алды. Басты мақсаты қазақ елін сауаттандыру болды. Бұл мақсатына жетуде Ө. Бөкейханұлы, Х. Досмұхамедұлы, т.б. саяси күрес жолындағы қайраткерлер істерін қолдады.

Бұл іске көрнекті қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері де үлестерін қосты. М. Әуезов, Б. Кенжебаев, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, Қ. Жұмалиев, А. Нұрқатов, т.б.

Әлихан Бөкейханұлы мен А. Байтұрсынұлы қазақ халқы ұлттық танымының мәнін, ерекшелігін, болашақ үшін маңызын Абай шығармаларында бейнеленген көркем мазмұннан көрсетті. Бұл қазақ елі оқырмандары эстетикалық әсерлерінің бағытын

өзгертіп, өркениетті елдер қатарына тез жеткізеді деген ойларға сенді. Алайда Кеңес үкіметі отарлық саясатының сұрқия тәсілдері оларға еш мүмкіндік бермеді.

Отар елдер мәдени мұраларын насихаттауды ойламаған мемлекет оны болашақ жоспарларына енгізуді қолдамақ түгіл ойланған да емес. Отар елдер мәдени мұраларындағы адамзат қоғамы туралы гуманистік ойларды, пәлсапалық өрнектерді жоққа шығаруға, теріс көрсетуге ұмтылды. Ресми үкімет бет алған отаршыл бағыттарынан қайтпады. Тіпті орыс әдебиеті классиктері А. Пушкин мен Ю. Лермонтов шығармаларынан кедейлер күресі туралы ештеңе таба алмай ілік іздеп, оларды оқытуға, зерттеуге алғашында тыйым сала басады да көп кешікпей амалсыз бас тартты. Абайтануды оқытудың қиындыққа ұшырауы осындай саяси күрес мәселелерімен тура байланысты еді.

Бірақ осы мәселенің бұлардан басқа да бағыттары бар еді. Абайтануды зерттеуші Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов пен Б. Кенжебаев, Ж. Аймауытовтарды ХХ ғасырдың басында қудалаудың астыртын бағыттары сұрқия зорлықтарға толы болды.

Абайтануды қолға алған ғалымдар ақын шығармашылығының өзегіндегі ұлттық рух бейнелеріне соқпай өте алмайды.

Бұл аса күрделі сөз – ұлттық рух ұғымымен Ахмет Байтұрсынұлы бозбала шығында ұшырасты. Қазақ қоғамына тән дәстүрлі шындық пен әділет туралы ойлардың бесігінде өскен Ахметтің бұл танымы 13 жасында-ақ көрген жолсыз, жөнсіз зорлықтан тас-талқан болды. Өмірге құштар бозбала аяусыз жаралды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас орыс ұлықтары көрсеткен жөнсіз зорлық пен қорлыққа шыдамай 1885 жылы 12 қазанда ояз бастығы полковник Яковлевті ат үстінен жұлып алып, соққыға жығады.

Іле қаладан жеткен патша үкіметінің жазалаушылары оларды бірден тұтқындап, түрмеге жауып дүние мүлкін тәркілеп, Сібірге 15 жылға жер аударады. Сібірге айдалып бара жатқан «өр мінезді, батыр тұлғалы, балуан денелі...» Байтұрсын баласы Ахметке: «Әділдік, шындық үшін күрес, оқы, білім ал., ол

сенің еркіндігіңді қорғауда қажет, ешқашан ұлттық рухыңды жоғалтпа», – деп, қабілетті баланы оқытуды ағайындарына аманат қылады. Зерделі баланың оқу, білімге сапары осыдан басталады.

1882-84 жылдар арасында ауыл молдаларынан дәстүрлі мұсылмандық негізде білім алады. Зеректігі танылған жасты ағайындары әкесінің аманатын орындап Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне береді. Оны 5 жылда үздік бітіріп шыққанан кейін, Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер дайындайтын мектепке барып түседі. 1991-95 жылдары сонда оқып ұстаздық кәсіптің әдіс-тәсілдерін меңгереді. «Халық мұғалімі» деген атқа ие болады.

Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады. Осы қызметте жүріп Патшаның отарлық саясатының мақсаты мен мәнін түсінеді. Оқытушы болып істеген жылдарда ағартушылық қызметті атқара жүріп саяси-әлеуметтік қоғамдық істерге араласады. Біртіндеп таным мен парасат әлеміне енеді. Енді әке сөзіне сай шындық пен әділет үшін күреске бел буады. Маңызды мәселер туралы өткір мақалалар мен өлеңдер жазады. Әдебиетпен айналысады: алуан-алуан кітаптар оқиды, аудармалар жасайды. Фольклорлық шығармалар жинайды; өлең-жырлары ел ішіне тарай бастайды. Білімді, оқыған жастың беделі өседі.

Кейін Қостанай уезіне оқытушы бола жүріп ойынан шықпаған маңызды мәселелер туралы пікірлеспек болып, оқыған сауаттылар арасында белгілі бола бастаған қазақ ауыз әдебиеті жинаушы Алекторовпен хабарласады. Онымен бетпе-бет сөйлеу үшін Омбыға барады. Оның қазақ елі туралы ойлары мен мақсатының Ресейдің отаршылық саясатынан алыс емес екенін, И. Ильминскийдің миссионерлік саясатын толық қолдайтынын білген соң қазақ елінің тағдырының аса қиын екенін сезеді.

Ұлттықрухқажолонайболақойғанжоқ.«...АхметБайтұрсынұлының ендігі тағдыры қыл үстінде тұрған халқының қамын ойлап, жанкешті жолға түсу мен азаматтық кемелділіктің мұншама шырқау биігіне көтерілуінің сырын тек тумысынан ерек қабілет пен абзал жүрекке ие азаматтың айрықша ыждаһаты мен мігірсіз

ізденістерінен іздегеніміз орынды. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлт тәуекелінің түгел оянуына түрткі болды. Ол бір өлеңінде: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам, алданып жегеніме оны ұмытсам, болғандай жегенімнің бәрі харам», – деп жазды. Расында да, оның өз басына жасалған сол бір көзапара зорлық ел басына түскен көзапара қорлықтың түп төркінін түгел бажайлап тануына себепші болған сияқты» [1.164].

Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдері үшін қуғын көре бастайды, оны айыптайды. Бұл шамамен 1890 жылдардың тұсы болатын, Абай туралы алғашқы әңгімелерді осында еститін болса керек!

1905 ж. Қазақстан қоғамдық өмірінде өзгерістер басталды.

Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенттері, басқа қалаларда оқып жүрген жастардың және ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендердің арасында өзгеріс рухы жайылып, олардың қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері осы оқиғалардан кейін өсе бастайды. 1905 ж. Ахмет Байтұрсынұлы мен сауатты оқыған азаматтар бас қосып кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жолдайды. Онда жазылған сөздер мал-мүлкі мен ата қонысынан айырылып аяусыз қанау мен қорлық, зорлықтан көз ашпаған қазақ елінің мұң-зарына, қасіретіне арналған мына сөздер болатын: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді; екінші – қазақ жұртына земство беру; үшінші қазақ халқын орыс қылмақ отаршылар саясатынан құтылу; (сол заманның, күннің пәрменді құралы мұсылман жұртының қосылу, қазақ жұртын мүфтилікке қарату еді. Діні мен ділі өзге отаршылардың халықты жойып жіберуге бағытталған сұрқия саясатынан құтылу, барлық сауатты мұсылман баласының ойында жүрген үлкен мәселе – арман еді.) Осы мақсатқа тілеулес қазақтардың көп болғаны сонша, бұл арыз – тілек (петиция) ел ішіне тез, кең тарап көпшіліктің оянуына себепші болды.

Ел қамы деген сөздер қоғамдық санада алға шықты! Ел мұңын қозғау – Ахмет Байтұрсынұлы аузынан түспеген сөздер

оның барлық шығармаларында көрініс тапты. Елшілдік ұғымы сауатты, оқығандар ұранына айналды. (Егемен ел болу ұраны ғой!) Оянған ұлттық рух ел ішінде туған жер мен ата мекенге, ата-ана мен еліне арналған қасиетті қастерлі, аруақты сезімді бостандыққа шығарды. Ахмет Байтұрсынов есімі елге жайылды.

Бірінші Орыс революциясының (1905 ж.) саяси ұрандарына еріп, үкіметке қарсы көтерілген жұмысшы, шаруалар жеңіліске ұшыраған соң оған қатысушыларды қуғындау басталды. Осындай қимылдар Қазақстанда да бас көтерген болатын. Саяси қозғалыс әлсіреткен Уақытша үкіметтің дәрменсіздігін пайдаланған қазақ оқығандары тәуелсіздік идеяларын көтерді. Ахмет

Байтұрсынұлы «Қырық мысал» жинағын жариялап, бостандық, тәуелсіздік туралы ойларды халыққа ашық айтады. Қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөздер «Қырық мысалдан» басталып ұлттық рухты қозғады.

Бостандық жайлы ой-мақалалары үшін 1907 ж. А. Байтұрсынұлы қамалды. Әуелі Қарқаралыда, кейін Семейге айдалды. Енді азаттық туралы ойлауға, оянуға шақыратын «Маса» атты өлеңдер жинағы жаряланады. Бұл жинақтың тілі «Қырық мысалдан» да өткір болатын. Бірақ осыдан бастап артына тыңшылар түседі...1909 ж. шілдеде Семей абақтысында сотсыз, үкімсіз қамалып, 8 ай отырып қорлық көреді.

Одан шыққан соң тағы түрмеге қамалады, ақыры Патша үкіметі оны 1910 жылы түрмеден шығарып, Қазақстанда тұру құқығынан айырып, Орынборға жер аударды.

Бұдан кейінгі өмірі қажырлы табанды күрестерге толы: 1913-1918 «Қазақ» газеті...; 1918-19 ж. Алаш қозғалысы...; 1919 ж. Республика оқу комиссары; Бүкіл Одақтық Атқару Комитетінің мүшесі (1920-26 жж.); Қазақстан академиялық Орталығының жетекшісі; Ташкент, Алматы ЖОО профессоры... Енді жаңа өмір үшін күрес жолына біржола бет алғанда...

Бірақ 1929 жылдан бастап Кеңес үкіметі өзіне қауіпті ұлт оқығандарын құртуды қолға алады да озық ойлы ұлт қайраткерлерін тұтқындауды бастайды. Осы жылдың маусым айында Ахмет Байтұрсынұлы тұтқынға түседі... 1936 ж.

еркіндікке шыққандай болған ұстазды 1937 ж. қайта қамалып, 1938 ж. атылады.

А. Байтұрсынұлы гуманистік танымға суарылған шығармашылық ойларын 20-жылдардың ортасында ашық айта алмаса да ыңғайына орай көркем мазмұнға көшірді. Сол арқылы Абай мұраларының ұлттық рухы негіздерін халыққа талдап жеткізуге тырысты. Осы өрнектер бүгін де зерттеушілер назарынан тыс қалып келеді. Егемендік алғалы отыз жылдан асса да Абай шығармаларына негіз болған ұлттық рух тінінің мәңгілік арқауы тереңдей қозғалған емес.

Бұл бағытқа бет алған зерттеушілерге замана талабына сай жаңа әдістеме, әдіс-тәсілдер де жеткілікті. Оны қазақ-әлем әдебиетіндегі байланыс, ықпалдар ағымдарын деректі тереңдей зерттеушілер қолдана бастады. Жолсыз, жүйесіз саяси себептермен бір кездері қуғын көрген өнерпаздар мұраларын зерттеуге болмайды деп тыйым салып жатқан үкімет те жоқ. Бірақ мұны копара қазып, ақтара жазып жатқан ізденушілер аз.

Сол аздардың ішінен абайтану тұңғыықтарына тереңдей еніп ақын шығармашылығы гуманистік идеяларының антропогенездік табиғатын көрсететін профессор М. Мырзахметов зерттеулері мен Абай шығармаларының мәтіндерін заманауи бағыттарда жаңа әдістеме тәсілдері арқылы текстеуші Т. Жұртпайларды, Абай қарасөздері көркемдік өзегін философиялық, танымдық талдау арқылы түсіндіретін Ғ. Есім еңбектері мен абайтануда талдауды замана талабына сай жаңа ізденістерге, антропологизмге апаратын іргелі ой-пікірлер бар Ж. Дәдебай зерттеулерін айтар едік.

Абайтануға байланысты заманауи талаптарға сай еңбектер аздау дегенде олай деп айтуға болмайды ғой, жаңалықтар, өзгерістер жеткілікті емес пе дейтіндер табылар. Абай өмірбаяны мен поэтикасына қатысты жаңа деректер мен зерттеулерді былай қойғанда, ұлы ақын шығармаларына жаңа уақыт тынысы қосып отырған дара қабылдаулар туралы да қаншама қызықты зерттеулер бар. Бірақ бүгінгі оқырманның бәрі, әсіресе жастар оларды оқиды, ойланады, тұшынады деп айтқан қалай болар екен?

Қазір қазақ қоғамдық санасы кереғар бағыттардағы топтарға бөлінеді. Қазақ тілін білмейтін, білгісі де келмейтіндердің Абай шығармаларын оқиды, эстетикалық әсер алады, оның ой-идеяларының көркемдігі туралы ойланады, терең түсінеді деп кім айта алады? Өйткені қазақ тілінің өзі торығуға тап болған тіршіліктен енді-енді шығамыз ба деп отырған жайымыз бар. Оның қалай іске асарын кім білген? Күмән жеткілікті...

Әкімқаралар мансап пен байлық қуса, ақша пәлсапасынан басқа әңгімені қойған отбасылар мен балалары, әрине, барлығы емес, енді орысты да қоя салып ағылшын тіліне бас қойып жүрмесе. Бұл құбылыс бел алып кетпесе де соған ыңғайлана бастаған. Тілімізге қорған болар үкімет пен оның ресми өкілдері көпшіліктің айтқанына құлақ асқаннан гөрі ағылшын тілін қазақ балаларының мойнына іле салуды жөн көріп отырған сыңайлы. Артының не болары кім білген?..

Кезінде дәл осыған жуық мәселелерден орыс тілінің ұлттық, мемлекеттік істерге шексіз араласуынан қауіптенген, А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары ұлттық, тіл, рух үшін ымырасыз күреске көтерген.

Ресейдің отар елдердің балаларын, жастарын орысша оқыту арқылы қол астындағы елдің бәрін орыстандыруды, бір қалыпқа түсіруді мақсат қылғаны бүгінде құпия емес. Тіпті ресми идеология арқылы үкімет басындағы дәулердің «бәріміз орыс тілінде сөйлесек қана коммунизмге тез жетеміз» деген ұрандарды да естідік қой. Ұлттық тілге қорған болады деп жүрген белгілі қоғам қайраткерлері мен журналист, жазушылардың да қалай сайрағаны тарих емес пе? Ғасырлар дауылдары мен борандарынан қалтқұлт селдіреп жеткен халықтарды ондаған жылдар ішінде жоқ қылуды жоспарлау қарулы, күшті мемлекет үшін қылмыс болып есептелмейді, – деп сайрайды олар.

Дінді, тілді, жазуды, т.б. өзгерту арқылы кез келген халықты 30-40 жылда жоқ қылуға болады, – деп ойлайтын зерттеушілер пікірлері де жеткілікті. Бұл – Ресей тәрізді отаршыл елдердің жазылмаған, бірақ ешқашан жоспарларынан түспейтін басты кодексі.

XX ғасыр басында-ақ осыны аңғарып, мұсылманша оқытуды қолға алған ұлтжандылар мақсаты да дәл осындай қиянатты

ұран қылған ұр да жық үкімет қисындарына тап келіп быт-шыты шықты ғой!

А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов тәрізді алдарына биік мақсат қойып қазақ елінің тәуелсіздігі, бостандығы үшін отаршыл үкіметтің жолсыз, жөнсіз саясатына қарсы болғандар да болды емес пе?

«Қазақша оқымайынша қазақ білімге үйренбейді» дегенді А. Байтұрсынұлы қайта-қайта айтқан, жазған. Бірақ оны басшылыққа алған ұлықтар мен биліктілер де аз болды. Көбі ресми үкіметтен үрейленді, біразы әлі «таяу тұрған коммунизмге» сенді.

Осы жылдарда қазақ балаларын оқытудың екі түрі – екі бағдарламасы да озық ойлы зиялы қауым тарапынан сынға ұшырады. Алдымен, орысша оқуға қарсы болғандарды үкімет пен оның ресми орындары қатал сынға ұшырап, қудаланды. Айыппұл салды, көнбегендерін бала оқытудан алыстатты, қамады, т.б.

7

Екінші дәстүрлі мұсылманша оқытушылар Аллаға сенуді уағыздайтын жүйеден шықпады. Дәлірек айтсақ, шығуға да қауқарсыз болды.

А. Байтұрсынұлы ұстанымдары – жасөспірім балаларының қазақ қамын ойлап, түсініп, танып күресулері үшін ұлттық рухы мықты болуы керек! Білім мен кәсіпке қазақша оқу, дүниетаным арқылы жету керек. Олардың ұлт алдындағы ұлы мақсат пен жұмыстарға белсенді араласқандары жөн. Ұлт мүддесі – аса үлкен әрі негізді міндет. Өз билігінді, шаруанды өз қолына алу үшін ұлттық рух керек.

Абай өнері мен өлеңіне, поэзиясына егіз болған барша тақырыптардың ішкі, сыртқы себептері оның өлеңдерінің нақты мазмұнында көрінеді және олар ақын рухани әлемі арқылы өткен. Сондықтан да Абай шығармаларындағы ұлттық рухани әлемнің көріністерін, бейнеленуін, суреттелуін тек қана Абай заманының саяи-әлеуметтік ахуалының көріністерінен іздеу дұрыс болмайды.

Онда біз Абайдың ақындық әлеміндегі ұлттық рух дегенді мүлде тарылтып аламыз. Абайдың ақындық әлемі оның дүниетанымымен тең емес. Сол тәрізді ақын дүниетанымы да болмысымен бірдей бола алмайды.

Абай ұлттық рухының бейнеге көшкен көріністері оған әсер етіп, өлең өрнегіне айналған барша тақырыптарда бар. Қазақ ұлттық рухының дара үлгілерінің бейнелері. Абай дүниетанымының ұлттық рухы мен әсерлерінің, ойларының бейнеленуін тек саяси-әлеуметтік тақырыптардан ғана іздемей, барша шығармаларына үңілген дұрыс болатын шығар.

Қазақ әдебиетіндегі аса маңызды мәселенің бірі Абай өнеріндегі ұлттық рухты жалғастырған Ахмет Байтұрсынұлы еді. Алайда жоғарыда айтқанымыздай, оны тек саяси-әлеуметтік тақырыптардың үлесіне қалдырмаған дұрыс. Өйткені оның қай тақырыптағы өлеңін алап қарасақ та көркемдік мазмұнда, өлең тілі мен құрылымында Абаймен диалог байқалады [2]. А. Байтұрсынұлы ұстаздық, қоғамдық және әдеби шығармашылық қызметін соған арнады. Осы мақсатын орындауда негізгі бағдарлама қасиетті қисын темірқазық – абайтану ілімі еді: «Абайда, ең алдымен, халық тағдыры мен азамат уайымының арасында ажырамас тұтастық бар. «Қайран жұртым» деп қамыққан ақынның жаны да, ақыл-санасы да бар қайғы-қасіретімен ертеңгі күні не болары белгісіз халқының үстінде тұр. Сондықтан да «қайран» деген бір сөзден ақын жүрегінің халқым, жұртым деп еміренген ақ ниетінің ыстық лебі еседі.

Сонан соң ақын осы лептің қай жақтан ескені беймағлұм қалмасын дегендей, сөз арасында өз тарапынан бірер сөз қыстырып та қояды. «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың...Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық, Қыр артылмас болған соң мінсе қырқың...»

Үмітке талшық, дәтке дәрмен қылар бұлдыр қылмай, күдердің біржола үзілген жерінде де ақын ұғындырар кісі табылса, пышпыш демей ақылға жүгін, жөнге көш деген сөзін айтып тынады» [3]. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман», «Көңілім қайтты достан да,

дұшпаннан да», «Патша құдай, сыйындым», т.б. қоғамдық, саяси әлеуметтік тақырыптардағы өлеңдерде, біз жоғарыда айтқандай, ұлттық рух тақырыбы ақын ойларының негізі арнасын құрайды. Ол туралы сәл кейінірек тоқталатын боламыз.

Енді өзге тақырыптардағы шығармаларға көңіл аударайық. Алдымен, Абайдың көңіл күй лирикаларындағы ұлттық танымның ұлы тіні туралы бірер сөз. Жалпы ақынның бұл өлеңдерінде сыршылдық ойлар мен психологиялық сезім күйлерінің суреттелуі басым. Мұнда ақын сезімдері, көргендерін қабылдауы ғана емес, бейнеге ауысқан, көркем мазмұнға көшкен кейіпкерлер ішкі әлемі де қамтылады. Бір ескеретін жайлар олардың жазылу мерзімдері туралы пікірлер кереғар келуі де мүмкін. Ол туралы бір ізге түскен зерттеулер көп емес. Алайда біз үшін қажеті – осы өлеңдер өзегіндегі ұлттық рух көріністері. Бұл бағыттағы ашық айтылған тұжырымдар жоққа тән. Сондықтан аталатын өлеңдердегі ұлттық рух туралы ойлар, ақын толғаныс, тебіреністерімен қабаттасып, кейде егізделе берілетінін ескеруге тиіспіз. Оның басты себебі идеологиялық бұрмалаулардан ығысқан, саяси айыптаулардан қашқан күрделі ойлармен байланысты. Абай бұл бағыттағы басты ойлары мен идеяларын ақындық сыршылдықпен араластыра бейнелейді. Араларын ажырату оңай емес.

Ақынның «Жастықтың оты қайдасың?» өлеңінде оқу, білім, ғылым үйренуді өнер іздеу, махаббат, достық, кәсіп іздеу, мал бағу, кісілік ойларымен егіздей қозғайды. Ақын өз сезімдерін суреттеуден гөрі қарапайым қазақтардың ой, сезімдеріне, әрекеттеріне көңіл аударады. Ел басына қиындық туғанда ғылым мен өнер туралы ойламай баяғы мал табудың айқай шуымен жүрген қазақтардың ерекше мінез құлқына айналып бара жатқан тірліктеріне тоқталады: «...енді нені істейміз, бәрінен де бос қалдық? Ауызға келіп түс дейміз, қылып жүріп құр салдық!». Өлең мәтінінде «біз» деп өзін қосып отырғанмен, тұрақты кәсіп іздеуден гөрі босқа жүргендерді сынға алатындай..

«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» өлеңінде ақын өтіп жатқан бос уақытты туралы толғамдарға барады. Ақын өз өкінішін өткен уақыттардан емес, айтқанын ұқпай, түзелмеген, ондай

ойы жоқ қазақтардың ұлттық қамсыздығына өкінеді: «...үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін, көп надандар өзіне тартып бейім...<...> Ойшылдың мен де санды бірімін деп, Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп».

«Ем таба алмай» өлеңі – ақын шығармаларының жазылу уақыты белгісіздерінің бірі. Бірақ әсерлі жазылған ойлы шығарма. Өлең мәтіндерінің мағынасына үңілгенде «жас жүрегім жанды менің...» дегенін қарамай-ақ, оны ақынның ұлғайған кезінде жазылғаны аңғарылатындай. Өлең мәтініндегі жан дүниесін қозғаған, қобалжытқан толғаныстарға қалыптасқан тірлігінен ем таба алмай қажыған сезім суреттерінің іздері солай ойлауға негіз беретін сияқты. Әрі лирикалық қаһарман тұлғасының өлеңдегі маңызды рөлін ескеруіміз де керек сияқты. Осында ұлттық таным мен характер танымдарының іздері де айқын.

Енді махаббат тақырыбына жазылған өлеңдердегі ұлттық рухтың көріністері туралы...

Бұл өлеңдердің әсемдігі қаншалықты мол болса өзгелігі де жеткілікті. Мәселен, «Қор болды, жаным» өлеңі – қайғы мен үміт сезімдері егізделе бейнеленетін ерекше шығарма. Көркем мазмұнда мұңды сарын басым түсіп, оқырманды одан гөрі оқшаулау бағыттарға бастайтындай әсер қалдырады. Күрделілеу, жұмбақтау ойларға тарту да ғажап емес: «Бұл қылған зарым, Барса жардың маңына. Ол – қылған дәрім, Ғашығымның жанына. Оңалдырып ойды, Түзетпей ме бойды?» Өлеңнің құрылыс, құрылымы да, айрықша ойлары да мәтіннен гөрі мазмұн көркемдігіне иек артатындай, тіпті ақындық сезімдермен аралас жатқан әлем тәрізді. Сірә, ақындық ұлттық рух, ой-сезімнің өрнектерінен туындайтын өлең.

«Көзімнің қарасы» – әнге оранып, қалың елге аса көп тараған өлең. Бұл өлеңнің ерекшелігі мол. Бірақ исі қазақ ойланбай шырқайтын ән мәтіні туралы ойланушылар көп болмаса керек. Ғашығына сезімін тебіреніп аса әсерлі жеткізетін жігіт сүйіктісінің сұлулығын бейнелеуде айтуға сөз таба алмай сәлем хат түрінде ауысатындай. Бұл – жастар арасында көп кездесетін жай. Мына өлеңде ақын өте дара әрі қызық шешімді суреттейді:

«қара көз, имек қас, қараса жан тоймас. Аузың бал қызыл гүл, Ақ тісің кір шалмас. Қыр мұрын, қыпша бел, Солқылдар соқса жел. Ақ етің үлбіреп, Өзгеше беткен гүл. Қайғың – қыс, жүзің – жаз, Боламын көрсем мәз. Күлкіңіз бойды алад, Бұлбұлдай шықса әуез. Кісіміп дұрдараз, Бұраңдап қылма наз. Мал түгіл басымды, Жолыңа берсем де аз. Не десем саған еп? Ғашығың да қайғы жеп. Өртенген жүрекке, Бір көрген болар сеп».

Сүйіктісін суреттеп бейнелеуде Абай тапқан осы үлгі-хат шын мәнінде мазмұндық жаңа пішім іздеудің қайталанбас үлгісі дер едім. Өйткені оны өзге үлгіде жеткізу өлең мәтіні құпия сиқырын, әсерін жоғалту болар еді. Өлең мәтінінде орналасқан ұлттық рух шығарма көркемдігінің дара үлгісі деуге болады.

Қазақ қызының ұлттық бейнесін суреттеуде Абай ізденістерінің ізіне алып шығатын өлеңі – «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы». Мұнда ақын алдына сұлу қыздың портретін жасауды мақсат қылған сияқты. Бірақ шығарманы жазу барысында ақын мақсатына байланысты түзетулер жасайды. Ол осы өлеңнің композициялық құрылысында тұр. Мұны аңғарған зерттеушілер, әсіресе М. Әуезов, шығарма құрылысын талдап пікірлер айтқан. Өлең мәтініне байланысты бірден байқалатын екі бөліктің көркемдік нәшінінің (стилінің) де өзге екеніне тоқталады.

Бірінші бөлікте сұлу қыздың көркін бейнелеуде оны жеке-жеке суреттеп дәстүрлі поэзияда кездесетін сұлулық белгілерін қызықтай сипаттап, дәстүрмен жалғастықты қолданса да өзгешелігі байқалады: «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі нұр жайнайды» деген бейнелеулерде Абай қолтаңбасы байқалады. «...нұр жайнайды» деген сөздерде оған көңіл аударалық ерекше ақындық қасиеттер аңғарылады.

Өлеңнің екінші бөлігінде бұл сұлудан басқа бойжеткен туралы сөз қозғайтын сияқты. «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған? Сұлуы бұл заманның тек жатпаған. Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң, Алмасы өкпе болар қол батпаған...», – деген жолдармен басталатын шумақтар алғашқы бөліктен мүлде өзге идеялы өлеңге бастайтындай. Абай екі қазақ қызының сыртқы және ішкі көрік-көріністері бөлек, ажырата суреттейтіндей.

Алғашқы бөлік туралы жоғарыда айтылды, ал екінші бөліктегі суреттеулерде оған қарама-қарсы тіпті кереғар қылықты қыз әрекеттеріне ауысады. Суреттеуде қолданатын сөздердің, лексиканың өзі өзгеріп сала береді.

Осы өзгерістерге қарап отырып мінездері өзге қазақ қыздарының екі түрі Абай заманынан бастап пайда болып, қазақы ұлттық рухты жоя бастаған жоқ па екен деген ойларға қаласың! Бірі сыртқы сұлулығы көрінбейтін ішкі жұмбақ әлемі бар ибалы ұлттық сұлу да; екіншісі – «орынсыз адамдармен жыртақтаған» жаңа замана сұлуы. Сірә, қазақ қыздарының осындай түрлері де Абай заманында бой көрсете бастағанға ұқсайды. Әйтпесе көзге көрініп, сөзге ілікпеген қыздар туралы өзге танымды ақын қайдан алған, қалай бейнелейді?

Енді Абайдың табиғат туралы жырларындағы ұлттық рух туралы.

Абайдың табиғат лирикасы туралы өлеңдері – өмірге келген күнінен бастап ел аузына іліккен ерекше көркем шығармалар. Көктем мен жаз, күз бенен қыс – барша адамзат баласына баяғыдан таныс әрі өнер тұлғалары бейнелеп келе жатқан ірі мәңгілік тақырып.

Бұл тақырыптың Абай шығармашылығында бейнеленуі де әріден. Алайда оның бәріне жуығы бізге жеткен жоқ. Ал бізге қажеті – осы тақырыптағы ақын жырларында ұлттық рух тінінің бейнелену ерекшеліктерін ғана көрсету. Әрине, Абай көркемдік әлемінде бұл тақырыптың алуан түрлі бояулармен суреттелгендері баршылық. Оны қазақ тұрмыс кешкен табиғи ортамен байланысты суреттерде ақын қолданған дара, өзге үлгілер баршылық. Әрине, мына шағын баяндауларда тек қана ең маңыздыларын ғана айтамыз.

Көктемге байланысты ақын толғамдары: «Жазғытұры», «Желсіз түнде жарық ай», т.б. өлеңдерде қозғалады. «Жазғытұры» – өте көп талданып, жазылып келе жатқан өлең. Мұнда ақынның осы табиғат мезгіліне деген өз сүйіспеншілігі де бар. Қыстан қиналып шыққан қазақ елінің жазғытұрғы оянған табиғат сұлулығына деген әр кезгі тамсануы таңғажайып суреттеулерге толы.

Тылсым өмірдің оянуы мен табиғаттың тірілу пәлсапасын дара қабылдайтын қазақ қоғамы қуанышын, шаттығын бейнелеуде нақты табиғат, тіршіліктің өміршең үндеріне қосылады: «Қара тастан басқаның бәрі жадырап, Бір сараңнан басқаның пейілі енер. Тамашалап қарасаң Тәңірі ісіне, Бойың балқып, еридi іште жігер». Бұл – табиғатты ақындық қабылдау. Бұдан әріде ақын табиғатты кейіптеуге көшіру арқылы символдық тұспалдауларға барады: «Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты, Құмары екеуінің сондай күшті. Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай, Біреуіне біреуі қосылыспай. Көңілі күн лебіне тойғаннан соң, Жер толықсып түрленер тоты құстай». Бұл өлеңдегі барлық құбылыстар мен табиғат көріністері түгелдей қазақ өмірі мен пәлсапасына сүйене суреттеледі. Өлеңде ескі аңыз, ертегі, миф, халық мұрасына тән бейнелеулер мен егіздеулер ғажайып үндесулерді көрсетеді. Ақын өлеңдерінде адамдар тірлігі, іс-әрекеті мен ой-сезімдері психологиялық сәттер бенесімен ұласқан табиғаттан туындап, соған ғана арналып жатқаны аса талантты бейнеленеді. Өлеңді оқи отырып оның өзегінде орналасқан ұлттық рух тінінің табиғатпен таңғажайып туыстығына куә боласың.

«Желсіз түнде жарық ай», «Жаз» өлеңдерінде де Ақын шығармашылық ізденістерінің асыл арнасы адам – табиғат, табиғат – адам табиғи туыстық қатынастарында екенін үлкен гуманистік танымда жырға айналдырған. Абайдың көркемдік жүйесіне таңданасың!

Бұл өлеңдердің көркемдігін жоғары бағалаған І. Жансүгіров 1930 жылдар ол туралы былай жазады: «Абайдың жыры ырғақ, музыка, дыбыс, құрылысы жағынан төгіліп келеді. Абайдың бұл өлеңіндегі бір ақындық өзгешелігі – ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы».

Абайдың «Қыс» атты өлеңінде де қазақ елі үшін қаһарлы қысты кейіптей, кәрі құдаға теңей суреттейді. Жоғарыда жазғанымыздай, бұл тәсілді ақын бұрынғы табиғат туралы өлеңдерінде шебер қолданған. Ол қазақ ел үшін табиғаттың жайсыз

бір мезгілін әсерлі бейнелейді: **«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр-мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды»**. Қысты бұлай суреттеу қазақ өлеңінде бұрын кездеспеген суреттер еді. Оны біраз зерттеулерде орыс ақындарынан үйренді деп жүргендер де кездеседі. Бірақ жоғарыда жазғанымыздай табиғат көріністерін кейіптеулер арқылы қазақ тұрмысына жақсы таныс суреттеулермен бейнелеу ақында бұрын да кездескен. Ойлана карағанда осы бейнелер ақын көркемдік қиялының, ізденістерінің нәтижесі деген дұрыс болады. Қазақ қоғамдық өмірінің аса қиын сәттерін оның өмірінде бар оқиға, тіршіліктің табиғи көріністері арқылы ұлттық рух танымында бейнелеу Абай поэзиясының қазақ әдебиетіне қосқан зор жаңалығы болып табылады.

Абай шығармаларындағы ұлттық рухтың эстетикалық биік деңгейге көрінуіне ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамдық санасы мен әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханұлы, Х. Досмағамбетұлы, М. Тынышбайұлы, С. Садуақасұлы, М. Дулатұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Ақбайұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Ғ. Қарашұлы, т.б. қоғам қайраткерлері, қаламгерлер үлкен еңбек сіңірді. Олардың көптеген мақалаларынан ұлттық рухты тану және көркем әдебиетте бейнелеу темірқазығына айналған тұлға – Абай екені көрінеді.

Абайдың классикалық мұрасын мойындап, оны түсінуге және әрі қарай дамытуға ұмтылыс қазақ оқығандарының басты мақсаты болуға тиіс деп жазады [4].

А. Байтұрсынұлының Абай шығармаларымен танысуы 1903 жылдан басталады. «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті, – деп жазады ол. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азын түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаларсың. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы

адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес. Оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда...Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» (5).

«Қазақтың бас ақыны» (1913) атты мақалаға қойылған бұл атауды кезінде қазақ зиялы қауымының бәрі мойындады, қолдады деп айтуға болмайтын шығар. Бірақ қаламгер осы мақаласында абайтануға баратын басты жолды дұрыс айқындап, сол жылдарда елге белгісіздеу жаңа ілімнің, бәлкім көпшілік көңіл аударар қоймаған, соқпақтарын ашып көрсетеді.

Әлихан Бөкейханұлының Абай өмірі мен шығармашылығы туралы «Семипалатинский листокта» жарық көрген мақаласында А. Байтұрсынұлымен жақсы таныстығы байқалады [6].

Атаған еңбекте Спенсер, Луис, Дрепер есімдері аталады және Абайға әсер еткен орыс қаламгерлерінен Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтердің еңбектері көрсетілген. Осы еңбектен кейін абайтануға байланысты барша мақалалар мен зерттеулерде аталған орыс қаламгерлері сөз бола бастайды.

1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» – СПб., 1909 атты кітапта Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абай ұлы құрастырып Абай Құнанбайұлының өмірін жазған деректермен жақсы таныстығы да аңғарылады [7].

А. Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған мақалаларда ғалымның «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында айтылатын ойлардың жалғасқанын аңғару қиын емес. Мәселен, М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, Т. Шонанұлының, М. Дулатұлының, Ж. Аймауытұлының, т.б.

– Ақындық талант Абайда бала кезінен болған. Бірақ өлеңдеріне ақын онша мән бермеген тәрізді, – деп жаза отырып мақала авторлары, ол өлеңдердің мазмұны – замандастарына арналған әзіл сықақтар мен қыздарға арналған ғашықтық өлеңдері. Оларды да ересек тарта келе ел басшылығымен түрлі

сипатты қарым- қатынастарға араласа бастағанда тоқтатқанға ұқсайды деген пікірлер айтады.

А. Байтұрсынұлының Абай өмірбаянына байланысты келтірілген деректерінде бүгінгі біз үйренген мәліметтерден алшақтық та байқалады. Бірақ бұл мәліметтер Әлихан Бөкейханов 1905 жылы келтіретін деректермен сәйкес.

«Әлихан Бөкейханов Абай туралы ақынның көзі тірісінде 1903 жылы жазған. 1905 және 1907 жылы жарияланған мақалаларын Абайдың ақын шәкірттері, балалары – Ақылбай, Турағұл, інілері Шәһкәрім, Кәкітайлар, досы – Көкбай ақын кезінде оқып, біліп отырған. Олар Бөкейхановты ерекше қадірлеп, құрметтеген. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы (1909) Әлиханның ыждаһатымен басылып шыққанын жақсы түсініп бағалаған» [8]. Демек, Абайдың оқуы мен дүниетанымына қатысты көптеген маңызды деректерді ол ақынды жақсы білетін адамдардың мәліметтері, тіпті қолжазбалары арқылы білуі мүмкін. Әсіресе оның Кәкітай және Көпбаймен өте жақын болғаны белгілі. Сонымен бірге осы кездерде Мүрсейіт көшірмелері де қазақ арасына кең таралып, белгілі бола бастаған. Оны да ескермеуге болмайды. Абайдың өмірбаяны туралы жазу кезінде Ә. Бөкейханұлының солардың мәліметтерін қолданғаны аңғарылады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абайдың Семейге оқуға баруы мен елге әкесі Құнанбай қасына оралуы туралы сәл өзге мәлімет береді:

«Абай 10 жасынан 13 жасқа дейін қырда (демек, елде. З.Б.) мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмет Ризаның медресесінде оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасынанда-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа айтқаны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған» [9].

Ә. Бөкейханұлында: «Абай 10-12 жас аралығында қазақ дала-сында жүріп хат таныды. Ал 12 жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түседі. Абай 14 жасында сонда жүріп үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседе-

гі, үш ай орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік оқуы аяқталады» [9.131].

Сонда Абайдың әкесінің қасында жүріп ел билеушілермен тартыстарға араласа бастауы шамамен 17 жас болған сияқты.

Енді М. Әуезов келтірген деректерге көз салайық: «Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходский школаға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Басаяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай оқудан шығарып алып, ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды» [9. 52].

Байқағанмыздай, айырма 3-4 жыл шамасында. Ескермеуге бола ма? Білмеймін. Ең бастысы, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы – тарихи негізі бар көркем шығарма, сондықтан ондағы бейнелеуге алынған оқиға, мәліметтің бәрін тарихи шындыққа сай болуы керек деген пікірді талап етуге болмайтын шығар. Соңғы кезде даңқты эпопеяға байланысты осы бағыттағы сындар үдеп кетті. Біздің ойымызша, жоғарыда айтқанымыздай, эпопеяның көркем шығарма екенін ескеру керек тәрізді.

Енді Абайдың медресе оқуын тамамдап елге қайтуына оралайық. Алдымен, соңғы бір зерттеулерде «медресенің негізгі оқу жоспарын бітірген соң үш ай «приходская школада» оқу медресе жоспарына сай болатын» деген пікірлер де кездеседі.

Бірақ мұнда ойланатын да жайлар бар. Семей медресесіне дейін Абай сауатын қайда және кімнен ашты? Бұл біздің ойымызша, тым мәнсіз сұрақ болмауға тиіс.

Мұсылман діні негіздерін қадала оқытатын медресеге түсу үшін белгілі деңгейде талаптанған шәкіттер сауатты болуға тиіс. Абайдың Ахмет Риза медресесіндегі замандастары мен ұстаздарына қойған сұрақтарының бағыты да біршама күрделі болған сыңайлы. Қазақ қоғамы басындағы би-болыс, атқамінер пысықайлар мен дінбасы мен молдалар бас қосқандағы жиі қозғалатын сұрақтар «өмір мен өлім, тамұқ пен жұмақ» туралы болды емес пе? Сұраққа жауаптың оңай еместігі белгілі.

Тұшымды жауаптың негізі Алла тағалаға барып тірелетін мәңгілік жұмбақтармен шектелетін болса керек.

Табиғатынан қабілетті бала шәкірттің бұл жауаптарға қанағаттана қоймағаны белгілі. Тап осы сұрақ шәкірт замандастары мен ұстаздарына да қойылатын. Кәмали тәрізді оқымысты ұстаздарының күрделі жауаптарын бірден түсіне алмаған шәкірттердің көбі медресе кітапханасындағы теологияға байланысты кітаптарға үңілетін.

«Камалитдин (Кәмали) Мұхаметрахимов – әуелде Қазан қаласында, одан соң көп жыл Бұхарада оқып, мұсылманша жоғары дәрежелі білім алған адам» [1.164].

Жауап іздеген Абай ол кітаптардың талайын ақтарып көрді. Түптеп түсіне алмады. Ақыры шығыс ғұламаларының ғұмыры мен шығармашылығына жолығып, өткінші, өлшеулі адам өмірі туралы терең түпсіз толғаныстарға толы көркем шығармаларға көшті...

Абайдың қазақ қоғамдық өміріндегі қызметке араласуы әкесі Құнанбайдың ел арасындағы әңгіме, дау-жанжалдарын шешуге қатысқан кездерінен басталатынын барлық зерттеушілер атап көрсетеді. Осы кезден бастап Абайдың өнер мен өлеңге, суырып салма ақындыққа деген ықыласы азайып, ел ішіндегі түгесілмейтін дау жанжалдарға бұрылады.

Оның бірер себебін де атайды. Біріншісі, жоғарыда айтқанымыздай, үлкендердің қатарына кіруімен түсіндірсе; екіншіден, ол өмір сүрген ортада өлеңшілік пен өнердің қадірі онша болмағанға ұқсайды. Белгілі байлар мен дүмді адамдардың ел арасында айтыла бастаған ірі істерін, ағайын-тума, үрім-бұтағын мақтаумен мал табушылар, соны кәсіп қылушылар аз болмаған тәрізді. Абайдың бойындағы ақындық талантына мән бермеуі, тіпті кейбір өлеңдері үшін ел алдында қысыла бастауы ақындықтың қадірінің болмауы сияқты деген ойларды айтады тақырыпты зерттеушілер.

Жиырма жасынан ел ішінде шешен атала бастаған Абайдың өзге би-шешендерден бірнеше артықшылығы көзге түседі. Ең алдымен, Ахмет Риза медресесінде оқыған Абайдың мұсылманша сауаттылығы, шариғатша салт-ғұрыптарға жетіктігі белгілі. Ол

ел ішіндегі түрлі айтыс таластарда дін-шариғат қағидаларын өздерінше қолданып, көпшілікке бой бермейтін діни қожа-молдаларды оңай тоқтатады. Екіншіден, қазақ арасына аңыз боп таралған бұрынғы билер, шешендердің тартыстары тарихына жетік болды, сөздерін есте ұстады, үлгілі сөздер, мақал-мәтел, аңыз, т.б. есіне сақтайды. Орынды жерінде шеберлікпен қолданады.

«Заман бұрынғыдай болса, – деп жазады А. Байтұрсынұлы, – Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып жұрт билейтін заман өтіп, малы көптер жұрт билейтін «таспен» (дауыспен сайлау) би болатын уақытқа қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген...», Абайды болыстық пен биліктен шығармашылыққа ауыстыратын – Михаэлис пен Гросс деген орыс оқымыстылары. «Орыстарға жолықпаса бәлкім сол күймен кетер ме еді?!.. Қандай асылдар тумас еді?» – деп жазады қаламгер.

Демек, осы кездесудің тарихи мәнін аса жоғары бағалаған. Олармен арадағы әңгіме-кеңестерден кейін Абай өлеңге басқа көзбен қарай бастаған.

Бірақ бұл әлі Абайдың шығармашылық жолының басы болатын. «Айтушы да тыңдаушы да надан. Бірен-сарандар ғана кездеседі. Жұрт мағыналы терең сөзден гөрі бос қалжыңға құмар».

Абай енді өлеңдерінде қазақ елінің адам аяйтындай жағдайын жаза бастайды, қызық пен құдалық, той мен соған қатысты дау-жанжалдардан басқаны көп ойламайтын тәрізді қазақ елінің Ресей отаршылығына халық басына төне бастаған қауіп-қатерін де ойламауына күйінеді, қайғырады. Енді Абай өлеңдерінің саяси-әлеуметтік бағыттары, азаматтық ойлары өзгереді, күрделі күйге түседі. Өлең мен өнерінің адам қоғамындағы ерекше орнын көрсететін, философиялық толғауларға лайық көркем өлеңдер, жаза бастау да осы кездесуден кейін басталады.

А. Байтұрсынұлы көркем шығарма, өлең жазатын адамның ерекше үш қасиетін атап көрсетеді. Сөз жазатын адам әрі білімді, әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек.

1. Сөздің шырайлы, ажарлы болуы – ой шеберлігінен.
2. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек.
3. Мағынала маңызды болуына білім керек.

Осы үшеуінің де Абайда барлығын шығармаларын талдай отыра айтады. Өлеңдерінен ұққан сырларына сүйене қаламгер оның тағы бір ерекше қасиеттерін атап көрсетеді. Абайда алқа топта қысылмай сөз бастайтын, шешендік, түрлі шатасқан дауларды шешуде көсемдік, болашаққа лайық үлгі көрсетіп, түйінді сөз айтатын өнеге жайғыш қасиеттер де болған.

«Абайда өлеңнің неше түрі үлгісі, өрнегі бар.

Ақын өрнектерді ойдан шығармай орыстан алса да оның қазаққа жарайтынын көрсетуі – көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңдері толық. Жақсы.

Абайдың дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес.

Абай өлеңдерінің асыл болуы, әр нәрсенің түбін, тереңін табуына байланысты деп қарастырады. Асылын тануынан. Арғы тегінен, асылынан бастауынан. Мәселен, басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғаны даусыз!

Басқа ақындар білімінің аздығын сөз ажарымен толықтыруға тырысады.

Абай сөз ажарына қарамай әр сөзді дәл орнына қолданады.

Мысалы: «Атты сыны». Өлеңде жағымсыз сөздер де кездеседі. Бірақ керек, жылқы мүшелерінің атауы. Оны оқығанда қазаққа жақсы таныс арғымақ көз алдына келеді. Жақсы атқа бітетін мүшелердің бәрін жазған.

Абай көп нәрсені жақсы білген. Білген нәрселерін жазғанда мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынадай сыпайышылыққа кемшілігі болар деп тайсақтамай, ақиқатты жазған».

Бұл Абайдың өмірдегі шындық пен шығармашылыққа қатысты ойларының қандай екенін көрсететін ойларынан үзінділер болатын.

Еуропаның, орыстың түрлі авторларын оқыған Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтарын арнайы зерттеу керек.

Әсіресе орыс ақындары арасынан Лермонтовқа ерекше көңіл бөлгені аңғарылады. Дәл осы тақырыпты тереңдей түптей зерттеген академик Заки Ахметовтің еңбектеріне Абай аудармалары туралы қызықты ойларына мән берген теріс болмас еді. Мәселен, орыс классикасынан қазақ тіліне аударғанда қоғамдық сана үшін соны пікірлі мәтіндер кездеседі, терең ойлы, бейнеге толы сырлы мәтіндер қарапайым адамдар қабылдауға ауыр болғандықтан ұға алмай қиналады, міне, осы ұғымдарды елге түсінікті тілге көшірген дұрыс.

Абайтануда ойланатын мәселелер толып жатыр. Біз соның А. Байтұрсынұлы байқаған кейбір негізгілерін ғана көрсеттік. Ұлы Абай поэтикасын қабылдауда жеке адамдарда пайда болатын дискурстар қаншама! Өлеңдерінде бейнеленген озық ойлардың Абай дара қабылдаудың өрнектері екенін аңғару қиын емес. Мұнда көркемдік танымның сырлы құпиялары аз емес. – «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла, – деп» ұлы Ақын тектен-тек айтпаса керек! Мәселе оқырманда, – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мәселе бізде! Абайдың сан түрлі жайлар мен уақыттарда, түрлі мақсатта бейнеленген ұлттық рухтың дара бейнелерінен Абайдың ұлттық рухын тану, ұғу қазақ баласының қасиетті борышы деп ұғу керек!

Бұл – қазақтың XX ғасырдағы ұлы перзенті А. Байтұрсынұлының ұрпақтарына аманаты, өсиеті!

«Ахмет Байтұрынұлы поэзиясы – ұлы Абай мұрасының тікелей жалғасы. Оның қай өлеңін алып қарасақ та, не тақырып шешімінде, не сөз саптау мәнерінде, не өлең құрылысында Абайға бір соқпай кетпейтіні кемде-кем» (10).

Академик жазушы, белгілі абайтанушы З. Қабдоловтың «Парасат» журналының қызметкеріне берген сұбхатында Абай шығармашылығындағы ұлттық рухты ақын парасатымен байланыстырады:

Сұрақ: – Абай айтқан қалың ел – қазағыңыз алда келе жатқан жаңа ғасырға қандай жамандықтан арылып, қандай жақсылығын бойына сіңіре дарытып, байытып баруын тілейсіз? – деген сұрағына:

Академик жазушы бұған Абайдың бір ғана өлеңімен жауап берді:

«Абайсыз баратын жаңа ғасырда да, Абай парасатын еркін баурап, сана-сезіміне терең сіңіріп алмай тұрып, жаңа ғасырға құр далақтап, дабырамен баратын даңғыра қазақта не қасиет бар?»

Абай не деп айтып еді: «Қалың елім қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың. Аузымен орақ орған өңкей қыртың, Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?».

Қараңызшы: сақал-мұртына ғұмыр бойы ұстара тимеген адамның сықпытынан жаман, жабайы тағылық бола ма? Жақсы мен жаманның парқын білмеуден бетер миғұла-мәңгүрттік бола ма? Өзінен басқа ешкімді танымай, тек өзі ғана күпсіп, күмпілдей беруден масқара қырттық бола ма? Өз малын өзінікі дей алмаудан асқан қорлық, құлақкесті құлдық бола ма? Ал шетінен тұяқтары сыртылдап, таққа таласып, бас-басына би болған «өңкей қиқым» қаптап жүрген жерде іргесі бүтін ел, әсіресе егемен ел болмайтыны өзінен-өзі түсінікті.

Сонымен, әр қазақ өзіне және өз ортасына оп-оңай жабыса кететін осындай «ошағанды» Абайша іздеп тауып, аяусыз отап, өзіне және өз ортасына Абай ащы болса ашық айтқан тағылықтан, мәңгүрттіктен, қырттықтан арылып, құлдық құрсауын үзіп, егемен елдікке келу – кемел ақылға, сара санаға кенелу.

Парасат байлығы деген – осы. «Қазаққа тек осы байлық – парасат байлығы ғана керек. Өзге байлықтың бәрі өзінде – елінде, жерінде тұнып тұр» (11).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы, 1999. – 86-87 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – 18-т. – 5-63 б. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995. – 272-б.
3. Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері. – Алматы, 2007. – 127-б.

4. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 2013. – 1-том.
5. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 1-том. – 136-137 б.
6. Семипалатинский листок. Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО, 1907, Вып. 3. – С.178-181.
7. Абай. «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» – СПб.,1909.
8. Абайтану. 1-т. – 137-б.
9. Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. – 4-том. – Алматы, 2005. – 208-б.
10. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы,1997. – 413-б.
11. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. 4-т. – Алматы: Санат, 2007. – 211-214 б.

**Қанипаш МӘДІБАЙ,
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері
Кұралай МҰХАМАДИ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры**

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ДІНИ ҚИССАЛАР ТУРАЛЫ

XIX ғасырда кітаби әдебиеттің өрістеуін зерттеуші ғалымдар тікелей мұсылмандық діни ағартушылықпен сабақтастырып зерделейді.

Қисса – дін негіздерін түсіндіруден бастау алған әдеби жанр. Кітап болып басылып шыққандықтан ғана қиссаға жатпайтын шығармалардың да «қисса» аталып жүруі ел арасында қалыпты жағдайға айналып кеткенімен, кітаби әдебиет, қисса жанры, нәзира дәстүрі туралы ғылыми жүйеге түскен зерттеу еңбектерде қисса өлеңнің түп-төркіні, XIX ғасырда қазақ арасына таралуының тарихи-көркемдік алғышарттары туралы нақтылы дерек, пайымдаулар бар.

Ахмет Байтұрсынов қазаққа жазу дінмен келгенін, жазу әдебиетке жазылған шығарма жататынын, жазба сөзді бастапқыда бала оқытушы қожа, ноғай молдалар шығарғанын, дінді халыққа өлеңмен үйреткенін айтады.

«Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөледі. Әдебиет өсе алмай, мешел болып жатқанда орыс үкіметінің саясаты келіп килікті. «Қазақ діні шығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай» деген пікірлермен орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. Оның үшін қазақ байлары ноғайша оқымай, орысша оқитын боларлық саясат жүргізеді. Қазақ

балалары үшін школ ашады, ноғайға қазақтың жазу жағынан сорпасы қосылмас үшін араб әрпін қалдырып, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс әрпімен басады» («Әдебиет танытқыш»).

«Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Европа жұрттарының әдебиеттерімен танысады. Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: діндар дәуір, ділмар дәуір».

А. Байтұрсынұлының пайымдауы бойынша, қисса – өлеңмен жазылған, көбінесе, діндар әңгіме, басқа жұрттың ертекері, мазмұнына қарай екі түрі болады.

1) Дінді қасиеттеу үшін, мұсылман дінінің артықтығын айту үшін шығарылған қиссалар. Кәшірмен соғыста мұсылман жеңіп отырады.

2) Шарифат бұйрығын істеу мақсатымен шығарған қиссалар.

Зерттеушілер негіздемелеріне қарағанда қисса-дастан XIX ғасырда тек нәзирагөйліктен тұмаған. Аударма түрінде де жайылған. Қисса-дастанның дәстүрлі ерекшелігін, жанрлық шарттарын сақтаған түрлі мазмұндағы жаңа туындылар да аз болмаған.

В.В. Радлов жариялаған «Бозжігіт» дастанының үлгісі сол тұстағы көп қиссадан бөлек көрінеді. Дастан шағын-шағын тақырыптарға бөлініп, өзгеше бір құрылым үлгісінде жазылған. Әуелі сол қиссаны шығарушының алғы сөзі берілген сияқты. «Бозжігіт» кітабын Уфа шаһарында көргенін, өзі «Бозжігіт» кітабын мың сегіз жүз қырық екінші жылда жазғанын айтады. Шәкірттерінің өтініші бойынша әнмен жазылғанын айтады.

XIX ғасыр әдебиетіндегі қисса-дастандар – ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің аралық туындысы. Ол халықтың бай ауыз әдебиетінің көркемдік алымдарымен де ұштасқан, ортағасырлық Шығыс әдебиетінің жазба дәстүрін де мол сіңірген, ауыз әдебиетінен жазбаға өтер «өтпелі дәуірдің» (М. Әуезов) көркемдік құбылыстарын пайдаланған, жаңа жазба әдебиет үлгісіне де ұласқан көркемдік әлем. Таза дін, дүниетаным аясында да, ғашықтық

қызық-құмарлық төңірегінде де, түрлі тұрмыс тауқыметінің екпінінде де, адамның ұшқыр қиял, алыс арман, аңсағанына ұмтылысы негізінде де жырланған ауқымды шығармашылықтың жанрлық, стильдік, түр, тек жөнінен зерттелуі қазіргі кезеңде жалғасын тауып отыр.

«Қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Абайдың ар жағында ортаазиялық түркі әдебиетінің ықпалымен немесе түріктің жазбаша шайырларының нәзіралық үлгісімен келген қисса-хикаяттардың қазақ әдебиетінен алған орны ерекше. Бұл шығыстық сюжетке құрылған қазақтың қисса-хикаяттары қазақ әдебиетінің бір үлкен саласы болғандықтан, оның тарихи ізін де ұлттық жазба әдебиетіміздің қазынасынан іздестірген жөн», – деген Ү. Субханбердинаның тоқтамында негізді проблема көтерілген.

Жазбаша кітаби әдебиет, жаңғырған нәзира дәстүрі қазақ әдебиетіне жаңа өлең түрін қосып, жанрлар трансформациясын туғызған; аймақтық әдеби мектептердің негізгі даралық сипаттарын орнықтыруда ықпалды болған көркемдік дамудың ХІХ ғасырдағы негізгі бағыттарының бірі болды.

ХІХ ғасырдағы жазба әдебиет жайына байланысты дерек, дәйектердегі Х. Досмұхамедұлы, А. Байтұрсынов, М. Әуезов атап көрсетіп отыратын «жазба әдебиеттің негізін мұсылманша сауатты молдалар салған», «қазаққа жазу дінмен келген», «қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған», т.б. түйіндердің байлам, тоқтамы өлеңнің осы түрінде жатқандай. Бұл өлең – Абай дәуірінде кең жайылған өлең. Жазба дәстүр туғызған өлең. Жаңа жазба өлеңге де ықпалы түскен, бірақ онан бөлек өлең. Шығыстық өрнек өлшемі, негізі сақталған өлең.

«Бозторғай» дастаны да ескі замандағы ислам дінінің сипаттарын, өзіндік ерекшеліктерін, артықшылығын баяндап, уағыздайтын діни қиссалар сарынындағы шығарма. Зерттеушілер түпнұсқа туралы мәлімет жоқтығын айтады. «Бозторғай» дастанының мазмұны дін тақырыбына арналған. Пайғамбардың күйеу баласы Әзірет Әлидің өсімқордан қарыз алып, мерзімінде өтеуге шамасы келмей қалған кедей адамға көмектесуі жайлы баяндай отырып, шығарма мұсылмандық шарттары, ислам

ұстанымдары туралы еске салады. Әрі тілін кәлимаға келтіріп, кәпірлердің қалай мұсылман болғанын баяндайды. Ислам әуелгіде Алланың хақтығына мойынсұнбай, қарсы күйде болғандарды қалай иландырып мұсылман еткендігі туралы өткен тарихтың шындық жайлары көптеген діни қиссалардағыдай «Бозторғайдың» да негізгі арқауы болған.

Ортағасырлық түркі әдебиетіндегі нәзирагөйлік, оның XIX ғасыр әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы ең әуелі діни желідегі шығармалар мен Құран мазмұнынан өрістеп отырады. «Бозторғай» да сол дәстүрдегі шығарма.

Мәселен, бір «Бозторғай» дастанының көркемдік болмысына көз тоқтатып қарағанда бірталай ой қозғарлық дәлел, дәйек анықтала түскенін көрдік.

Дастанның баяндау мәнері – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде кең тараған мәнер. Бұл құбылыс ежелгі эпос үлгісі – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының баяндалу үрдісінде де анық. Яғни осы тұста әдебиеттер ықпалдастығының бір елеулі фактісі көрінеді. Шоқан Уәлиханов қазақ өлеңін түрге бөліп, бес түрлі жанрлық бағытты көрсеткен. Сонда қазаққа кейіннен келген түрдің әнге салып айтуға икемділігін, ол түрде айтыс ақындары да, жыршылар да, әнші ақындар да өлең шығарып жүргенін айтып, бұл түрді «өлең» деп атағаны белгілі. Сонда мысал есебінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір нұсқасынан үзінді алады.

«Бозторғай» дастанының оқу барысында бұл шығарманың баяндалу үлгісі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен аса ұқсас мақамда екендігі көрінеді:

Қиын жол қияметтің тар-ды дейді,
Бір жағы су, бір жағы жар-ды дейді.
Әзірет Әли, пайғамбар заманында,
Маңайында бір мүсәпір бар-ды дейді.

Айтылу ырғағынан, стилінен әжептәуір алшақ екендігін зерттеуші маман емес оқырман да байқайды. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Рабғұзидың «Қисса-сұл әнбиясы», т.б. шығармалардың жазылу стилі басқа.

«Бозторғай» дастанының XIX ғасырдағы қиссаларға тән дара сипаттарының бірі – оның өлең өлшемінде. Өлең 11 буынды өлшемде келеді. Ол – буыны 11 болып келетін қара өлең емес. Ырғағы, бунақтардағы буын саны жөнінен айырмашылығы бар түр. Дастанның тармақтағы бастапқы бунағының буын саны, негізінен, үшеу болып келеді. Бұл – «Бозторғайдың» шығыстық негізге тартып жатқан қыры.

Ал қазақтың төл мұрасына бұрып отыратын бір ерекшелігі – қайымның қолданылуы.

Жоктықта қинар нәпсі кәріп жанды,
Көреді ол мүсәпір атпас таңды.
Күнінде он теңгесін өтей алмай,
Енді жарлы мойнына өсім салды.
Жоктықта қинар нәпсі кәріп жанды,
Көреді ол мүсәпір атпас таңды.
Күнінде он теңгесін өтей алмай,
Мың қысып бір теңгесін хатқа салды.

Шығарманың көзге ұрып тұратын айшықтау тәсілдері аз емес. Мысалы, жұмбақ түрінің сабақтасып отыруы қызғылықты. Әуелі «бір, екі бола алмайды», онан «екі, үш бола алмайды» деп басталып онға жеткен жұмбақ жасыру тәсілі ұтымды. Осы жерде бұл діни жұмбақтардың сол кездің айтыс ақындарының шығармашылығында кең орын алған дін айтыстарына ықпалы болғанын байқауға болады.

Шығарма бастан-аяқ ислам дінінің адамгершілік негіздерін баяндауға құрылған. Негізінде, оқиғаның өмірден алынғандығы көрінеді. Имандылық негіздерін орнықтыруда әдеби мұраның ықпалы өлшеусіз. Соның ішінде шығыстан тараған діни қиссалардың бірі «Бозторғай» дастанының ғибраты да сол мүддені көздейді.

«Жақсылықты Алла жаратты және соған сәйкес ізгі адамдарды да жаратты. Олардың бойына жақсылықты, сүюді сіңірді, жақсылық жасауды, сүю қасиетін дарытты. Алла тағала жаңбырдың көмегімен қаңсыған, кепкен жерге жан бітіргендей ізгі адамдардың көмегімен жақсылық жасауды, сүю қасиетін

дарытты. Жақсылық жасауға ниетті жандарды соларға қосты. Алла тағала жаңбырдың көмегімен жақсылық аңсаған жандарды да тірілтеді.

Сонымен бірге шығармада мифологиялық тәсілдің қолданылғаны да байқалады. Мысалы: Әлиді кішкентай торғайдың алып ұшып кетуі. Шығармада тұспал элементтері де бар деуімізге болатын сияқты. Не шара болса да, Алланың ісі екендігі нақты да, тұспалмен де жеткізіліп айтылған.

Шығарма идеясы – қағынған кәпір жұртын ислам дініне енгізудің тарихын баяндау мақсатын да көздейді. Шығарма халықтық тілде жазылған, онда діни, жалпақ жұртқа ауыр ұғымды кірме сөздер көп емес. Дастанда диалог элементтері, сахналық шығарма нышандары да бар. Жұмбақ-жауаптан тұратын шығарма құрылымы, сюжеті ықшам, ширақ, иланымды. Шығармада адам мінездері де суреттеледі. Әзірет Әлидің кісілік қасиеттері басқа да қырларынан ашыла түседі. Сонымен қатар момын кедейдің, басқа діндегілердің, молданың, өсімқордың кейіптері, қараша үйдегі кемпірдің өзіндік даралық сипаттары анық көрсетілген.

Шығарманы жырлаушы өткір, ұтымды сөздерді қиюын тауып кірістіріп, орынды қолданып отырады. Аллаға қиындық іс басыңа түспей тұрып сыйын деген құлаққағыстың да өз мәні бар. XVIII ғасыр соңында Көтеш ақын: «Алыстан кедейліктің алдынан шық», – деген. Тұп-тура үндестік болмағанмен, қисындары ұштасып жатыр.

«Бозторғай» – XIX ғасырда қазақ арасына ислам дінін уағыздауда өзіндік орны болған шығарма. Бұл дастанның қарапайым жандардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін баяндаудағы реалистік сипаты айқын көрінеді.

«Алғашқы мұсылмандардың өте кедей тұрғандығы, яғни аса қарапайым тұрмыс кешкендігі, тіпті қуғынға түскендіктері тарихтан белгілі. Мәселен, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға қатысты қасиетті Құранның «Зуха» сүресінде: «Сені жетім халінде тауып орналастырмады ма? Сені абыржуда көріп, байытпады ма?» делінген. Әзірет Әлидің әкесі Әбутәліптің де кедей адам болғаны жөнінде діни аңыздарда айтылған.

Жалпы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның төрт әділетті халифтеріне байланысты дастандардың басым көпшілігі бұқара халықтың ауыр тұрмысына назар аударуды насихаттай отырып, ауқатты байларды сынайды».

Діни қиссалардың, олардың ішінде «Бозторғайдың» XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне тигізген ықпалы айқын.

«Бозторғай» дастанындағы Әзірет Әлиге қойылған сауалдар, Әзірет Әлидің қарсы сұрақтары діни айтыс үлгілеріне тәсіл жағынан нақтылы әсері болғаны байқалады.

Молда айтты Әлиге: – нанармысың?
Менің айтқан тілімді алармысың?
Жұмбақ қылып айтамын он ауыз сөз,
Бір ауызын қалдырмай табармысың?
Әли айтты молдаға: – нанармысың?
Менің айтқан сөзімді алармысың?
Тапсам таптым, таппасам өлемін ғой,
Тапсам үш ауыз сөз айтайын, табармысың?

– Сөйлейін сөйле десең, Жаппар құдай,
Шарапаты Мәдинаның тұрар былай,
Дереу басың кесермін, тапшы жылдам,
Екеу, үшеу болмақ жоқ, оным қалай?
Үндерде не үн жаңа – Құран үні,
Түндерде не түр жаңа – Қадір түні,
Ол неге үшеу болсын, кәпір дұшпан,
Жаратқан бір құдай-ды ай мен күнді.

«Бозторғай» дастанының рухани, әдеби ықпалы мен мәні туралы зерттеуші ғалымдар А. Қыраубайқызы, Б. Әзібаева, А. Жақсылықов өз еңбектерінде көркем тұрғыдан бағалайды.

XIX ғасырдағы діни қиссалардың басым көпшілігі – нәзира-гөйлік салтымен қайта жырланған шығармалар. Таза аударма үлгісіндегі туындылар да болған. Ол дастандардың қазақ әдебиетінің, соның ішінде қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін де бойына сіңіріп, елеулі шығармашылық өзгерістерге түскені көрінеді.

XIX ғасырда діни мазмұндағы төлтума, авторлық дастандар да болды.

Исламды тарату жолындағы күрес жырланған дастанның бірі – «Зарқұм». «Зарқұм» дастаны 3742 жолдан тұрады. Дастан атауы зерттеушілердің айтуында парсы тілінен тарайды. Дастан сөзі тек қазақ әдебиетіне ғана емес, басқа да түркі тілдес халықтардың әдебиетіне термин, жанр ретінде сіңісіп кеткен. Эпос, қисса, хикая, мысал, даңқ, мадақ, атақ, абырой, ән, күй сияқты мағыналарды қамтиды.

Дастан түркі халықтарында әңгіме мағынасында да қолданылған. Ш. Уәлиханов: «Өлеңді – қазіргі жаңадан шыққан ақындарымыз суырып салма үшін де (импровизация), поэмалар үшін де қолданып жүр. Сұлтан Ә. Ғаббасовтың қарамағындағы ақындар Орынбай, Шөже тарапынан енгізіліп, негізінен, діни әңгіме түрінде баяндалатын хикая, әңгіме. Олар енді Сейіт Баттал қожаның ерлігін, Жүсіп Зүлейханың махаббатын, Ибраһымның өмірін әңгімелеп, өлең қылып айтып жүр», – деген.

Дастандар поэтикасын зерттеуде діни қиссалардың Құран желілерінен тарайтын түп тамырлары ескеріліп отырады. Зерттеуші Р. Ашимов қиссалардың әуелде ауызша әңгімеден орбу фактісіне ден қояды. Ирандық ғалым Ш. Сабзаваридың қиссалардың ауызша таралуы туралы тоқтамдарына зер салады. Қисса-дастан деп қосарлап қолданудың себебін «ауызекі» мен «жазбаша» айтылу, таралу негіздерімен сабақтастырған.

«Қазақ арасына ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық діні де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген. Бұған ескі әдебиеттегі толып жатқан қиссалар дәлел» (М. Әуезов).

XIX ғасырдағы діни қиссалардың көркемдік ерекшелігі, ең әуелі, олардың жазба дәстүрінде екендігі туралы сөз аз қозғалады. Жекелеген зерттеушілер мәселеге назар аударып отырғанымен, қиссаларды ауыз әдебиеті үлгілеріне жатқызу үрдісі басымы болды.

Айгүл ІСІМАҚОВА,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының профессоры, филология ғылымы докторы

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫНДАҒЫ» ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ

Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) – қазақ тіліндегі тұңғыш Әліппе, тіл білімі, әдебиеттану мен түркология ғылымдарының пән сөздері мен теориялық негізін қалыптастырып берген реформатор. Ғалымның «Қазақтың бас ақыны» (1913) атты зерттеуі мен қазақ тіліндегі тұңғыш әдебиет теориясы – «Әдебиет танытқыш» (1926) қазіргі әдебиеттанудың кәсіби тұғырнамасы болып табылады [1]. Кеңес кезінде авторымен бірге репрессияға ұшыраған бұл іргелі зерттеулер тек 1989 ғылыми айналымға қайта оралды. Кеңестік кезде тек соцреалистік таптық шеңберде дамыған қазақ әдебиеттануы А. Байтұрсынұлы қалыптастырып берген пән сөздерін қолданып келгенімен, зерттеулеріндегі әдебиет теориясын пайдалана алмады.

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түптамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», – дейді академик З. Қабдолов [2:72].

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» қазақ әдебиеттануы, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілін-

де жарық көрген тұңғыш ғылыми зерттеу екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет сөз өнері болса, оны жалпы халыққа түсіндіріп, кәсіби тұрғыда таныту басты мақсат екенін А. Байтұрсынұлы осылай айқындап берді.

Әдебиет теориясы бізде қашаннан бар? Осы орайда академик З. Қабдолов былай деген: *«Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық»* [2:72].

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З. Ахметов *«Әдебиет танытқыштың»* құндылығын былай деп анықтады: *«Әдебиет танытқышта», негізінен, поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырды* [3:64].

Академиктер Ш.Қ. Сәтбаева мен Р. Нұрғали «Әдебиет танытқышты» «әдебиет теориясы» деп айтқан еді. Тіл құралы

мен тілтану ғылымының негізі мен пән сөздерін ХХ ғасыр басында қалыптастырып берген А. Байтұрсынұлы екенін академик Рабиға Сыздықова сонау 1977 жылы жария етіп, оны Ұлт Ұстазы ақталғаннан кейін өз зерттеулерінде дәлелдеп берді [5].

Әдебиет танытқышты меңгерген М.О. Әуезов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайыловтар бұл іргелі зерттеудің басты теориясын совет кезіндегі зерттеулерінде ұстанды. Қазақ өлең құрылысы, қазақ әдебиеттануы мен әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырып бергені осылай реттелді.

«Әдебиет танытқышта» асыл сөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. Асыл сөз адамның жан сақтау емес, жан қоштау керегіне, қажетіне бағытталған: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Әдебиеттің басқа ғылымдардан айырмашылығы туралы былай делінген: *«Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді»* [1:151].

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі нақты дәлдікпен қолданысқа енгізілген. Бұл зерттеуде әр «пән сөзі» (А. Байтұрсынұлы) – категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде теориялық тұрғыда айқындалған. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» [1:168]. Демек, әр пән сөзі мен теориялық тұжырымның ішкі заңдылықтары мен мақсаттары анықталып, парадигма ретінде анықталған.

А. Байтұрсынұлы «Қарасөз бен дарынды сөз жүйесі» атты тарауда қарасөз бен көркемсөз аражігі анықталған. Сөйлеу түрлерін әдебиетші былай деп бөлген: *«Жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді*

жырлау, толғау дейміз... Жалаң лебізді сөздерді қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ [1:241]. Осы тұста әдебиетші бүгінгі әдебиеттанудағы «сөйлеу жанрлары» түрлерін былайша айқындап береді: «Асылына қарағанда, «қарасөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қарасөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады [1:241].

А. Байтұрсынұлы асыл сөз несімен өзіне назар аударады дегенге былай дейді: *«Сөздің асыл болуы – ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» [1:241].* Осы екі түрлі сөз жүйесінің айырмашылығы туралы: *«Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесі зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді». Себебі «Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік – көрік негізі» [1:242].* А. Байтұрсынұлы осы ретте ойлаудың екі түрін ажыратып берген: *«адам ойлағанда нәрсеге тиісінше ойлайды, иә көңілінің түйісінше ойлайды... Бір нәрсе туралы сөйлегенде, иә тиіс жағынан, иә түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде, иә тиіс жағынан алып, түсін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз, иә түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді, сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз. Сол секілді, әннің дауысы тиіс жағы болады. Әннің бізге әсері түйіс жағы болады. Нәрсенің тиіс жағы өзінде бар шын жағы; нәрсенің түйіс жағы өзінде жоқ, жабатын жала. Қоятын кінә, жағатын опа, адам апарып жапсаратын нәрсе» [1:243].*

А. Байтұрсынұлының келесі тұжырымдары да бүгінгі әдебиеттануға қажетті болып табылады: *«Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркем сөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша сөйлейтін, шын емес, шығарғы әңгіме болады. Көркемсөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әліне түсіріп айтады»* [1:243]. Көркем сөздің негізгі ерекшелігі осылай анықталған.

Көркемсөз несімен көркем? Оның басқадан ерекшелігі неде? Оған былай делінген: *«Көркем сөз – айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз – айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе, ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатты қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Жалаң сөзді қара сөз делініп, көркемсөздің дарынды сөз деп аталу мәнісі осыдан»* [1:244]. Бұл ойды А. Байтұрсынұлы нақтылай түседі: *«Қарасөз – жаратынды, тиіс ғалам турасындағы әңгіме де, дарынды сөз – ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме».*

«Тиіс ғалам турасында сөйлегенде жай күйінде жабайы тілмен тиісін айтамыз. Түйіс ғалам турасында сөйлегенде көңіл түйінінше өң беріп, дем беріп, көрнекі тілмен айтамыз. Бірақ тиіс ғалам турасында сөйлегенде де айқындық үшін ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады». Ең басты айырмашылық былай деп берілген: *«Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады»* [1:244]. Бұл басқа әдебиеттерге де ортақ екені туралы: *«Арабша қара сөзді шығарманы насыр деп, дарынды сөзді шығарманы назым деп айтады ... қазақша айтқанда, қара сөз, дарынды сөз деп жүгінеміз»* [1:244].

Қарасөзден адам тек ұғым алады екен. Осы тұста бұл ұғым түрлері аталған: 1) *Ес* ұғымы, яғни еске керек ұғым. 2) *Іс* ұғымы, яғни іске керек ұғым» [1:244]. Осы ретте А. Байтұрсынұлы М. Бахтиннің «Эстетика словесного творчества» (1975) еңбегінің басты қағидаларын сонау ХХ ғасыр басында қазақша былай айқындап бергені таңғалдыра түседі. «Қарасөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді» дегенге келесі ой жалғасқан: «*Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына; 2) Құдай тарапына; 3) ғылым тарапына; 4) әлеумет тарапына; 5) үгіт-тәрбие тарапына; 6) сын тарапына*» [1:245]. Аталған ұғым түрлеріне келес анықтама берілген.

1. «Адам зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұғым жүйесі даналық деп аталады... Даналықтың ес ұғымына тиісті жағы *сап даналық болады да, іс ұғымына тиісті жағы салт даналық* деп бөлінген. Сап даналық жолының өзі екі айырық болады: бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғы табансыз даналық, соңғысы және табанды даналық» делінген [1:245].

«Дін» туралы ұғым «ғақайд» – екіжақты делінген: 2. «*Бірі – діннің негізгі турасындағы ес ұғым*», «*біреуі – дінге керек ес ұғым*» [1:256]. 3. «*Ғылым*» деген ұғым жүйесінің түрлері салаларына байланысты. 4. «*Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады*». 5. «*Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолында жұмсағанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады*». 6. «*Зейін басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады*». Осы тұста қарасөз түсінігі нақтыланған: «*Қарасөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелерді айтамыз... Қарасөздің табынан түрін айыру керек. Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықтимал. Көптен бері көп жұртта қалыптанған түрлерін алғанда, қарасөз: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама*

болып үш салаға бөлінеді» [1:257]. М.М. Бахтин бұларды речевые жанры – сөйлеу, баяндау түрлері деп берген.

А.Б. Байтұрсынұлы нақтылап берген: «Әуезе – болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру». «Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді: 1) мәлімдеу, 2) мазмұндау, 3) қорыту» (1: 258). Әуезе түрлері: шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме. Әліптеме: «Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады». Әліптеу түрлері: 1) пәнді әліптеу; 2) сәнді әліптеу; 3) жол әліптемесі (1: 262–264). Байымдама, зейіндеме: «Көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма *байымдама* деп аталады» (1: 264). Байымдама түрлері: 1) пән (ғылым); 2) сын; 3) шешен сөз; 4) көсем сөз.

Қарасөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады. Яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпат, тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз *көркем сөз* деп аталып, қара сөздер *жалаң сөздер* деп айтылады» [1:258]. Ғалым мұнымен шектелмейді. Осы екі түрлі сөзді қалай тануға, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркемсөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек» [1:269].

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қарасөз «шығарманың сүлде жағының сыны» болса, көркемсөзге басқа міндеттер жүктеледі: 1. «*Тұрмыстың қай жағын алып сөз қылған? «Мазмұны дұрыс па? Яғни өмірде ондай қалып ұшырай ма?.. Адам баласының бәрінде бо-*

ларлық қалып па, белгілі бір табында ғана боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейін қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. Сурет жағының сынында сұраулар мынау түрде болмақ: 2. Көркемсөз табына шын қосыларлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?» [1:269]. Әдебиет теориясындағы дискурстық стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет, мазмұн мен мағына, эстетика мен этикалық контент категорияларын Ахмет Байтұрсынұлы осылай анықтап тастаған.

Көркемдік түсінігінің, көркем шығарманың белгілері қандай деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін атап айтқан. Әдеби сынға қатысты пікірі күні бүгін нақтылығымен құнды. Сынның негізгі шарттары келесідей айқындалған: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар: 1) Тілдің лұғатының сыны, яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны». Яғни шығарма тілінің стилистикалық ерекшеліктері, бүгінгі лингвистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады, демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: 2) «Суретінің сыны: яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар: 1) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына эсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады» [1:269]. Біз қазір мәтіннің мазмұнымен ғана шектеліп келеміз.

А. Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркем-сөздің басты ғылыми сараптамалық мақсатын аналитикалық талдау арқылы тұжырымдайды. Қазіргі әдебиеттанудағы антропологиялық адамдық кодтың аксиологиялық ұстанымын Ахмет Байтұрсынұлы осылай басты еткен. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркемсөз мәтіні ғана сынға түсуі абзал, тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұн болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» – «содержательная форма» деген категорияның мазмұнын Ахмет Байтұрсынұлы осылай қазақша түсіндірген.

Қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А. Байтұрсынұлы сонау 1920 жылдары осылай айқындаған. Бұл – өз алдына мойындалған ғылыми факт, бірақ басты ой «Әдебиет танытқышта» ұсынылған жаңа заманауи кәсіби концепцияда. Бұл бүгінде қажетті тұғырлы классикалық эстетикалық ұстаным. Ресей, Европа, Америка әдебиеттануында бар теориялық тұжырымдар мен қағидалардың сонау XX ғасырдың басында қазақ топырағында баяғыда қалыптасқанын біз тек 1989 жылы «Әдебиет танытқыштан» білдік.

А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты теориялық ұстанымдары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырым: ұлттық әдебиет ұлт мұқтажы, ұлт тарихы мен ұлттық этикалық құндылықтарды ұстанатын контексте дамуымен құнды. Өлбетте жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде. Сондықтан «сөз өнері» деген термин халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиеттің ауызша не ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету қажет болды. Осы ретте Әдебиет танытқышта былай делінген: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі» [1:281].

2. Әдебиет танытқыш әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады, яғни «пән сөздері» (АБ) басты кәсіби қажеттілік. Сонда ғана зерттеу мағыналы болып, көпсөзділіктен сақтайды.

3. Әдебиеттанушы көркемдік әлемінің күдіреті автордың ішкі рухани тәуелсіздігімен тікелей байланысты екенін айтып, осы ретте Абай, Мағжан мәтіндерінің аналитикалық талдауын үлгілі классикалық етіп келтірген.

4. «Жазу әдебиет» тарауында А. Байтұрсынұлы біз бүгінге дейін түрлі айтып келген қағиданы дәлелдеп береді: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» [1:316].

Ғалым жазба әдебиетті екі дәуірге бөледі: 1) діндар дәуір; 2) ділмар дәуір. *Діндар* – «діншіл» деген мағынада, *ділмар* – «тілшең» деген мағынадағы сөздер» [1:318]. «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып» соған еліктегеннен пайда болса, «ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [1:318]. Бұл құбылыс – тек қазақ емес, «барша жұрттың басында болған іс».

5. А. Байтұрсынұлы жазу әдебиетінің үш түрлі баяндау дискурсын анықтап берген: 1) *ертек* (әнгіме); 2) *толғау*; 3) *айтыс-тартыс*: «Жазу әдебиетінің ертектен түріне кіретін сөздері – ауыз ертектен, ертектен жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ. Ашып айтқанда, ауыз әдебиетте айтыс тартыс түріндегі сөздердің ауыз әдебиетте айтысы бар да, тартысы жоқ» [1:307].

6. Діндар дәуір әдебиеті несімен ерекшеленеді? Ол туралы былай делінген: «Діндар дәуір ауыз әдебиеті түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-түрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: *қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме*» [1:319]. Әдебиетші

аталған жанрлардың сыр-сипатын анықтап берген. Әдебиет танытқыштағы біз ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: *мінәжат, намыс толғау* деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» (XIV–XVI ғ.) еңбегі «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның басы мен соңы «Алла тағалаға мінәжат айтумен» аяқталады. Совет кезінде тыйым салынған бұл мінәжат жанры туралы мәлімет тек А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе?

7. Әдебиет танытқыш әлемдік әдебиет контексінде жазылған. «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды» [1:276].

Қазіргі әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «ортақ сюжеттер» деген мәселелер туралы А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» [1:276].

8. А. Байтұрсынұлы пайымдауынша, көркемдік заңдылығы мен оның шарттары анық және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «*адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз»*. Сондықтан «*Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі*» [1:337]. Өйткені «*Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады*» [1:337]. «*...Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөзді айқындап, нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтып та жұртты хабардар*

қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сынай білмекші; сынай білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады» [1:338]. Әдеби дискурс, даралық стиль, көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай танытады.

9. Қазіргі постмодернистік теориялар бастау алған әлемдік деңгейде мойындалған Ресей теоретигі М.М. Бахтиннің «роман теориясы» бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы жанр, сондықтан ол сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі ең соңғы әдеби жанр. Яғни роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін синтездеп жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман – осындай жан-жақты баяндау, сөйлеу, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра) меңгеріп, өзінің оларды жаңа контексте қайта жаңғыртып оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге әсер ете алатын жазба әдебиеттің ең соңғы финалдық жанры [4].

М.М. Бахтиннің осы «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1980 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А. Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау 1920 жылдары қазақша – төтесінен айқындап беріпті. А. Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен [1:343].

А. Байтұрсынұлы осы ретте романға тән нақты теориялық дискурстық айқындау береді: «Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек. Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады» [1:343]. Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.М. Бахтиннің: «Романдық

стиль повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» [4] деген әйгілі қағидасын А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Ресей ғалымынан қырық жыл бұрын айтып, осылай дәлелдеген.

Роман стилінде қорытылып, жүйеленетін *ұлттық тілде сөйлеу, баяндау жүйесінің жанрлық дискурстық түрлері* теориясын – Бахтиннің («речевые жанры») қағидасын А. Байтұрсынұлы қазақ сөз өнеріне қатысты жоғарыда көрсеткеніміздей анықтап беріп, көркем прозаға қатысты былай деп тұжырымдаған: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді... *Ұлы әңгіме жазушы көркемсөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек*».

10. Романдық дискурсты *жүйелей келе А. Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс деп жіктейді. Осыған орай бұл дискурстық ұстаным да нақтыланған: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» [1: 273]. «Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз...». «Толғанғанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін – мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды» [1: 273-274].*

Көркем мәтінді аналитикалық тұрғыда осылай танып, оны осы кәсіби тұрғыда талдай алу үшін, әрине, кәсібилік қажет. Толғанып не әуезелеп жазудың дискурстық ерекшелігі былайша айқындалған: *«толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл*

құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [1: 274]. «Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры, толғау – ішкергі ғаламның күйі». Бірақ «Сөйлеу жүйесінің мақсаты сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп түйіндейді А. Байтұрсынұлы. Сондықтан «Әдебиет сөзін тәртіптеп, тапқа бөлу керек. Жұртынан шыққан ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негізгі 3 тапқа бөлген: 1) әуезе; 2) толғау; 3) айтыс (1: 260).

Көркем мәтінді талдағанда, оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысушыларды да А. Байтұрсынұлы анықтап берген. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының, оқырманның «асыл сөзді танымайтын надандықтары» да айтылып, құнды мағлұмат берілген. [1: 151].

11. Әдебиет танытқышта адамдық пен әдебиетті мәңгілік контексте танытуға бейімделген жалпыадамзаттық этикалық дискурс басым. Аналитикалық талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы кәсіби мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Ғалымның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін қалыптастырған терминдерінің өміршендігінің сыры да осы заманауи классикалық ұстаным тұғырында. Бұл ұстаным М.М. Бахтин зерттеулеріне де тән.

А. Байтұрсынұлы осыдан жүз жыл бұрын әдебиет теориясының «пән сөздері» (термин) мен талдау жүйесін қазақша сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде-ақ көтеріп тастағаны айқын.

Пән сөздері, сөз өнері, асыл сөз ұғымдарын қалыптастырып берген ғалым басты тұжырымды былайша анықтаған: «Сөз өнері адамның жан қоштау керегінен шыққан». Сондықтан: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу,

суреттен ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау». Асыл сөздің көркемдік, дискурстық танымы келесіндей ұйғарылған: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарату» [1: 154].

Қазіргі әлемдік деңгейдегі заманауи әдебиет теориясын ана тілімізде осылай танытып берген Ахмет Байтұрсынұлының Әдебиет танытқышы ғалымның шын мағынадағы Ұлт Ұстазы бола білгенінің тағы бір дәлелі болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 1 том. – 384 б.
2. Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.
3. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001.
4. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва, 1986. – 357 с.
5. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – Москва, 1975. – 369 с.
6. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 480 б. :119-125. 138-143 б.

Гүлзия ШРӘЛІ,
филология ғылымдарының докторы,
«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері

М. ӘУЕЗОВТІҢ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫН ТАНЫТУДАҒЫ ТАР ЖОЛ ТАЙҒАҚ КЕШУІ

Тұлғаны тану – алдымен, оның туған халқын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету деген сөз. М. Әуезов өзінің «Ақанның елу жылдық тойы» дейтін мақаласында Ахмет Байтұрсынұлының ұлт тарихындағы орнын, қазаққа еткен рухани қызметін бүтін бір халықтың сауатын ашып, ұлттық санасын өсірген «Қазақ» газетін шығарудағы еңбегімен байланыстырып баяндаған. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті арқылы сол кезеңдегі отаршылдық саясатқа қарсы шығып, «қайтсем, қазақты оятып, ел етемін» деп еңбек еткен ер екендігі жөнінде кеңінен толғап жазған М. Әуезов: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатынын, жалпы «Қырық мысал» қалың қазақ жұртының алғаш естіген төңкеріс рухындағы сөзі еді», – дегенді ескертеді.

Біздің бүгінгі баяндамамыздың өзегі Мұхтар Әуезовтің Ахмет Байтұрсынұлының ұлттың рухани көсемі ретіндегі тұлғасын танытудағы тар жол тайғақ кешуге тура келген тарихи оқиғасы төңірегінде өрбімек.

1944 жылы орыстың атақты мысалшыл ақыны И.А. Крыловтың туғанына 175 жыл, ал қайтыс болғанына 100 жыл толуы одақтық көлемде кеңінен аталып өтеді. Осы датаға орай оның «Мысалдар» атты бір томдық жинағы Бейсембай Кенжебаев басқаратын «Қазақстан мемлекеттік біріккен баспасынан» жарық көреді. «И.А. Крылов. «Мысалдар. Жыйнақтарған және редакциясын қараған Мұхтар Әуезов, Бейсембай Кенжебаев, Қапан Сатыбалдин. Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы, Алматы 1944» деген осы жинақтың жарыққа шығу тарихы белгілі бейсембайтанушы, әдебиетші Құлбек Ергөбектің «Қырық мысал» қалай қайта оралды?» деген мақаласында баяндалады. Көп оқырманға беймәлім мәліметтерді беретін нарратологиялық мәтінді сол кезеңнің суық саясатының сесін сезінбей оқу мүмкін емес. Бейсембай Кенжебайұлының естелігі бойынша Құлбектің күнделігіне түсірілген жазбада бүкіл қазақ жұртының бетке ұстар ұлылары, ары мен абыройы, беделі мен айбары болған Бейсембай Кенжебаев мен Мұхтар Әуезовтің осы жинақты шығарудағы құпия құрған жоспары, екеуарадағы диалогы беріліпті. Мәтінде әдебиет тарихына қатысты қаншама құнды мәліметтер бар. Ең бастысы, ұлт көсемі, рухани реформатор, Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалына» қатысты тың деректер, екі бірдей ұлы тұлғаның «халық жауы» атанып, атылып кеткен Ахметтің өзін болмаса да туындыларын қайта тірілтіп, халық арасына тарату мен танудағы «тар жол тайғақ кешу» тағдыры көз алдыңызға келеді. Әсіресе орыс мысалшысы И.А. Крыловтың мерейтойын тиімді пайдаланып, 1944 жылғы жинаққа аудармашысын көрсетпей Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалынан» бірнеше мәтінді қосып жіберуі шынында да көзсіз ерлік еді. Сондықтан бұл деректерді еске алғанның артығы болмас дейміз.

Олай болса, оқиық: «...кешкілік Мұқаңмен көше қыдырыстап жүріп кеңесті.

- Соғыс уақыты, қорғанысқа ықпалды ақын емес, басняшы.
- «Правда» жазып жатыр ғой, Мұқа.
- Дұрыс-ақ қой, Бешім. Көбісінікі жәй аударма.

– Ақаң ше? «Қырық мысал» ше?

– Сонда «Қырық мысалдан» кіргізбекпісің, Бешім? (Мұқаң сыбырлай үн қатты)

– Крыловты Ақаңнан артық аударған кісі бар ма, қазақта? «Қырық мысалды» қалың қазақ жұртшылығының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағаламап па едіңіз кезінде, Мұқа?!

– Солай деппін бе, тәйірі?! «Әдебиет тарихын» ұмыта алмай жүр екенсің-ау, Бешім?! Ол бір өткен тарих. Бүгінгі жай басқа. Ол – зынданға тасталған кітап, өлген ғой.

– Адамның қай қасиеті мінезінде болса, міні де сол мінезінде болады деп алып, ұдайы айтар: «Мен өмірде ұстанған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық адамның айнымас табандылығында..» демейтін бе едіңіз?! Сізге не болған?

– Ойпыр-ай, қалай болар екен? Басқан ізіңнен достық, ізгілік емес, дұшпандық өріп шыға келеді. Жұрттың бәрі көргіш, көрсеткіш, қалай болар, Бешім? Мұқаң сөзінің аяғын күйіне сөйлеп кетті. Бұл басқа емес, Ақаң ғой, ұлт көсеміне айналған Ақаң. Оның «Маса» болып шаққанын, шаға жүріп оятқан өлең, жырын, мысалды бастамашы етіп алып, халықты оятуға тағы да жұмылып кете баратын насихат, толкования өлеңдерін жұрт ұмыта қойды ма екен?

– Ең бастысы, мақсат та сол емес пе? Орыс мысалшысын жамылғы етіп, Ақаңның «Қырық мысалын» жарыққа шығармаймыз ба, Мұқа? Биылды жоспарлағанда «Мысалдар» жайында осындай ойым болып еді...енді көгентүпке келіп отырмыз. Шегінерге жер жоқ. Азарлығы «толкования өлеңдерін» сыпырып алып қаламыз да, «Қырық мысалды» аударма ретінде жинақтың ішіне аралатып, шашып жіберіп бүге бүркей орналастырамыз. Крылов атымен жарыққа шыққан соң бұл қазақ бәле іздеп, беттей алмаса керек. Нәсілі орыс қой... Бірін-бірі көргіш, көрсеткіш қазақ орысқа келгенде құйрығын бұтына тыққан иттей күй кешеді...

– Анау Сәбит досың қайтер екен? Қостар ма?

– Қостар. Не етіпті? Сөйлесейін.

– Ең бастысы, Орталық Комитетке жазып, комиссия құрғызайық. Бел болсын.

– Сәбитпен Сіз де сөйлессеңізші, Мұқа. Сүйенген болайық. Қанша айтқанда Жазушылар одағының басшысы» [1: 37-38], – деп, диалог осылай шаруаның ұсақ-түйегіне дейін пысықталып, еш жерден мүлт кетпеспей етіп мұқият жоспарланады. Шынында да осындай сұхбат болғаны рас па, әлде ғалымның естелік негізінде өзі жазып отырған мәтіні ме, ол арасы бізге беймәлім, артық-кемі болса ол автордың ар-ұятында. Бізді қызықтырып отырған нәрсе – Мұхтар Әуезов пен Бейсембай Кенжебаевтың – екі ұлы тұлғаның ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалын» қазақ оқырмандарына таныстыру мақсатында «тар жол тайғақ кешуі». Мұхтар Әуезов ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 1909 жылы Санкт-Петербургте жарияланған «Қырық мысал» кітабын қайта жаңғырту үшін қасындағы қаптаған қырағы көздерден қаймықпай, «Жұмбақ жалау» романына сын айтып, арасына сызат түскен Сәбит Мұқановқа да тәуекел етіп қолқа салып қауіпке толы істі қолдап, қолға алады. Қарап отырсаңыз, бұл әрекет М. Әуезов пен Б. Кенжебаевтың бастарын бәйгеге тіккен, кез келген сәтте құрбан болып кетерлік жүрек жұтқан ерліктері еді.

Неге болса да белді бекем буған М. Әуезовтің «шешінген судан тайынбас» дегендей ағысқа қарсы жүзген «алашшыл», «халық жауы» атанған тұлғаның туындысын тірілтудегі тар жол тайғақ кешуінің тасқа таңба басқан эпистолярлық мұрасы Қазақстан Республикасы Орталық архивінен табылған екен. Сәбит Мұқановқа жазған М. Әуезовтің хатының мәтіні мынадай:

«Сәбит! Мен сені көп тосып келтіре алмай, кетіп қалдым. Сөзім Крылов жайы еді. Алдыңғы күні мәжілістің қаулысын мен өзім жазып отырып Татаренкоға беріп кеттім. Ол қаулыда ендігі жұмысты сен басқаратындығың жазылған. Сырцовқа да айттым. Ендігісін өзің қорғай берерсің. Бір шұғыл нәрсе Толстой телеграммасына жазылған жауап еді. Мен оны жазып беріп ем. Сырцов бұдан толық жазу керек депті. Мен онымен асығыс сөйлесіп қалдым. Сол телеграммамды Сырцовпен ақылдасып толықтырып жіберерсің. Одан басқасы әр кеңсе берген план да, соны орындағанын бағу ғой. Хатшысы керек еді. Балақаев кетіп қалды. Мынау Татаренко деген әйел, аса нағрузкасы көп кісі екен.

Әзір тапсырған ұсақ іске де жауыр аттай қисандап барып көнеді. Мен кейде онымен ұрысысып та қалып жүремін. Бірақ Сырцов әдейі бөліп шығарған кісім дейді. Сол кісі істеуі керек дейді.

Егер Совнарком жағында бөгелеңдей беретін болса өз аппаратыңмен де қорғайсың ғой.

Әзірше осы. Мен кіріспе сөзді 2-3 күнде бітіріп жіберемін. Асқар аудармасы аса жақсы екен. Бейсембайды күнделікті кітапқа шұғылдандыра бер. Мұхтар. 25.XI.-44» (2-1634 қоры, 1-тізбе, 128-іс.). Ұлы мысалшының атын жамылып Ахмет Байтұрсынұвтай «ұлтшыл», «байшыл» – Алашорда көсемінің рухын ояту тек жеке басының тыныштығынан гөрі ұлттық мүддені жоғары қоя білетін дара тұлғаларға ғана тән қасиет болса керек. Эпистолярлық мұрадағы тың мәліметтер – бүгінгі мұхтартану үшін де үлкен табыс.

1944 жылы жарық көрген жинаққа арнайы жазылған Мұхтар Әуезовтің алғы сөзі жазушының елу томдық толық шығармалар жинағының 17-томында «Иван Андреевич Крылов» деген тақырыппен жарық көрген. Жинақтың 5-12-беттерінде берілген «Иван Андреевич Крылов» тақырыбындағы алғы сөз мақаланың соңында «М. Әуезов. Алматы. 1944 ж.» деп көрсетілген. «Жазушы мұражайының архивінде мақаланың машинкаға басылған қолжазбасы сақталған (238-бума, 47-57 бб.). Қолжазба мәтіні Крыловтың 1944 жылы шыққан жинағындағы мәтінмен бірдей. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы 21 қарашадағы санында М. Әуезовтің «Иван Андреевич Крылов» атты мақаласы шыққан», – делінген 17-томдағы мақалаға берілген Р. Әбдіғұловтың ғылыми түсінігінде (3-352 бет).

Қазақ оқырмандарының ұлттық рухын тербеткен Ахмет Байтұрсынұвтың «Қырық мысалының» мәтіндері енген алғы сөзде М. Әуезов өздерінің жасырын жоспарының жымын білдірмей жалпылама сөйлеп, көбіне мысал жанрының табиғаты мен стильдік ерекшелігіне тоқталады. Орыс мысалшысының өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқтала келіп: «. Крыловтың мысалдарының барлығы бірдей өзі шығарған мысалдар емес. Кейбір мысалдарды ол ескі Римнің Эзоп деген ақынынан алады.

Тағы бірталай мысалдарын француз халқының XVII ғасырда болған мысалшы ақыны Лафонтеннен, тағы басқалардан да алады. Бірақ алғанда әңгіме желісін алады да, соны орыс тілінде өзінше өзгертіп әңгімелейді. Бұл ретте орыс халқының өзінде бар ертегіден, жалпы халық шығармаларынан алған нәр қоры аса мол. Орыстың өз тіліндегі мақал, нақылдарды көп қосып, көп өңдеу арқылы жаңағы ақындардың мысалдарынан мүлдем жаңа, тың мысал етіп жібергендей болады. Сондықтан шеттен алды деген мысалдарының өзін де Крыловтың өз шығармасы деп санарлықтай...», – деп кәсіби маман ретінде ғылыми пікірін білдірген (4-15 бет).

Осы мақаласында М. Әуезов И.А. Крылов шығармаларын қазақ тіліне аудару тарихына да кеңінен шолу жасайды. И.А. Крыловтың «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен түлкі», «Бүркіт пен қарға», «Шырылдауық шегіртке» сияқты мысалдарын қазақ тіліне ең алғашқылардың бірі таныстырған Абай Құнанбаев екендігін және олардың бәрі де жоғары көркемдік сапада аударылғанын баяндайды. И.А. Крыловтың әрі сатиралық, әрі поэзиялық мысалдарын қазақтың бойындағы жаман әдет, жағымсыз қылықты мазақтай, күлкі ете отырып өсиет айту мақсатында пайдаланған Абай дидактикалық сатира жанрына көп көңіл бөлген. Сюжеті, айтылар ой-пікірі ортақ болғанымен, қазақ ақынының баяндау әдісі, құрылысы тың, қазақы ауызекі диалог, қара сөз, әңгіме жаңа түр, жаңа сипат тапқаны жөнінде М. Әуезов кейінгі зерттеулерінде де кеңінен сөз қозғаған. Әрі олар қазақ өміріне бейімделіп жазылғандықтан ұлттық ұғымға лайықталған кейіпкерлермен кескінделгені мәлім.

Алайда М. Әуезов мақаласында тереңдетіп талдауға, аударма тарихын таратып айтуға тілі қысқа болып, ішіне талай сыр бүккенін біреу біліп, біреу білмес. Мысалы: «...Абайдан соң революцияның өзіне шейін де Крылов қазақ тіліне көп аударылды. Абай үлгісімен аударған ақындар бірнеше. Олардың кейбірі аудармаларын топтап, мысалдардың жеке жинағын да шығарған. Сондай аудармашының бірі – жазушы ақын Спандияр Көбеев. Ол Крыловтан 44 мысалын аударып, бір жинақ қып бастырады.

Бекет Өтетілеуов деген ақын және тағы бірнеше кісілер аударма жасайды. Сол аудармалар арқылы Крыловтың мысалдап жазу үлгісін қостаған қазақ ақындары да болған. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев сияқты ірі ақындар да кей кезде Крыловша мысалдап жазатын болады», – деген топтың тізімінде бүркемеленіп Ахмет Байтұрсыновтың есімі тұрғанын жинақпен таныс оқырман ғана білері сөзсіз [5: 16]. «Олардың кейбірі аудармаларын топтап, мысалдардың жеке жинағын да шығарған», – деген сөйлемнің Байтұрсыновқа бағышталып тұрғаны байқалады. И.А. Крыловтың туғанына 175 жыл, қайтыс болғанына 100 жыл толу мерей тойына орай жарық көрген жинаққа қазақ ақындары Асқар Тоқмағамбетов, Дүйсембек Еркімбеков, Нығмет Баймұхамедов, Қапан Сатыбалдиндердің де жаңа аудармалары енгені М. Әуезовтің алғы сөзінде айтылған. Қалай болғанда да тағдырлары қыл үстінде тұрып, көзсіз батылдыққа барған М. Әуезов пен Б. Кенжебаевтың бастамасымен 1944 жылы дайындалып, көп кедергілерге кезігіп 1945 жылы жарияланған И.А. Крылов мысалдарының қазақша аудармасындағы авторсыз кеткен көп мысалдар мәтіні ұлы ағартушы, аудармашы, ақын, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсыновтың тәржімалары екендігі Б. Кенжебаев пен М. Әуезовтің сұхбаты арқылы айқындалып отыр. Осы екі бірдей ұлы тұлғаның тілін байлаған кеңестік кезеңнің китұрқы саясатына деген ашу-ыза көрнекті сатирик, ғалым, ұстаз Темірбек Қожакеевтің «Қадірін біз білмеген-басқа білген» деген мақаласында мейлінше молынан көрінген. Тәуелсіздік тұсында белгілі болған шет елдік ғалымдардың еңбегіндегі Ахмет Байтұрсыновқа, жалпы Алаш зиялыларына қатысты құнды тарихи деректер бүгінгі оқырманды да қызықтырары сөзсіз. Кеңестік кезеңде «шаш ал десе бас алатын» шолақ белсенділердің асыра сілтеуінің салдарынан ұлты үшін қандай қиындықты да қайсарлықпен көтерген Алаш зиялылары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. сияқты даңқты тұлғаларға түрлі саяси жала жабылып, «алашшыл», «ұлтшыл» деген айыппен атылғаны, сол «елім» деген ерлердің қадірін күні кешеге дейін білмегендігіміз, ал үш қайнаса сорпасы қосылмайтын алыс құрлықтағы ағайындардың оларды парасаттың биігі деп пана

тұтып, ар-абыройын асқақтатқаны жөнінде Т. Қожакеев мынадай мәліметтер келтіреді:

«...1967 жылы Америкадағы Колумбия университетінің профессорлары Эдвард Олуорд, Ян Муррей Мэтли, Карл Х. Мэнгес өз шәкірттерімен бірлесіп, Нью-Йоркте ағылшын тілінде «Орталық Азия орыс билеген ғасырда» («Центральная Азия в век русского правления») деген кітап шығарыпты. Онда Орта Азия халықтарының экономикалық, саяси, мәдени даму жолдары, ұлттық сезімнің оянуы, интеллектуалдық жағынан өсуі, әдебиетінің дамуы жөнінде көп айтылған. «Сол кезде өзіміз «халық жауы»

деп мансұқ етіп, арам көріп отырған А. Байтұрсыновымыз туралы 16-бетте пікір білдірген. Оның саясат, әдебиет, мәдениет майданындағы ерлік істерін ерекше бағалаған. «Кітаптың 175-бетінде Ахаңды саналы, арлы, намысты ортадан шығып, орысша

білім алып, еліне қайырымдылық көрсеткен, ізгілік істеген азаматтардың бірі ретінде атап айтқан... Америка ғалымдары М. Дулатов жазған «Ахмет Байсұрсынович Байтұрсынов» атты библиографиялық очеркті («Труды Общества изучения Киргизская края», III, 1922, стр. 18-19) пайдаланып, көп деректер берген. Америкалықтар 1920 жылы қазақ елінің ежелгі арманы жүзеге асып, оған ұлттық Автономия берілгенін, 26 августа ол туралы Указ болғанын, 4-12 октябрьде Құрылтай съезі өткізіліп, Қазақ АССРы жарияланғанын, Ахметтің үкімет құрамына енгенін, Ағарту комиссиясы болып сайланғанын да жазады (стр. 236-239). Олар А. Байтұрсыновтың ғылыми еңбектеріне де арнайы тоқталған. Қазақ әліппесін жетілдірудегі, қазақ әдебиетін дамытудағы рөлін де көрсеткен. Ахметтің «Маса», «Қырық мысал» кітаптарының елді ағарту, жастарды тәрбиелеу ісіндегі маңызын жоғары бағалайды», – делінген (6-124 бет). Сондай-ақ көрнекті зерттеуші Т. Қожакеев америка ғалымдарының Ахметтің бес жыл бойы трибуна етіп пайдаланған «Қазақ» газеті туралы да тың пікірлер жазғандығын, біз «ұлтшыл», «алашшыл» болды деп даттап жүрген Ахмет Байтұрсыновтың Индия, Ауғанстаннан бері қарай ұлттық құндылықтар жөнінде пікір, идеялар таратқанына ерекше мән береді.

Ахметтің елге еткен еңбегін бағалауға кейбір өзіміздер, саясаткер «саққұлақтар» қарсы болып, бүркеп, басып отырғанда

олардың қадір-қасиетін мұхиттың ар жағындағы америкалықтардың білгендігін, әділін айтып, Алаш азаматтарын аялап, ардақтағандығын да мысқылшыл ағамыз қатты ашынып айтқан. Бұл мақала Алаш рухының кейінгі ұрпақ санасында да үзілмегендігін көрсетеді. Ал Бейсенбай Кенжебайұлының Ж. Аймауытовтың «Психологиясын», Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын», Құрманбай Толыбаевтың М. Дулатовтың «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамалын», Ә. Шәріповтің Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын», Бауыржан Момышұлының Ахмет Байтұрсыновтың осында аталып отырған «Қырық мысалы» мен «Масасын» сол қиын қыстау кезінде талай тар жол тайғақ кеше отырып, бүгінгі ұрпаққа жеткізуі де Алаш қозғалысының рухы қазақ халқының ұрпағымен мәңгілік жалғасатынын дәлелдесе керек. Түп тамыры көне замандардағы әдеби қазыналардан мәлім ұлт азаттық идея, алаштықтардың ұлттық рухы кешегі Бауыржандардың Ұлы Отан соғысында көрсеткен шайқасында, бүгінгі Желтоқсан оқиғасында жалғасып, тәуелсіздікті тұрақтандыруға міндетті қазіргі ұрпаққа үлгі өнеге болары сөзсіз.

Дүние жүзіне мәлім атақты мысалшыл Крыловтың мысалдары қай халыққа да болса да сол халықтың өзі тудырғандай әсерлі, жақын, қызықты болғаны белгілі. Сондықтан да М. Әуезовтің алғы сөзінде аталған қазақтың көрнекті ақын-жазушылары, әсіресе Абай мен Ахмет шағын жанр мысал арқылы өз кезеңдеріндегі саяси-әлеуметтік ойларды айта білгені мәлім. Олай болса, ұлы ұстаз, даңқты да дара тұлға Ахмет Байтұрсыновтың бүгінгі саяси әлеуметтік ортаға да ықпал ете алатын «Қырық мысалы» қазақ қоғамының рухани сұранысына қажетті құнды дүние деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ергөбек Қ. «Қырық мысал» қалай қайта оралды? (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. «Б. Кенжебаев және қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің ғылыми-әдіснамалық мәселелері». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 30 қазан, 2014 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 109 б. – 39-бет.

2. ҚР Орталық архиві. 1634-қор, 1-тізбе, 128-іс.
3. Әбдіғұлов Р. Ғылыми түсінік. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 17-т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2004. – 376 б. – 352 б.
4. Әуезов М. «Иван Андреевич Крылов». Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 17-т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2004. – 376 б. – 15-бет.
5. М. Әуезов. «Иван Андреевич Крылов». Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 17-т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2004. – 376 б. – 16 бет.
6. Қожақеев Т. «Қадірін біз білмеген-басқа білген». Таңдамалы шығармалар. Көптомдық. 1-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 322 б. – 124 бет.

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті және
әдебиет теориясы кафедрасының профессоры м.а.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАНРТАНУ ІЛІМІН НЕГІЗДЕУШІ

Қазақтың бас әдебиеттанушысы, лингвист, энциклопедист ғалым, алаш қайраткері, кешегі ұлт ұстаздары Шоқан, Ыбырай, Абайдың ұлы істерін жалғастырған біртуар тұлға Ахмет Байтұрсыновтың сан-салалы еңбегі бүгінде халқымызға аян. «Әдебиет – мемлекет басқарудағы ұлы іс» деп қытай философы Цао Пи айтқандай, ұлт көсемі А. Байтұрсынов әдебиет, тіл мен мәдениет ісін әлеумет, мемлекет ісімен ажырамас тұтастықта танығаны ақиқат.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты әйгілі еңбегінде өз заманының үрдісіне сай әдебиеттану салаларына қатысты түйткілді мәселелерді терең толғап, оның ішінде әдебиет теориясының негізгі ұғымдық аппараттарын ұлттық әдебиетіміздің мысалында түсіндіре талдап, өз кезеңіне сай пән сөздерін қолданады, сондай-ақ әлемдік жанртану ілімінің жетістіктеріне сүйеніп, ұлттық әдебиет жанрларын алғаш рет тек пен түрге жіктеудің қағидаттарын да тұжырымдайды.

Ұлттық әдебиеттануда ғұлама ғалым А. Байтұрсынов «әдебиет сөзін» әуезе, толғау, айтыс деп үш «тапқа» бөледі. Әуезеде «әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылатынын, толғауда толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алатынын», ал «айтыс қазақта ауыз әдебиет түрінде болғанмен, айтыс-тартыс түріндегі сөздер басқа жұрттарда жазу, сызу, өнер, ғылым шыққан уақытта болғанын» пайымдай келіп, «қазақтың Абай сөздерінен басталатын Еуропа үлгісіндегі

сындар дәуірі әдебиетіндегі айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, өз көңіл күйінен еш нәрсе қатыстырмайтынын тұжырымдайды. [1,407; 409; 457]

Әрине, жанр туралы тұжырымдардың бастауы көне замандарда жатқандығы белгілі. Бұл көркем әдеби үдерістің үздіксіздігін айқындайды. Көркемсөз туындыларын ерте кезден эпос, лирика, драма деп аталатын үш текке бөлу дәстүрі, ақынның өз атынан сөйлеуі лирикаға тән екені, шығарманы кейіпкерлердің пікір алмасуына құру және ақынның кейіпкерлер сөздеріне араласпауы трагедия мен комедияға тән болуы, ал өз сөзін бөгде сөзбен біріктіруі әрі арасында өз атынан сөйлеуі эпосқа тән екендігі Сократ, Платон, Аристотель, Гегель пайымдарынан танылады [2, 308]. Тіпті, көрнекті зерттеуші В. Шмид «Нарратология» атты еңбегінде көркемсөз жанрларын үш текке бөлу б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген Диомед «Граммматикасында» да көзге түсетінін, жалпы орта ғасырда жанрларды сөйлеуші инстанциялар белгісіне қарай ажырату-жанр типологиясына жол ашқанын байыптайды [3,109]. Десе де, жанртанушылар эпос, лирика, драма тектеріне толық жатпайтын тектен тыс шығармалар бар екенін жоққа шығармайды. Оларды тектен тыс жанрлық түрлер сипатында танытады.

Ғұлама ғалым А. Байтұрсынов шығарманың түрін оның мазмұнына қатысты: «1) жай сөйлеу түрде, 2) сөйлестірген түрде, 3) хат түрінде, 4) аралас түрде», – деп бөледі, олардың шығармаларда аралас келіп отыратындығын пайымдайды [1, 345]. Осы түрлерге жазба және ауыз әдебиетінен үлгілер келтіреді. Мазмұн түрлерін тағы да «1) әуезе, 2) әліптеу, 3) пайымдау» [1, 347] деп те бөледі. Жалпы, ғалымның көркем шығарманың мазмұнына қатысты бұл шарттары бір-біріне өте жақын екенін байқауға болады. Демек, ғалым шығарма мазмұнындағы баяндаудың түрлерін ажырата саралайды. Сондай-ақ шығарманың мазмұн түрлері, яки баяндау түрлерін сипаттап қана қоймай, сөз өнерінің ғылымы туралы ой қозғап, оны: «1) шығарма ғылымының тілі, 2) шығарма түрінің ғылымы» [1, 348], – деп екіге ажыратады. Сөйтіп,

«сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді» [1,348]. Сөйтіп, «тіл қисыны» асыл сөздің заңдылықтарымен байланысты түсіндіріледі, ол – сөз талғау, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, лұғат анықтығы, дәлдігі, тіл көрнекілігі. Тіл көрнекілігі «әдістерін» үш тапқа бөліп қарастырады: «1) көріктеу, 2) меңзеу, 3) әсерлеу (лептеу) [1,353]. Дегенмен заманауи әдебиет теориясында құбылту мен айшықтаудың түрлері ғалым айтқандай «әдіс» емес, «бейнелеу құралдары» деп аталып, олардың түрлері де А. Байтұрсынов қолданған «бернелеу», «әсерлеу (лептеу), т.с.с. терминдер (пән сөздері) түрінде қолданып жүрмегені белгілі. Әрине, бұл даулы мәселеге кеңестік жүйенің де теріс ықпалы болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

«Әдебиет танытқыштын» екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады. Дарынды сөзді «ақындықтан шыққан сөз» деп танытады, үлгілі жұрттар айтылуына қарап, үшке бөлетінін көрсетеді: 1) әуезеленіп айтылуына қарай, 2) толғанып айтылуына қарай, 3) ғамалдап айтылуына қарай. Алайда бұлай бөлудің қазақтың жазба әдебиетіне келсе де, ауыз әдебиетіне келмейтіндігін тұжырымдайды [1, 406]. Жазу сызуы жоқ жұртта көсем сөзді шығармалар болмайтындығын, ғылымы жоқ жұртта ертегі сияқты, ертегі жырлар сияқты шығарма сөздері шылғи өтірік көрінетіндігін» ашына айтқан ғалым, сол жұрттан шыққан ауыз сөзді айтылу түріне қарай үш тапқа бөледі: 1) әуезе, 2) толғау, 3) айтыс. Осылай бөлуінің мәнісін жеке-жеке түсіндіреді [1, 407]. Әрине, ғұламаның бұлайша бөлуі әлемдік жанртану іліміндегі пайымдарға жақындайды. Алайда әуезе және толғау жайлы тұжырымдары әлемдік оймен тоғысып жатқанмен, ауыз әдебиетіндегі айтыстың мән-жайын айтып, айтыста «өмірдің өзі емес, тек түрі: сәулесі айнаға түскен сияқты» сөз өнерінің бұл түрі Европа тілінде тек «айтыс» мағынада емес, «айтыс-тартыс, арпалыс» мағынада ұғынылады [1,409 б.], – дегенде, Европада басқа жұртта драма өнерінің өнер, ғылым шыққан уақытта пайда болғанын байыптайды.

Қарасөз» тарауында пайымдаманың зор мүшесі төртеу: «1) бастамасы, 2) ұсынбасы, 3) баяндамасы, 4) қорытпасы» деп көрсетіп, оның түрлерін: 1) пән (ғылым), 2) сын, 3) шешен сөз, 4) көсем сөз» [1, 402], – деп жіктейді. Ғалым осы орайда «шешен сөзді» (риторика) ауызша айтылатын түрге, «көсем сөзді» (публицистика) жазбаша түрге ажыратады. «Көсем сөздің» әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылатынын, ал «шешен сөздің» қара сөз шығармаларының бөлеккей бір түрі емес, байымдама болатынын, айтушының мақсаты өз пікіріне нандыру, иландыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру екенін дәйектейді. Шешен сөзді айтылу мақсатына сай, мазмұнына, стильдік ерекшеліктеріне қарай бес түрлі жанрлық түрлерге топтастырады: Олар: 1) билік шешен сөз, 2) саясат шешен сөз, 3) қошамет шешен сөз, 4) білімір шешен сөз, 5) уағыз шешен сөз [1, 402].

Қазақ шешендік өнері ғылымының дамуы едәуір кешеуілдегенмен, оның қалыптасуы мен дамуының тарихы әріде жатыр. Бұл пікірімізге әл-Фарабидің, білгір тарихшы Құрбанғали Халидтің, ұлы оқымысты Шоқан Уәлихановтың, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың, біртуар саяси қайраткер, көсемсөзші Әлихан Бөкейхановтың, оқымысты Шәкәрім Құдайбердіұлының ойлы мақалалары мен жазбалары, сондай-ақ «Дала уалаяты газетінде» басылған басқа да мақалалар негіз болады. Қазақ шешендік өнерінің зерттелу тарихына көз салсақ, академик Мұхтар Әуезов шешендік сөздерге «билер айтысы» деген терминдік атау беріп, ішкі үлгілерге жіктейді. Әсіресе ғұлама А. Байтұрсыновтың қазақтың шешендік сөздерінің түрлерін, мағыналық-құрылымдық бөліктерін саралап көрсетіп, оның тілі туралы айтқан ойларының ерекше маңызы бар. Бұл – қазақ шешендік өнерінің зерттелу тарихындағы өте маңызды теориялық толғам [4, 3-4].

Шын мәнінде, шешен сөздің үш тегінің ерекшеліктері мен сипаты оның мағыналық-құрылым жүйесін қалыптастырады. Ал құрылым жүйесіндегі тұтастық шешен сөздің үш тегіне де ортақ. Мағыналық-құрылымдық жүйе тұтастығы мазмұн мен түрдің де бірлігі. Аристотель «Риторика» атты еңбегінде шешен сөздің мағыналық-құрылымдық жүйесі төрт бөліктен тұратынын көр-

сетеді: 1) бастамасы – вступление; 2) ұсынбасы – предложение; 3) дәлелдеме – доказательство; 4) қорытпасы – заключение (ауд. – Р.Ә.) /5, 208/.

Жұрт алдында ауызша айтылатын шешен сөздің үш бөліктен тұратын мағыналық-құрылым жүйесі көп тараған деуге болады. Ол көне риторика ілімінде пайда болды. Мынадай бөліктерден құралады: а) басы; б) ортасы; в) аяғы. Қандай да сөздің бөліктерін осы үштік өлшем аясына сыйғызуға болады. Сөздің бастамасы мен қорытпасы сөздің ортасы немесе басты бөлігін түзеді. «Үштік тұтастық» – классикалық үлгі. Оны ешкім ойлап тапқан жоқ. Ол шешен сөйлеу практикасында өз-өзінен тарихи қалыптасты» [6,103]. Осындай «Үштік тұтастықтың» нәтижесінде кез келген тақырыпта жұрт алдында айтылатын сөз жинақы және түсінікті болды. «Үштік тұтастық» шешен сөздің логикалық жүйелілігін, басты және қосалқы бөліктерін айқындады. Әйгілі шешендер Демосфен мен Цицеронның көптеген сөздері, «үштік тұтастық» принципі бойынша құрылып, айтылған. «Үштік тұтастықты» шығармашылықпен меңгеруде шешендік шеберлік пен дарын да танылады. Алайда М.Т. Цицеронның өз тәжірибесінде құрылымдық жүйенің мынадай басты сатыларын көрсетеді: 1) Бастама (Вступление); 2) Талқылама (Истолкование); 3) Дәлелдеме (Доказательство); 4) Балқытпа (Услаждение); 5) Толқытпа (Волнение); 6) Қорытпа (Заключение) (ауд. – Р.Ә.) [7, 339-358]. «Ұлы шешен төртінші (Балқытпа) және бесінші (Толқытпа) сатыларды жеке-дара алып байымдағанмен, оларды үшінші (Дәлелдеме) саты аясында анықталатын белгілер деу дұрыс» [4, 29]. Кейінгі заманда Ресейде шешен сөздің құрылымдық жүйесі төрт бөлікке негізделді: 1) Бастама; 2) Талқылама; 3) Бекітпе (Утверждение) (ауд. – Р.Ә.); 4) Қорытпа [6,102 б.]. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік сөздің құрылымдық жүйесінбескебөлген: 1)Бастамасы;2)Ұсынбасы;3)Мазмұндамасы; 4) Қыздырмасы; 5) Қорытпасы [1, 405]. Қазақ танымы бойынша Аристотельдің жүйелеуін байымдай отырып, ол ұстанған «Дәлелдеме» орнына «Мазмұндама» және «Қыздырма» деген екі бөлікті қосқан. Мұндағы «Мазмұндама» мен «Қыздырма» қызметтері

Аристотель жүйелеуіндегі «Дәлелдеменің» қызметіне, М. Цицерон жүйелеуіндегі «Дәлелдеме», «Балқытпа», «Толқытпа» қызметтеріне сәйкес екенін көруге болады. Бұл орайда, қазақ ғұламасының өз жүйелеуін қазақ шешендік өнерінің болмыс-бітіміне лайықтағаны көзге түседі [4, 30].

«Әдебиет танытқышта» «Ауыз әдебиет» деп аталатын бөлім бар. Ғұлама ғалым «ауыз әдебиеті» деген инфинитивті форманы да, я «фольклор» деген терминді де қолданбаған, «ауыз әдебиет» дейді. Жалпы, біз бүгінде тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта бұрын фольклорға телініп келген авторлығы ауызша сақталған қазақтың би-шешендері шығармашылығы мен ақын-жыраулар шығармашылығын «ауызша әдебиет» деп атап, әдебиетіміздің үш түрге бөліп танимыз. Соған қарағанда А. Байтұрсынов қолданған «ауыз әдебиет» деген пән сөзі «ауызша әдебиет» ұғымымен де үйлесім тауып әрі оңай ажыратылып тұрған жоқ па?

Көрнекті эстет, ғұлама «ауыз әдебиет» жанрларын да сауықтама, сарындама деген ірі екі топқа бөліп, олардың типологиясын да ажырата жіктейді. Әрине, бұл жанрлық жіктеулерді М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев және кейінгі замандарда Т. Қоңыратбай, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, С. Садырбаев, Ш. Ыбыраев сынды фольклортанушылар саралай танығаны белгілі. Ал біздің айтпағымыз – жоғарыда айтқан осы күнгі әдебиеттің үшінші түрі саналатын ауызша әдебиет үлгісі – қазақ шешендік сөздері үлгілерінің «ділмар сөз» түрі болып, сарындаманың салт сөзі тарауына ендірілгендігі.

«Ділмар сөз иесінен айырылса, иә тақпаққа, иә мақал-мәтелге айналып кетеді» [1,422], – деп те ой толғайды. Бірақ, осы орайда, ғұлама ғалым жазба әдебиеттің өзін діндар дәуір, ділмар дәуір деп екіге бөліп, діндарын діншіл деген мағынада, ділмар тілшең деген мағынадағы сөздер екенін түсіндіреді [1,435] Әрине, бұл тұста А. Байтұрсынов та, М. Әуезов, Б. Адамбаев сияқты шешендік сөздердің иесі қазақтың би-шешендері екендігін білмей қалған жоқ, бірақ кеңестік жүйенің қыспағынан шыға алмаған-ды.

«Жазу әдебиет» бөлімінде қазаққа о баста жазу дінмен бірге келгенін айтып, жазу әдебиетті үш түрге бөледі: 1) ерте (әңгіме),

2) толғау, 3) айтыс. Жазу әдебиетінің ертеке түріне кіретін сөздері-ауыз ертеке, ертеке жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер [1, 435]. Әдетте, біз бүгінде тарихи жырларды, поэманы эпостың орта түріне, мысалдарды шағын түріне жатқызатынымыз белгілі. «Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс тартыс табына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ» [1, 435], – деп түйіндейді. Діндар дәуір әдебиетінің түрлері қатарына: хикаят, насихат, мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, намыс, яки соғыс толғауы, марқайыс толғауы, терме атты жанрлық түрлерді жатқызады. Сондай-ақ «сындар дәуірге» қазақ әдебиеті «европа үлгісімен келе жатыр» деп, дарынды сөз табының түрлерін, әуезе және әңгіме түрлі сөздер деп былайша жіктейді: 1) ертегі жыр, 2) тарихи жыр, 3) әуезе жыр, 4) ұлы әңгіме (роман), 5) ұзақ сөз, 6) аңыз өлең және әңгіме, 7) көңілді сөз, 8) мысал, 9) ұсақ әңгімелер [1, 447]. А. Байтұрсынұвша айтсақ, «сындар дәуір» орыс әдебиеті арқылы еуропа әдебиетінен де үлгі алып, қазақ әдебиеті жанрларының жаңғыру, толығы кезеңі болса керек. Жоғарыдағы, ғалым жіктеуі көбіне эпос тегінен тарайтын эпикалық түрлерге жуықтайды. Оның ішінде жазба әдебиет үлгілерімен қатар қазақтың халық прозасының түрлері де араласып келеді. Осы тұрғыда толғау табына қарайтын толғау түрлерін: «1) сап толғау, 2) марқайыс, 3) налыс (мұңайыс), 4) намыстаныс, 5) сұқтаныс, 6) ойламалдау», – деп, ойламалдаудың сөгіс толғауы, яки даттау, күліс толғауы, яки күлкілеу, масқаралау деген көп түрлерін жіктейді. Күлкілеуді мазак, мысқыл, қулық деп бөліп, қулықты сықақ, әзіл деп екі түрге айырады. Айтыс-тартыс табына қарайтын сөздерді 1) айтыс сөз, 2) тартыс сөз деп бөліп, тартысты былай бөледі: «1) мерт, яки әлектекті тартыс (трагедия), 2) сергелдең, яки азапты тартыс (драма), 3) арамтер, яки әурешілік (комедия)» [1, 448]. Міне, осы тұрғыдан да А. Байтұрсынұвтың ұлттық әдебиет жанрларын өз кезеңіне, дәуіріне сай жіктеуі әлемдік жанртану іліміндегі әдебиеттің әйгілі үш тегімен-үштікпен ұштасып жатқанын пайымдауға болады.

Кеңес жанртану ілімінде даулы болып келген түйткілдердің бірі роман мен повестің жанрлық ерекшелігін айқындау мәселесі

болатын. Романды «ұлы әңгіме», повесті «ұзақ әңгіме» деп пән сөзімен атаған Ахмет Байтұрсынов ұлы әңгіме, яки романның тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттейтінін көрсете келіп: «Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау, түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады» [1, 448], – деп айқындайды. Өз кезеңінде А. Байтұрсынов М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалын» роман емес, повесть түріне, М. Әуезовтің «Оқыған азамат» повесін әңгіме түріне қосқаны мәлім. Дегенмен ғұлама ғалымның да тұжырымдары, пән сөздері кейінгі жаңа уақытта әрқилы интерпретацияға түскені де заман талабынан туса керек.

Дегенмен ғалымның «ақын тілі», «тіл қисыны», «тіл көрнекілігі», поэтика, стиль, өлең өнері хақындағы әлемдік деңгейдегі пайымдары Платон, Аристотель, Г.Э. Лессинг секілді көне заман ойшылдары мен жаңа заман әдебиеттануындағы А.А. Потебня, Д.М. Овсяннико-Куликовский, М.М. Бахтин, В.М. Жирмунский сынды ғалымдардың «ғылыми ойларымен үндестігін байқауға болады» [8, 348]. Алайда А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» қолданған пән сөздерін әдебиеттануда қолданып жүргеніміз жоқ. Бұл уақыт талабы демеске әддіміз жоқ. Әрине, әдебиет теоретигі В.Е. Хализев айтқандай, барлық уақытқа әмбебап, бірегей теория болуы мүмкін емес [2, 8]. Бұған жанртану тарихынан бір мысал келтірейік. А.Н. Веселовскийдің атақты «Историческая поэтика» еңбегінде синкретизм дәуірінде әдеби тектердің ғұрыптық әннен, хордан туғандығын дәлелдейді. Хордағы корифейлер әні – кантиленаның ғұрыптық әннен бірте-бірте бөлініп шыққандығы, лиро-эпикалық ән поэзияның алғашқы формасы екендігі, сол әннің негізінде эпикалық баяндау қалыптасқандығы, эпика мен лириканың ғұрыптық хордан бөлінгендігі, сондай-ақ драманың хор мен корифейдің реплика алмасуынан туғандығы, би мен пантомимаға келе-келе сөз қосылғандығы тұжырымдалады [9,3, 190, 230, 245.]. Дегенмен А.Н. Веселовскийдің синкретизм теориясы жаңа уақытта В.Я. Пропп, В.Е. Хализев секілді ғалымдардың жаңашыл тұжырымдарымен толыға түсті. В.Е. Хализевтің пікірінше, мифологиялық ертегілер

хордан тыс пайда болды. Ғалым мифологиялық ертегілердің тууына тайпа өкілі әңгімесін негіз етіп алады. Лирика да ғұрыптан тыс пайда болғандығын, тұрмыс-еңбек қарым-қатынастарынан туғандығын пайымдайды. Демек, әдеби тектердің тууының әртүрлі жолдары болды. Ғұрыптық хор солардың бірі ғана екендігі дәйектеледі [2, 311-312]. Әрине, В.Е. Хализев көрнекті орыс ғалымы А.Н. Веселовскийдің тұжырымды ойларының негізгі формасы сауал түріндегі болжалды пікір ғана болғандығын, алайда теориялық-әдіснамалық ойлауы кең, догматтықтан ада болғандықтан қазірде бағалы және мәнді болуымен «сыңаржақ» ұстанымдарға қайшыласа алатындығын және ғалымдарды ақиқатты толық игеруге бастайтындығын алға тартады [2, 8-9].

Осыған қарағанда, кез келген теориялық тұжырымның нақты бір дәуірдегі көркемдік сананың куәсі болуы және кездейсоқ, я өзгермейтін болмай, жаңаруы, жаңғыруы да уақыт заңдылығы болса керек. Тіпті, орыс әдебиеттанушылары Аристотельдің «Поэтикасының» ғана емес, өз уақытында оң рөл ойнаған Л.И. Тимофеев, Н.А. Гуляев, Г.Н. Поспелов секілді авторлардың теориялық оқулықтарының көнергенін еске салады [2, 12]. Сол сияқты біздің ұлттық әдебиеттанудағы Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970), кейіннен «Сөз өнері» (1976) аталған еңбектерінің ескіргенін айтуға болады. Сондай-ақ қазіргі уақытта орыс тіліндегі «Теория литературы» аталатын еңбектерді қайталайтын және қазақ тілінде де бірін-бірі қайталайтын «Әдебиет теориясы» деп тікелей немесе соған жанамалай жалған ат жамылған оқулықтар мен оқу құралдарының сапасы сын көтермейтіні тағы белгілі.

Жалпы, көрнекті әдебиеттанушы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі ұлттық әдебиетіміз шығармалары негізінде қалыптастырған жанрлық жіктемелері және тұжырымдары әлемдік жанртану тарихындағы топшылаулармен ұштасып жатқанын пайымдауға болады. Сондықтан ғұлама ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегі ұлттық жанртану ілімінің алғашқы бастауларының бірі болды деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Хализев В. Е. Теория литературы: учебник / В. Е. Хализев. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Высш. шк., 2005 – 405 с.
3. Шмид В. Нарратология. – Москва: Языки славянской культуры, 2003. – 312 с. / URL: <http://yanko.lib.ru/books/cultur/shmid-narratology.pdf>
4. Дәдебаев Ж. Бөлтірік Өлменұлы және қазақ шешендік өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 180 б.
5. Аристотель. Аристотель и античная литература. – Москва: Наука, 1978. – 230 с.
6. Апресян Г.З. Ораторская искусство МГУ, 1972. – 255 с.
7. Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. – Москва: Ладомир, 1994. – 470 с.
8. Ойсылбай А.Т. Ахмет Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқыштағы» қазіргі әдебиет теориясы / Айсұлу Ойсылбай. Монография. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2015. – 200 б.
9. Веселовский А.Н. Историческая поэтика / Вступ.ст. И.К. Горско-го; Сост., коммент. В.В. Мочаловой. – М.: Высш. шк., 1989. – 406 с. – (Классика литературной науки)

Райхан ИМАХАНБЕТ,
А. Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті м.а.
Айша ТҰРЛЫБАЙ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының 1-курс магистранты

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ: ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСЫЛУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ

Әдебиет танытқыш. Асыл сөздің зергері Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен ұлт әдебиетін жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиетші ғалымдар: «XX ғасырдың басында әдебиеттануда нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлы болды», – дейді. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі – ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулермен деңгейлес, әдеби ұғым-түсініктерді тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықтаған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екені пайымдалып, мойындалды.

Академик З. Қабдолов 1988 жылы ғалым есімі ақталғаннан кейін, ғұламаның әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кеңес кезінде бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі тәуелсіздік кезең танымымен талдап, таратты. Академик: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады», – деп келдік деген кеңестік жүйе тұсындағы «мәжбүрлі қысасты кезең» болғанын мойындайды. Онан әрі: «Бүкіл дүниежүзілік

әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр шауып шықса, бұған шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгін-дей құлтыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына

орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауға мәжбүр болдық», – деп, ұлт ұстазы Ахметтің алдында «арылғандай» шерленеді [1, 70–80 б.].

Академик Р. Нұрғали «Күлтегін» баспасынан жарық көрген «Қазақ әдебиетінің алтын жасыры» атты зерттеуінде: «Әдебиет танытқыштың» Алматыда сақталған кітабының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі аңғарса керек, А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс. Осылардың біріншісі – әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал екіншісі – азаптаныс жоқ. Сондықтан сақталған кітап бойынша болашақта «Әдебиет танытқыштың» толық текстің табу міндеті тұр. Тағы бір мәселе әртүрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін А. Байтұрсынұлы әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен қара деп ескертеді. Ендеше «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығы да болған ғой. Қазіргі дерек бойынша ол жарияланбаған секілді. Әлде қолжазба күйінде архивтің бірінде жатыр ма? «Мәдениет тарихы» деген еңбек бітіргені белгілі, ол да жоқ. Қайда? Қысқасы, Ахмет Байтұрсынұлының ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізу керек» деген толғақты ойын әдебиеттанушы ғалымдарға арнайды [2, 35-б.].

Шындығында, қазақ әдебиеттану ғылымына негіз болған бұл еңбектің келешекте арнайы кешенді түрде зерттелуі тиіс өзекті мәселе. Еңбектегі қазақы әдеби ұғымдар бұл күні халықаралық терминдерге бой алдырған ұлттық әдебиеттану ғылымының

сөздік қорын қазақыландыруға септігі тиер еді. Академик Р. Нұрғалиұлы: ««Әдебиет танытқыш» әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың

басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ Ахмет Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр», – дейді [2, 36-б.].

Алаштанушы А. Ісімақова «Әдебиет танытқыш» туралы былайша ой саралайды: «Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. ...«сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді [3]. Оны «*ауызша*», «*жазбаша*» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғанын айтады. Демек, әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты. Бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болғандығы айтады. Зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнері туралы: «...ауызша шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» деген қисынын негізге алып, әдебиетті өзіндік қағидалар бойынша түсіндіреді [3]. Йағни «*пәнсөздер*» басты міндет атқаруына баса салмақ салып, сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида «*дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады*» деген қисыны бүгінгі тәуелсіз кезең әдебиетінің де ұстанатын қағидасы болуы шарт деген тұжырым түйеді. Қазіргі филология танымы тұрғысынан қарағанда, «Әдебиет танытқышта» кездесетін кейбір олқылықтар мен қабыспаушылыққа қарамастан, жазылу ұстанымдары, пікір-тұжырымдары, материалдарды

жіктеуі, терминдерді жүйелеуі көңіл аударуға тұратынын тілші, әдебиетші ғалымдар мойындайды.

«Әдебиет танытқыш» кітабының жазылғанына 96 жыл уақыт өтсе де, еңбектің дәл бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да көкейкесті болып отырғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, осы кезеңдерде мерзімді басылымдарда жарияланған әдеби-ғылыми зерттеулердің кәсіби, теориялық талдауларының сапалы болуы «Әдебиет танытқыш» сынды теориялық еңбекпен ауыздануының оң нәтижесін танытса керек. Әдебиетші-ғалым Т. Кәкішұлы «*Әр дарынның тарихта өз орны бар*» атты мақаласындағы Ахмет Байтұрсынұлының сол жылдары егемендікке ұмтылудың, азаттық алудың бірден-бір жолы оқу мен білім алып, ой-сананы дамытуда екендігін жете ұғынып, оны белгілі дәрежеде «*ағымға айналдыруға мұрындық*» болғандығына баса көңіл бөледі [4]. Қазақ елінің болашағы үшін «қаламымен күрескен қайраткердің қоғамдық белсенді қызметі мен көсемсөздік еңбектері, ғылыми зерттеулеріндегі пікірлері ғалымның осындай қорытындыға келуіне негіз болды» дейді. «Әдебиет танытқыш» оқулығындағы атаулар мен терминдердің қазақ әдебиетінің барлық ұғым-түсінігіне сай келетіні жөнінде Т. Кәкішұлы: «...Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» деген қорытындыға келеді [4, 102, 210-211 б.].

Әдебиет сыншысы Т. Кәкішұлы *Ахмет Байтұрсынұлын қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған негіздеуші һәм зерттеуші* ретінде бағалайды. Ғалым еңбектерінен нақты мысалдар келтіре отырып, тарихи деректер негізінде пайымдаулар жасайды. Т. Кәкішұлы 2000 жылы ағартушы Ахмет

Байтұрсынұлының бұрын-соңды ғылыми ортаға таныс емес «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақаласын жариялады. Әдебиет сыншысы бұл мақаланы көпшілікке таныстырып отырғандағы мақсатын: «...мұндай мұраларды жариялау бізге керек... Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгісіз ертеңнің кірпіші қаланбайды. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз де, міне, осы», – дейді. Әрі осы мақаланың астарынан «*бәле*» іздеген өз қандастарымыз, Ахметті партиядан шығарып тынғанынан мағлұмат береді. Десе де бұл тарихи маңызы зор мақаланың «Аханның азаматтығын айқын танытқан, интернационалистерді үркітіп, айғай-шу шығарған, ұлтшылдықтың манифесі» деген баға береді әдебиет сыншысы Т. Кәкішұлы.

Әдебиеттанушы Ж. Смағұлов «Әдебиет танытқыш» туралы: «...Ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді» [5], – деп жазады. Және зерттеудің ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы уақытқа дейін дұрыс бағаланбаған. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені енді ғана айтылып, нақты бағасы беріліп жатыр» деп талдауын әдебиетші-ғалым Р. Нұрғалиев, тілші Р. Сыздықованың ой-тұжырымдарымен таратады. Ж. Смағұловтың бұл пайымымен келісуге де келіспеуге де болады. Келісетініміз: ғалым есімі ақталғаннан бастап, отандық тілші-әдебиетші, көсемсөзші, тарихшы, философ, заңгер, т.б. ғалымдардың барлығы дерлік Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы жаңаша көзқарастарын бүгінгі ұлттық ғылымның таным тұрғысынан жазды, жазып келеді, жаза да беретіні. Келіспейтініміз: 1919 жылы А.Самойловичтің ғылымдағы тұлғатану үрдісі – Ахметке берген қысқаша биографиялық ғылыми сипаттама-сымен тоқтап қалған жоқ. 1974 жылы орыс зерттеушісі, түрколог-ғалым А. Кононовтың библиографиялық басылымға берген: «...им же написаны на казахском языке учебники по фонетике, синтаксису и этимологии казахского языка, а также по теории

словесности и истории культуры» деген мәліметі кеңес кезеңіндегі «*Ахметті халық жсауы деп, атын айтқызбай тұрған тұстың өзінде*» айтылған тарихи баға екенін әсте ұмытуға болмайды. Орыс ғалымы «Әдебиет танытқышты» жеке алып қарастырмаса да, анықтамалығында «*әдебиет теориясын*» жазғанын айтты [6, 115-б.].

Жалпы, «*көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі*», – деп тұжырым жасаған. Қорыта айтқанда, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы екендігі ғылыми зерттеліп, зерделенді. Мәселен, 2007 жылы Ұ. Еркінбаев «*Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде*» [7], 2010 жылы А. Ойсылбай «*Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері*» кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде ғылыми негізде тұжырымдалған ой-танымдар мен соны ұсыныстар әдебиеттануға жаңа арна болып қосылды [8].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні тұлғаның есімі оралғаннан бері әдеби мұрасы туралы бірнеше зерттеу жазылды. Және зерттеулердің қай-қайсысы болмасын, тұлғаның қайраткерлік болмысы мен шығармашылық мұрасын жекелеген тақырып аясында талдау, не жалпылама түрде шолу жасаумен шектеліп қана қоймай, бүгінгі тәуелсіз кезеңдегі әдебиетпен не мәдениетпен байланыстыра қарастырады. Бұл дегеніміз – ғалым ғибратының ұрпақтан ұрпаққа жалғасты алтын көпір екендігінің дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Көзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б. – 70–80 б.

2. Қабдолов З. Ахаң ана тілін түрлеуші // Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. – Астана: 1998-256 б. – 38-41 б.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Күлтегін, 2002. – 528 б., 12–35 б.
4. Ісімақова А. Әдебиеттегі Бахтин мен Байтұрсынұлының үндестігі // Заман Қазақстан. – 7 ақпан. – 1997.
5. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.; Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995. – 168 б.
6. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
7. Кононов А. Байтұрсунов Ахмед Байтұрсунович // Библиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период). – Москва: Наука, 1974. – 342 с. – С.115.
8. Еркінбаев Ұ. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде. Автореферат. – Алматы, 2007. – 26 б.; «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі: монография. – Алматы, 2008. – 136 б.
9. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2010. – 26 б.

Ләйла МҰСАЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЗЕРТТЕУІНДЕГІ «БЕРНЕЛЕУ» ПӘНСӨЗІ ЖӨНІНДЕ

Қазақ әдебиеттану ғылымының бастауында Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» тұрғаны белгілі. 1926 жылы жазылған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттанудағы алғашқы теориялық зерттеу болғандықтан, әдебиеттану терминдерінің негіздері алғаш осы еңбекте қаланғанын білеміз.

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» «Тіл көрнектілігі» әдістерін жүйелегенде қазіргі құбылту (троп) түрлерінің бәріне де анықтама бергені белгілі. Осы әдеби пәнсөздердің (терминді А. Байтұрсынов осылай атаған) қатарында «бернелеу» деген ұғымға берілген анықтама, оның дәйектемесі, мысалдары қазіргі әдеби терминологиядағы символға көп жақындайды. Ғалымның осы қолданысын символдың ұлттық сипаты бар терминдік бір нұсқасы ретінде қабылдауға болады деп санаймыз.

Қазақ әдебиеттануындағы көркем символдың табиғатын зерттеу барысында, ең алдымен, А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышына» тағы да жүгінеміз. Осы еңбектің «Сөз өнерінің ғылымы» атты тарауында «сөз талғаудың шарттарын» атап-атап көрсеткен. Осы шарттардың ішінде ақын тілі үшін аса қажеті – «тіл көрнектілігі» деп біліп, «сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуы да керек болады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша

сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды...» [1,347], – деп сөздің образды сипат алу барысын айта келіп: «Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш тапқа бөлінеді: 1. Көріктеу. 2. Меңзеу. 3. Әсерлеу», – деп поэтикалық әдіс-құралдарды жіктеп береді. Осы «тіл көрнектілігі әдістерінің ішінде қазіргі әдеби терминологиядағы «символға» ең жуығы – **«бернелеу»**. **А. Байтұрсынұлының анықтамасы бойынша: «бір нәрсенің, көбіне адам мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту»** [1, 358]. Бернелеу – символ параллелі жайында да жүйелі әңгімеге арна жетерлік. Бұл орайда, ең алдымен, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» мына жолдардағы: «...ұқсастығын, ұлғайтып айтқанда, бүтін мысалға айналып, бернелеу болып кетеді. Қырық мысалдағы мысалдардың, Абай кітабындағы мысалдардың бәрі де бернелеу болады. Қазақтың бернемен сөйледі деуінің өзі иә, пердемен жасырып сөйледі, иә, бернемен суреттеп сөйледі дегеннен шыққан боларға керек. Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, өйткені бернемен сөйледі деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенді айтады. Бернелеу – сол мағынасы жасырын сөздің өзі. Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады. Бернелеу өте ұзақ болса, айтушы баяндап береді, ия болмаса ұшығын көрсетіп қояды. **«Қырық мысалдағы» мысалдардың көбінде-ақ бернелеудің астыртын мағынасының баяндауы, шешуі бар. Бернелеу шығарманың неғұрлым лұғаты жинақы, ойнақы келсе, әдемі болып шығады.** Лұғатында жинақылық, ойнақылық кем болса, бернелеу әдемі сөз болмай, әшейін сөзге айналып кететіні лұғат жағын ескермегендіктен болады»[1, 359], – деген пікірді оқығанда бернелеудің қасиеттері символға да тән екенін көруге болады. Демек, бернелеу – қандай да бір шартты бернемен суреттеп сөйленген «мағынасы жасырын сөз». Бір қарағанда, А. Байтұрсынұлының бұл анықтамасында символ мен аллегорияның аражігі ажырай қоймаған сияқты көрінеді. Себебі ғалым бернелеуге дәлел ретінде мысал жанрын келтіреді. Мысал жанры, негізінен, ал-

легорияға құрылатыны белгілі. Дегенмен де әдебиеттің жанрлық теориясы дамыған қазіргі кезең биігінен қарағанда, бернелеудің аллегориядан мүлде басқа екеніне көз жеткізуге болады. Алдымен, А. Байтұрсынұлының анықтамасын талдап қарайтын болсақ, ғалым бернелеуді бейнелеумен тығыз байланыста қарастыратынын көреміз: «Бейнелеу бернелеумен екі арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін-бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді». [1, 66]. Қазіргі әдеби терминмен айтқанда, А. Байтұрсынұлы айтқан «бейнелеу» метафораға, «бернелеу» символға барабар келеді. Мұны ғалымның келтірген мысалдарынан көруге болады: «Бейнелеу мен бернелеу арасындағы айырмасын мынадан анық көруге болады:

Бейнелеу мысалы:

Жан еркем, мен жүремін мынау күймен,
Бар ма екен ғашық жарын мендей сүйген?
Сен – бір шам, айнала ұшқан мен – пәруана,
Айналып, аламын деп, отқа күйген.

Мұнда «мен – пәруана» дегеннен бастап, аяғына дейін бейнелеу болады.

Бернелеу мысалы:

Отқа ұшар көбелек,
Қарамай, сорлы, алды-артын.
Ойына кіріп шықпайды,
Күйдірер деп от-жалын.
Шырқ айналып ентелеп,
Жүрер де, бір уақ ол қонар...
Ұмтылған оты сорлыны,
Күйдірер де бір тынар.

Бұл келтірілген екі мысалдың екеуінде де адамның күйінің көбелекке ұқсастығы айтылады. Ол ұқсастығын қысқалап айтқанда, бейнелеу болып, ұлғайтып айтқанда, бүтін мысалға айналып, бернелеу болып кетеді.

«Мәселен, мынау түрлі сөздер бейнелеуден ұлғайып, бернелеуге айналып кеткен болады:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.
Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым, екі аяқты!
Азаттық хайуанға қанша қажет?!
Жаратқан малды құдай не керекке –
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.
Жорта бер, қамыт киіп, қамшыңды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.
Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма түрткенге айдап?
Есептен жаңылғандай болғандар көп,
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап.

Мағжанның «Шын айт» деген өлеңі де бейнелеуден ұлғайып, бернелеуге айналған сөздің түрі болады. Адамның күйінің көбелекке ұқсастығы айтылады. Ол ұқсастығын қысқалап айтқанда, бейнелеу болып, ұлғайтып айтқанда, бүтін мысалға айналып, бернелеу болып кетеді.

«Қырық мысалдағы» мысалдардың, Абай кітабындағы мысалдардың бәрі бернелеу болады. Қазақтың «бернемен сөйлейді» деуінің өзі иә «пердемен жасырып сөйлейді» дегеннен шыққан, иә «бернемен суреттеп сөйлейді» дегеннен шыққан боларға керек. Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол; өйткені «бернемен сөйлейді» деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенде айтады. Бернелеу – сол мағынасы жасырын сөздің нағыз өзі.

Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады. Бернелеу өте ұзақ болса, айтушы баяндап береді, иә болмаса ұшығын көрсетіп қояды. «Қырық мысалдағы» және мысалдардың көбінде-ақ бернелеудің астыртын мағынасының баяндауы, шешуі бар. Жоғарыда айтылған Мағжан бернелеудің аяғында мынадай баяндауы бар:

Құрбылар, іске бет алсақ,
Ойламай қанат қақпалық.
Анау жарық алтын деп,
Көрінгенге шаппалық.
Жолымен кетсек қанаттың,
Көбелектей күйерміз.
Алам деп алтын барғанда,
Күлден кебін киерміз.

Ғалымның осы дәлелдері құлаққа қонымды ойлар ретінде әрі қарай дамытуымыз керек.

Енді «берне» сөзінің өзін қарастырсақ, «Түсіндірме сөздікте»: Берне – зат, сөйлеуде перне. Ертеде біреу мен біреу кез келіп сөйлесе қалса, жай сөз қалып, өлеңмен, жұмбақпен, бернемен сөйлескен (Қаз. әдебиеті). Бұл өлең «көмір коммунизмді» бернемен суреттеп, малға бейімдендіріп, үгіттеп отырады (С. Ерубаев. Шығармалары).

Перне. 1) ...ішекті аспаптардың дыбысын күшейту үшін мал ішектерінен я сымнан жасаған тетік. 2) Нәзік сезім, көңіл күйі (жүрек пернесі). Пернеле. етіст. Домбыраға перне тағу» [2, 271] деген түсініктемелер берілген.

Сөздікте «берне» мен «перне» бір сөз ретінде қарастырылады. Біздіңше, бұл екі сөз синоним немесе вариант бола алмайды. «Берне» сөзі этимологиялық тұрғыдан «аспаптың тетігі», яғни пернеге жақын болуы да мүмкін. Бірақ кейіннен бұл сөздің мағыналық өрісі кеңіп, мүлде басқа семаға ауысып, дерексізденіп кеткен.

Бұған дәлел ретінде көрнекті қаламгер Ж. Аймауытовтың 1924 жылы Ташкентте басылған «Психология» оқу құралынан кездестірдік. «Жалғыз нәрсені, мәселен, кітапты, үстелді, ағашты түйсіктесем, оның нәтижесінде менің миымда көлеңке, із қалады. Сол ізді бұрын берне деп едік. Бір ғана кітап емес, әлденеше кітапты көргем ғой. Бір ғана ағаш емес, әлденеше ағашты көргем ғой бар. Сондықтан кітап, ағаш туралы сөз бола қалса, әлденеше кітапты, әлденеше ағашты еске түсіремін. Кітап біткеннің бір жалпы белгісі бар, ағаш біткеннің бір жалпы белгісі бар. Сондықтан бізде нәрселерді түйдектеп, жалпылап

қарайтын бір сипат болу керек. Осы сипатты жалпы берне әйтпесе ұғым деп атайды» [3, 186]. Көріп отырғанымыздай, Ж. Аймауытов берне деп «бір нәрсені түйсіктегенде, мида қалатын көлеңкесін» атайды. Берне сөзін ол ұғымның бір баламасы ретінде алады. Біздіңше, берне мен ұғымды бірдей мағынада қолдануға болмайды, бұл екі сөздің дербес жеке мағыналары тілде орнығып қалыптасқан. Бұған қоса, Ж. Аймауытовтың осы еңбегінде «бернелер іліктестігі» деген қолданыс бар. Бұны автор ассоциация ретінде түсіндіреді. Өте ұтымды, орынды қолданыс ретінде осы тіркесті көркем ойлау жүйесіне, әсіресе символдың туу, даму барысына қатысты қолданған жөн деп білеміз. Расында да, символдану немесе бернелену барысында көркем бернелер сан тарапта іліктеседі, сөйтіп, сан қилы мағыналық астарларға ұласатынын белгілі.

Басқа сөздіктерден бұл сөзді немесе басқа баламасын табу мүмкін болмады. Қазіргі сөздік қолданыста да бұл сөз сирек естіледі. Қолданыстан шыққан төл сөздеріміздің мағынасын жаңғырту тілді көркейтудің бір жолы болып табылады. Сондықтан «бернелеу» сөзін символдың, әдеби-көркем символдың ұлттық бір баламасы ретінде алуға негіз бар деп есептейміз. Әдеби-көркем символдар деп атап көрсетуіміздің себебі бернелеу-берне сөздері символдың жалпы ұғымын қамти алмауы да мүмкін. Дәлірек айтқанда, берне атауының мағыналық өрісі символдың философиялық, психологиялық, таңбалық, т.б. аспектілерін ашуға тарлық етіп, символдың басқа типтеріне балама болуға жарамауы да ықтимал. Дегенмен де біздің зерттеу объектімізге қатысты әдеби көркем амалдардың ерекше символдық түрі ретінде бернелеу сөзін қолдануға әбден болады немесе оны берне-символ деп қосарландыра атаған артық болмайды, бұл қолданыста символдың ұлттық сипаты кең ашылады деп санаймыз. Бернелеуде символ ұғымының қазақ әдебиетіндегі өзіндік мән-мазмұны ашылады деуге болады. Сондықтан да біз жұмысымызда берне, бернелеу сөздерін символға тікелей қатыстыра қолданамыз, сондай-ақ символдың мағыналық құрылымын бернелеуші мен бернеленушіге ажыратып көрсетеміз.

Демек, «символ – жинақтау» деген тұжырымға ойлана қараған жөн. Байтұрсынұлының «бұл лебіз мағынасы мен астыртын мағынасының жинағы» деген пікірінің де жаны бар. Символ ешқашан бір мағына шегінде қалып қоймайды, оның мағыналық өрісі шексіз кең. Символ қай жағдайда да сол заттың өзінен басқа затқа мегзеу, оның шегінен асу. Бір құбылыс келесі құбылыстың мәні арқылы ашылса, екі құбылыстың өзара әсерінен, әр тарапты байланыс-қатысынан ақиқат туралы жаңа білім туады. Бұл ақиқат – жинақталып барып туған жаңа ақиқат, ап-анық, түсініктірек, алдыңғы екі құбылыстан да мәндірек, сүзілген ақиқат. Мысалы, қос аққу символы сол тұрған қалпында махабаттың, адалдықтың нақ өзі екені туралы ақиқат болып адамдардың түсінігіне сіңісіп кеткен. Символдың мәні мен күші – осында, әрі қою, әрі анықтығында.

Қазақ әдебиеттану ғылымында символдың көркем троптардың бірі ретінде ғана танылып, кейбір ерекшеліктер тұрғысынан ғана анықталуы ол туралы терең зерттеуді, дәйекті талдауларды қажет етіп келеді. Қазақ әдебиетші ғалымдарының символ туралы тұжырымдары мен көзқарастары сараланып бір ізге түспеуі де нақты қағидалардың қалыптаспауына себепкер болып отыр. Символдың қазақ көркем әдебиетіне етене тән құбылыс ретінде танылып, зерттелу тарихынан бастап, оның табиғаты туралы қазақ ғалымдарының (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов, т.б.) тұжырымдары мен жалпы әлемдік әдебиеттанудағы символ туралы көзқарастардың үндестігін тауып, символ табиғатының жан-жақты ашылуы қазақ әдебиеті теориясы үшін өте маңызды екені сөзсіз. Ал символдың өзіндік сипаты мен ұлттық ерекшелігін, ұлттық өрнектерін даралап, поэтикалық зердедегі жалғастығын қазақ әдебиетіндегі символистік ағымның өкілдері шығармалары негізінде анықтау бұл көркемдік құбылыс туралы жан-жақты ілімнің қалыптасуында үлкен орын алары даусыз.

Ғалым бернелеу-символдың анықтамасын ғылыми түрде негіздеп, оны нақты мысалдармен дәйектеп қана қоймайды. Әдеби символ-бернелеуге қоятын өлшем-талаптарды да атап көрсетеді: «Әдемі бернелеуге қоятын сын мынау түрлі болу керек. Бернелеу-

дің астарын қоя тұрып, лебіз мағынасының өзін алғанда, жолы қанша? Ұқсастығының сәйкестігі қанша? Дәл келе ме? Болмаса, июмен, бұрумен келіп, әдемі бернелейін деген ниеті көш жерден көзге түсіп тұр ма? Иә, болмаса, ұқсастығы өте алыс, көруге тым қараңғы ма? Егер бернелеудің шешімі бар болса, онысының қажеті қанша? Керек болған халде, өте ұзын емес пе? Ақылды ғана қанағаттандыра ма? Болмаса көңілге ия қиялға тиісті сыбағасын да бере ме?»

Осындай сұрақ формасында қойылған өлшемдерді зерделеп қарайтын болсақ, «бернелеудің астарлы мағынасы, лебіз мағынасы, ұқсастығының сәйкестігі, бернелеудің шешімі» деген тіркестердің әрқайсысының символ-бернелеудің мәнін ашатындай өзіндік қызметі бар екенін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1976.
3. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 1999.

Ұлан ЕРКІНБАЙ,
А. Байтұрсынұлы Білім академиясының
директоры, филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

«ТЕОРИЯЛЫҚ ПОЭТИКА» ЖӘНЕ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШТЫҢ» ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Ахмет Байтұрсынұлының теориялық пайымдары қазіргі ғылыми айналыста танылған авторлардан (Б.В. Томашевский, В.М. Жирмунский, А.И. Белецкий, Г.О. Винокур, Ю.Н. Тынянов, Р. Якобсон, В. Кайзер, Г.Г. Гадамер, В.Б. Шкловский, М.М. Бахтин, Цв. Тодоров, Р. Уэллек және О. Уоррен, Ю.М. Лотман, В. Шмид, Е.Фарино, В.Е.Хализев, С.Н. Бройтман, Н.Д. Тмарченко, И.В. Силантьев, О.А. Клинг, Д. Каллер) бір мысқал да кем емес. Керісінше, кейбір тұстарында мүлде терең, жаңаша теориялық қорытындыларымен ерекшеленеді.

Пікіріміз дәлелді болу үшін төменде Ахмет Байтұрсынұлының әрбір теориялық пайымға тоқталайық.

Өнердің түрлері және сөз өнері

Өнердің мәні мен оның көркем туындымен арақатынасы бүгінде ең бір өзекті тақырып болып отыр. Тіптен өнердің теориясы болмайды, себебі көркем дүниеге деген талғам әр кезеңде әрқалай деген пікірлер де айтылып жүр. Осыдан келіп көркем дүниенің тәпсіріне қатысты дау-дамайлар, түрлі анықтамалық қиындықтар жеткілікті. Бірақ қалай болғанда да өнердің өзіндік ерекшелігі жөнінде бірқанша аксиомалық көзқарастар да жоқ емес. Бұл енді тақырыптың тарихына аздап шегініс жасауды қажет етеді. Өнердің мәні мен ішкі-сыртқы табиғатын түсінуге деген талпыныс сонау антикалық дәуірден бастау алады. Көркемдік

дүниесінің жалпы сыпатын Аристотель адамның танымдық һәм еліктеушілік қасиетімен байланыстырғаны белгілі. Г. Гадамердің сөзіне жүгінсек, онда Аристотелдің еліктеу түсінігі барлық поэтикалық өнердің болмысына тікелей әсер етеді.

Аристотель ойлары кейіннен қаншама теориялардың тууына негіз болды. Екі бағыттың бірін ұстанып әрі еңбектеріне өз ойларымен де өң берген ғалымдардың қатары (Л. Толстой, Н. Буало, ағайынды Шлегелилер, ағылшын романтиктері У. Вордсворт, С. Колридж, Р. Саути беріректегі ағылшын өнертанушылары К. Белл, Р. Фрай, «семантикалық сыншылар» деп атап жүрген Ф. Уилрайт, Б. Кроче, философ Э. Кассирер, орыс ғалымы Вяч. В. Иванов, структуралист К. Леви-Стросс, т.б.) кезең, уақыт талабы тұрғысынан дамып көбейіп келеді.

Өнер спецификасының ішкі жүйесін Ахмет Байтұрсынұлы аналитикалық тұрғыдан жүйелейді. Жалпы болмысты ғалым жаратынды («орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ») және жасалынды («үй, кірпіш, бақша, арық, құдық») нәрселерден тұрады деп екіге бөліп қарастырады да өнерді жасалынды нәрселерден шығарып таратып әкетеді. «Адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен» [1, 164 б]. Ары қарай өнердің классификациясы беріледі: *«Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сурет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Мұны істегенде, сұлуынан жылуы дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер, жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгендіктен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер; алдыңғы нәрселер – адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер; соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан*

нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін жасалатын көрнек өнері болады» [1, 164 б.]. Анықтап пайымдасақ, А. Байтұрсынұлы өнердің түпкі мазмұндық негізінен гөрі, оның шынайы функциональды-нәтижелілік (прагматикалық) сипатына баса көңіл берген. Яғни өнер қайдан дегеннен бұрын, өнер не үшін дегенге көбірек тоқталады және соның өзін, яғни бір пәнге жүк болатын бүтіндей жүйені алақандай аңдатудың аясына сыйдырып жіберген.

Тағы бір айта кетер жайт, ХХ ғасыр басында «өнер тек өнер үшін» керек деген тұжырымның кең тараған кезі екені белгілі. Бұл тұжырымның тарихы әріректен басталғанымен, жүйелі бір түсінік ретінде ХVIII ғасырдың орта шенінен бастап қалыптасады. «Тек өнер үшін» деген көзқарастың бас ұшы антикалық грек-рим кезеңінде де («александрия» поэзиясында, сонсоң империяның соңғы ғасырларындағы рим әдебиетінде де), ежелгі Шығыс елінен де байқалған. Ал «өнер тек өнер үшін» («искусство для искусство») деген түсінік Г.Э. Лессингтің «Лаокоон» трактатында алғаш рет өз жүйесін табатыны белгілі. Бұл теорияның шын мәніндегі теориялық негізі И. Кант пен Ф. Шиллерлердің өнерге деген біржақты пайымдарынан соң романтиктер тарапынан өнер теориясындағы қомақты концепция ретінде өз күшіне енгенін айтуға болады.

А. Байтұрсынұлы Платон айтатын үлкен өнерді *көрнек өнері* деп атайды да, оның «адамның жан қоштау керегінен» шыққандығын ескертеді. Енді осы адамның жан қоштауынан шыққан өнер не үшін керек десек, әрине, ол адам жанының қалауы үшін керек деген қисынға тіреледі. Ал адамның жан қоштауы деген не, оның шеңбері мен өнердің шеңбері бір-біріне толық тояттай ма, бұл арасы тәптіштеп ашылмайды. Дегенмен А. Байтұрсынұлының өнерді жіктегенде тірнек өнерінен де қатар таратып түсіндіргенін алға тарта отырып, жоғарыдағы «өнер тек өнер үшін» деген біржақтылықпен де байланыстыра алмайтынымыз басы ашық мәселе.

Мұнан кейінгі кезекте көрнек өнерінің бес тарауы айқындалып, әрбірінің негізгі анықтамасы беріледі.

«Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл *сәулет өнері* болады (еуропаша архитектура).

Екінші – балшықтан, я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сурет жасау өнері, бұл *сымбат өнері* болады (еуропаша скульптура).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, суреттеп көрсету өнері, бұл *кескін өнері* болады (орысша живопись).

Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері, бұл *әуез өнері* болады (еуропаша музыка).

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері, бұл **сөз өнері** болады (қазақша *асыл сөз*, арабша *әдебиет*, еуропаша *литература*)» [1, 165 б.].

«Әдебиет танытқышта» көркем өнердің негіз мүшелері осылай жүйеленеді.

Сөз өнеріне қатысты басты тұжырымды, А. Байтұрсынұлы: «*Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадырыниша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді*» [1, 165 б.] – деп, түйіндейді.

Әдеби шығарманың құрылымдық сипаты. «Шығарма сөз»

«Әдебиет танытқыштың» көлемі шағын «Шығарма сөз» тараушасында әдеби шығарманың құрылымының алғышарттары берілген. Ең алдымен, әдебиет түсінігінің өзіне анықтама беріледі: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып көбінесе шығарма деп айтылады. *Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда арабша әдебиет, қазақша асыл сөз дейміз*» [1,170 б.]. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің

бір парасы болып табылатын әдебиет сөзінің ауқымын кең шеңберде ашып беріп отыр. Яғни «*Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады*», – дейді. Ал біз білетін көп қолданыстағы әдебиет (*litteratura – жазылған, littera – әріп* сөзінен келіп шығады) түсінігінің «ақындық өнер», «поэзия» түсініктерінің орнын алмастырып келгені белгілі. Байтұрсынұлының бұл жерде асыл сөздің баламасы ретінде айтқан «арабша әдебиет, қазақша асыл сөз дейміз» деуі де жай емес. Себебі бұл терминдердің таза мағыналық өлшемін таразылағанда асыл сөзге жақын болып шығатыны латын тілінен келгенінен гөрі араб тілінен келгені (түбірі ^{أدب} әдеп, көркем мінезді иемдену, әдептілік, әдепті сөйлеу, сұлу сөйлеу, т.б. мағыналарды білдіреді, осы мағыналардың барып тірелер шыңы – асыл сөзден тіптен де алыс емес). Мағыналық жағынан соңғысының шеңбері кең болып тұр. Адамға рухани қажеттілік – сөздің асылы ғана дегенге саяды. Ал асыл сөздің ғылыми анықтамасына келсек оған қазіргі әдебиеттану да нақты жауабын бере алмай отыр. Алайда ғалым ұсынып отырған дискурстық жүйе асыл сөздің өзіне тән ерекшелігіне қан жүгірткенімен, оның кең мағынасындағы рухани талғам тұрғысынан келіп шығатын спецификалық мәніне жауап береді дей алмаймыз. Әрине, бұл жерде біз дискурс табиғатын ашып беруді мақсат тұтпадық. Тек, сөз өнеріне деген жаңа талап тұрғысынан жазылып жүрген дәйекті дәйек ретінде айта кетуді ғана ойладық. Немесе Байтұрсынұлы түсінігіндегі асыл сөз бен жоғарыда келтірілген дискурстың түсінігі мүлдем кереғар ұғымдар. Бірі асыл сөздің асыл болатын белгілері болады десе, бірі әдебиетте олай болуы шарт емес, барлығы да пікір алысу болады дейді. Яғни былапыт сөзбен екі адам ұрысып қалса ол да пікір алысу; пікір алысу болғаннан кейін ол да әдебиет. Яғни әдебиет сөздерінің ешқандай түрі, өз сүйкімі, шекарасы болмайды. Бұл енді қисындық синтездің (техногендік һәм философиялық ойдың синтезінен) жетістігі. Дискурс тек соны ұтымды қолданып тұр әдебиетке. Ал енді мұның шешімі қалай болары уақыт еншісінде. Жалпы біз білетін көркемдік дүние тарихында (егер ол көркемдікті бүтіндей құшағына алғысы

келген жағдайда) дискурс тектес қаншама эксперименттердің ғұмыры келте болып келгендігі басы ашық мәселе.

А. Байтұрсынұлы, Б. В. Томашевский, В.М. Жирмунский еңбектеріндегі стилистика ұғымының трактовкасы

Бұл тақырып ішінде қарастырылып отырған түсініктердің аталыммағынасының басына шыпалғандай болса қол төмендегідей болады: а) Байтұрсынұлының «Тіл қисыны» дегенін стилистика ғылымымен, нақтысы поэтикалық стилистикамен мазмұндас деп қараймыз. Нақ осы жерде және төмендегі терминдерге де қатысты айта кету керек, біздің мұндай ұқсастықтарды дәлмедәл деуімізге толық негіз жоқ (себебі бір терминнің келесі бір ұғымға қарағанда зерттеу шеңбері кең болуы немесе керісінше болуы да әбден мүмкін), мұндағы негізгі мақсат тек зерттеу барысындағы жүйелілік ұстанымы ғана. ә) Сол поэтикалық стилистика аясында, Томашевский мен Жирмунскийде де кездесетін поэтикалық семантика (сөз мағынасының ауысуы, яғни троптар мен өзге де көркемдік айшықтар; көбіне мұны жоғарыдағы екі автор поэтикалық лексиканың аясында қарайды) ұғымын Байтұрсынұлының «Тіл көрнекілігімен», анығы сол бөлімге кіретін категориялармен қатар қараймыз. б) Ал «Сөз талғаудың» ішіндегі «Сөз дұрыстығы», «Тіл тазалығы», «Тіл анықтығы», «Тіл дәлдігі» деген тараушаларды көбіне поэтикалық синтаксиспен барабар қараймыз. Б.В. Томашевский кітабының (әңгіме мына кітап жайлы: Б.В. Томашевский. Теория литературы. Поэтика. Л.: Госиздат, 1925; анығы осы оқулықтың «Стилистика элементтері» деген тарауы жөнінде өрбіп отыр) поэтикаға кіріспе болып келетін тарауында стилистика мен көркем шығарманың арақатынасын белгілеп алады. «Изучение свойств художественной речи всецело принадлежит лингвистике – науке, изучающей человеческую речь во всех ее проявлениях. В частности, проблемы, к которым мы подходим, относятся к области стилистики, изучающей индивидуальные формы речи» [2, 29 б.]. Ал стилистиканы неге поэтиканың аясында қарастырамыз дегенге, Б.В. Томашевский оның мәнісі екі себептен дейді. Біріншіден, «ақын тілінің» мән-мазмұнына қатысты мәселелер мен түрлі

тілдік әдістер (троптар) бір-бірімен әмәнда байланыста. Сол себептен «стилистиканың мәселесі көркем әдебиеттің спецификалық мәселесі болып табылады» [2, 29 б.]. Екіншіден: «Бұл – ежелгі ақындар мен шешендердің кезінен келе жатқан мәселелер. Және сол уақыттан бері бұл мәселелер тіл біліміне емес, әдебиет теориясына қатысты болып келді, сондықтан да сөз өнерінің ғылымы туралы сабақтарда олар, әдетте, тіл ғылымының жүйесіне емес, әдебиет ғылымының жүйесіне кірген» [Бұл да сонда]. Ал поэтикалық стилистика нені қарастырады дегенді Томашевский: «..мы коснемся основных вопросов, связанных с созданием ощутимого выражения, способов индивидуализации речи, т.е. способов построения из общего языкового материала речи, характерной для данного произведения или автора; наряду с этим мы постараемся учесть какой эффект в восприятии достигается этими приемами построения речи» [2, 30 б.]. «Ақын тілі» А. Байтұрсынұлы термині /Егер функционалдық тұрғыдан мұны «поэтический язык» дегенмен барабар түсінсек онда бұл терминнің ғылыми негізі А.А. Потебнядан келетінін айта кету керек./. Және де «ақын тілін» – қазіргі әлемдік әдебиеттану ғылымында қолданыста жүрген «көркем сөз», «көркем текст», «көркем тіл», «поэтикалық тіл», «әдеби шығарма тілі» деген ұғымдарымен мағыналас деуге болады. Осы «ақын тілі» деген түсінікті А. Байтұрсынұлы әншейін жәй сөзден ажыратып алып, «айрықша оң беріп айтылған сөз» [1, 175 б.] деп анықтаса, Б. Томашевский де дәл сондай көзқараспен «речь, в которой присутствует установка на выражение / «Бізде «установка» деген сөз бар, ол «автордың шығармашылық ниеті» дегенге саяды» дейді Ю. Тынянов называється художественный в отличие от обиходной практический» деп түсіндіреді. Негізінен, екі ғалымның да айтып отырғаны бір ұғым. Тек бұл жерде көңілде жай ғана бүлкілдеп қоятын бір өкініш қана қалады, ол Б.В. Томашевский есімі (1890-1957) бүгінгі кез келген теориялық еңбектің негізінен табылса, А. Байтұрсынұлы есімінің (1872-1938) әлі де болса үлкен ғылыми айналысқа толық кіріп кетпегені.

Міндетін осылай анықтап алған соң Томашевский стилистиканың негізгі үш тарауы деп, сөздің мағыналық құбылмалылығы,

құрылымы мен әуезділік шарттарының жүйесін келтіреді. Әрқайсысының жеке-жеке анықтамалық, функциональдық талдауы беріледі.

А. Байтұрсынұлы: «Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» [1, 176 б.] деп, стилистиканың негізгі міндетін нақтылап алады да: «Лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [Бұл да сонда] деп, поэтиканың негізгі міндеттерін де айтып өтеді. Біздің пікірімізше, бұл жерде Байтұрсынұлы поэтиканың бірден-бір тірегі деп, ең алдымен, тіл заңдылықтарын айтып отыр. *«Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сыйпатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады»* [11, 178 б.].

Ал осы тіл қисынының лебіз ғылымына тікелей қатыстығы жөнінде Жирмунский де көп айтады. Поэтиканың міндетін айта келе ғалым: «Поскольку материалом поэзии является слово, в основу систематического построения поэтики должна быть положена классификация фактов языка, которую дает нам лингвистика» [3, 28 б.], – деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырым бізді жоғарыда айтылған тілдік категорияларға¹ алып келеді² де, Жирмунскийше «стилистика естиякбы поэтическая лингвистика: она рассматривает факты общей лингвистики в специальном

¹ Тілдік категориялар деп бұл жерде стилистиканың аясындағы поэтикалық семантика мен синтаксисті айтып отырмыз. Жирмунскийде бұған қосылатыны фонетика / «Поэтиканың міндеті» мақаласында (1919) фонетика стилистиканың аясында қаралады да, кейінгі жұмыстарында (1923) фонетиканы бөлек қарастырып, оның негізбасы ретінде метрика, мелодика, инструментвокаларды алады, жалпылай поэтикалық стилистиканың ішінде шартты түрде алсақ: Тамошевскийде ол эвфония (поэтикалық сөздің дыбыстық талғамы) болады, Байтұрсынұлына ол тіл әуезділігі болады.

² «Каждый из этих (тілдік) фактов, подчиненный художественному заданию, становится тем самым поэтическим приемом. Таким образом, каждой главе науке о языке должна соответствовать особая глава теоретической поэтики» [3, С. 30-34].

художественном применении» болып шығады да, дегенмен сөз соңында «содержание поэтики стилистикой не исчерпывается» [3, с. 30-31] деп лебіз ғылымының тынысын кеңейтеді. Ал Байтұрсынұлы поэтикасының да стилистикалық шарттармен ғана шектелмейтіні белгілі. Автор дұрыс әңгіме жазу үшін тілдік шарттарды білу аз дейді, оған қоса «жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса» дейді, сонда ғана шығарма «пікірлі, әсерлі әдемі болып шықпақ» [1, 176 б.], – дейді. «Пікірлі», «әсерлі», «әдемі» шығарма деген түсініктер: Байтұрсынұлы – «лебіз ғылымының мақсатын» тек тіл білімінің негіздік категорияларының аясында ғана емес, күрделі пәлсапалық және эстетикалық теориялармен бірлікте, өте кең түсінгендігінен хабар береді. Осы тарауда стиль категориясы да сөз болады. Бірақ бұған жеке тоқталамыз. «Бүтін пікірін айтып шығаратын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты, барсыз ба?» деп амандасады» [1, 178 б.].

Троп пен фигураны А. Байтұрсынұлы бірлікте қарайды. Терминологиясы мұнда да түп-түгел қазақша. Тіл көрнекілігінің көркем шығармадағы міндетін айтқанда классикалық мысал ретінде, Мағжанның «Толқын» өлеңін мысалға алады. Асыл сөздің образдылығы да, эстетикалық және поэтикалық мұраты да осы өлеңде үлкен шеберлікпен берілген. Осындай сөздерді «көрнекі тіл» дейміз дейді де, оны «көріктеу», «меңзеу», «әсерлеу» деп, үш әдіске жіктейді. Мұндай күрделі де қарапайым концептуальды тәсіл Байтұрсынұлыға тән. Біздіңше, Ахмет Байтұрсынұлы пайымындағы әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін «пән сөздері», негізінен, үш тағанмен бірлікте қаралады. Олар: сөздің терең генезисі мен семантикасы және оның асыл сөз жүйесіндегі функциясы. Осы әдестемелік пайым тұрғысынан болсын не ғылымдағы өзге де жүйелілік қағидасы тұрғысынан болсын «Әдебиет танытқыштың» бұл тарауын зерделеу, әлі де бірнеше арнайы көлемді зерттеулерге сұранып тұр.

Көркем сөздің стилистикалық ерекшеліктерін жалпы қарастыру кезінде жоғарыда аталған тұжырымдамалардың түпкі

негізін «Әдебиет танытқыштың» басынан көруге болады. Сол себепті де кітаптың «Сөз өнерінің ғылымы» атты тарауындағы поэтиканың классификациясы берілген жерінен мәтін келтіреміз. Оның үстіне «тіл қисынының» да жүйесі осы жерден тарайды: «Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалатын сөз шумағы да тіл (я лұғат) деп аталады.

Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) Ақын тілі, 2) Әншейін тіл. Ақын тілі айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айрықша өң берілгендіктен лебіз көрнекі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен, лебіз сида, жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекі лебіз деліп, соңғысы жалаң иә (көсе) лебіз делініп айтылады.

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз?

Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз – осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді керек қылса, өнер ғылымды керек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады.

Шығарманың екі жағы бар:

- 1) тысқы тіл жағы;
- 2) ішкі пікір жағы.

Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді:

- 1) шығарманың тілінің ғылымы;
- 2) шығарманың түрінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді.

Әр саласы айырылып, бөлек-бөлек сөз болмақшы» [1, 176 б.].

Сонымен аталмыш пәннің (стилистиканың) міндеттерін

А. Байтұрсынұлы әдеби туындының стилистикалық заңдылықтарымен бірлікте зерделейтіні белгілі болды. Ғалымның біз жоғарыда тоқталып өткен: *«Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен»* деген тұжырымы да соның айғағы [1, 177 б.]. Себебі бұл тезистен поэтикалық тіл мен стилистиканың (бұл лексикалық-фразеологиялық құралдар, тармақтар, (оларды тағы «тіл семантикасына» да жатқызады, фонетикалық, интонационалдық-синтактистік, ритмдік) көркем тілдің негізін құрайтыны айқын аңғарылады. Бұл тұжырымды Б.В. Томашевскийге де қатысты айтуға болады.

Бұл пікірімізді және бір қуаттайтын ғалымның келесі бір тезисі былай өрбиді. Байтұрсынұлы автор мәселесін сөз қылғанда: *«Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білу тиіс»,* – дейді [1, 178 б.]. Мұнан түсінетініміз автордың шығармашылық ойлары және оны жүзеге асыру тікелей стилистикалық білімге байланысты екендігі. Бұл тұжырымнан шығатын қорытынды мәтіннің құрылымы оның мағынасына әсерін тигізеді дегенге келеді. Поэтикалық семантика дегенде біз көбіне осы ұстаныммен бетпе-бет келіп қаламыз. В.М. Жирмунскийдің де жазуынша: *«композиционные задание художника, звуковое и смысловое, находит выражение в метрическом и синтаксическом построении словесного материала»* [3, 31 б.]. Ал Байтұрсынұлының сөйлемді дұрыс құру дегені поэтикалық синтаксистің де нысанын қамтиды. Дәлірек айтсақ, ғалым бұл жерде поэтикалық синтаксиске тән мағыналық ерекшелікті көре білген. Яғни Байтұрсынұлының жоғарыдағы *«айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе*

білу тиіс» деген ұстанымы поэтикалық мәтінге тән ең маңызды мәселені қозғап тұр. Яғни бұл – автордың шығармашылық стратегиясы мен поэтикалық заңдылықтар бірлігі деген мәселеге келеді. Бұл байланысты В.М. Жирмунский мейлінше анық көрсете алды: «...Поэт употребляет те же придаточное или уступительные предложения, те же синтаксические формы, те же падежи, которые существуют в обычной речи. Он их только по-особому использует, по-особому организует, подчиняет их своей художественной задаче, задаче создания поэтического образа». Бұл мәселеге тіптен тереңдеп барған, яғни стилистика ғылымын өте кең мағынасында түсінген деп Г.О. Винокурды айтуға болар. С.Н. Бройтманның пікірінше, Винокур поэтиканы «стилистиканың бір бөлігі ғана» деген пайыммен зерделеген. Г.О. Винокурдың поэтикалық тілдің мәні туралы жүргізген зерттеулері (Винокур, 1923, 1923, 1945), проблеманың әдістемелік және тарихи-стилистикалық жақтарын қарастырады. Ғалымның тілдің поэтикалық қызметі туралы тұжырымдамасын былайша түйіндеуге болады. А) Өзге стильдермен бірге сөз құралдарын пайдалануды өзіндік дәстүрі бар ерекше мәнге ие *сөз стилі* ретінде. Аталмыш жағдай – поэтикалық стиль. ә) ерекше поэтикалық қасиетке ие *тіл*. Б) үшіншіден, ерекше көркем қызметтегі немесе «өнер дәрежесіне көтерілген» *тіл* ретінде.

«Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің» трактовкасы

«Әдебиет танытқыштың» ең басында сөз өнерінің жалпы теориясына қатысты келесі бір тәсіл пайдаланылған болатын: *«Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы, 2) ішкі пікір жағы»*.

Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың тілінің ғылымы, 2) шығарманың түрінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан

қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді» [1, 176 б.]. Бұдан шығатын түйін – Байтұрсынұлы, ең алдымен, шығарманың семантикалық құрылымына назар аударып отырған болады. Шығарманы мазмұндық жағынан *қара сөз бен дарынды сөз жүйесі* деп бөлуі – соның айғағы. Сонымен, «Әдебиет танытқыштағы» «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталатын екінші тарауда асыл сөз теориясының негізгі белгілері тұтастай талданады. Егер жіліктеп айтсақ, бұл тарауда: көркем шығарманың түрлері, прозалық мәтін мен ақындық мәтіннің айырымы, көркемдік әлемнің құрылымдық жүйесі мен ондағы мағыналық астарлар мәселесі, мәтіндерінің арасында қатынас жүйесі, терминдеу жүйесі, көркемдік әлеміндегі субъективті және объективті басымдықтар, композициялық негіз, оқиға таңдау, олардың орналасуы, әдеби тектер мен жанрлар ерекшеліктері, шығарманың эстетикалық талғам бағыттары секілді теориялық мәселелер сөз болады.

Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымы бойынша, көркем сөз – көпқабатты құбылыс. Оның құрамында сөздің негізгі теориялық басымдықтары белгіленген. Ғалымның айтуынша: *«Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Жалаң сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе, ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады»* [1, 255 б.]. Жоғарыда біз ғалымның қандай да бір категорияның мазмұнын ашуда ең маңызды ерекшеліктерді айтып кеткенбіз. Мұндай ерекшелік, ғалымның «сөз өнері» мәнін түсіндіргенде қолданылатын әдістеме әдеттегі бізге таныс дефиниция жүйесіне берілмейді. Ғалым пәннің кез келген категорияларын түсіндіргенде оның қасиетін образды мысалдармен, философиялық, филологиялық категориялар бірлігінде ашып береді. Бұған қоса, А. Байтұрсынұлы басқа көркемдіктің специ-

фикалық категорияларына басты көңіл аударады. Яғни тек ой желісіндегі көркемдіктің реттілігі ғана ашылып қоймайды, сонымен қатар олардың түпкі белгілері («*Көркем сөз – көңіл тілі*»; «*көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе*»), яғни адам санасының көркемдік әлемді сезіну негіздері қатар түсіндіріледі. Мұның бір шеті адамның образды қабылдау бейімдігіне де қатысты («*яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесінеуқсату, бернелеу, суреттеп ойлау*»). Мұның өзі бейнелеу категориялардың мәніне, санадағы бейнеге ұласады. Бұл тұрғыда Потебня еңбектеріне сілтеме жасауға болады [4]. З. Фрейдтен Э. Фромға дейінгі бір топ психологтардың да көркем туынды мен түс көрудің жақындығы туралы көп жазуы тегін болмаса керек.

Жоғарыда келтірілген, көркем сөздің ерекшелігіне қатысты А. Байтұрсынұлы тезисі, жалпылай алғанда, гегелдік және Гегелден кейінгі эстетикалық әдіснамаға біршама жақын. Образ категориясын талқылауда гегелден кейінгі эстетикалық методологияның бір ерекшелігі – көркемдік мәтін мен ғылыми дәлелдік шығарма сөздердің мәнін қарсы қойып талдауларында болды. Ал көркем сөздің пәндік мазмұнын ашуда А. Байтұрсынұлыдан да аталмыш тәсіл байқалады: «*Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе*», т.б. деген секілді, көркем сөз бен қара сөзді қарсы қойып түсіндіру мәселесінен соны аңғарамыз.

«Ұлы әңгіме» немесе роман спецификасы

«Әдебиет танытқыштағы» әдебиеттің тектері мен түрлеріне қатысты жүйе Платон, Аристотельдерден келе жатқан классикалық үлгіге саяды. Әрине, түрлерге қатысты айтқанда А. Байтұрсынұлы өз заманының теориялық жетістіктерінің бәрін ықшамдап кіргізе білген. Ал кейбір тұстарында өзіне тән кең ойлау ерекшелігімен уақыттан оза шауып сөз өнерінің үш тегінің спецификасына қатысты тұжырым жасайтын жерлері де бар. Егер кезек бойынша әуезе түрлерінен сөз қылсақ, ғалымның роман туралы тұжырымдарына тоқталамыз.

Біріншіден романға А. Байтұрсынұлы «ұлы әңгіме» деген атау береді. «Ұлы әңгіме, яки роман. Ұлы әңгіме, яки роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз», – дейді де, ал енді мұның себебіне келгенде: «Ұлы әңгіменің мақсаты көптің өмір сарынын суреттеп көрсету болғандықтан, бұл туралы шығармаларда адамның да, уақиғаның да ұлысына, ұсағына бірдей назар салынады. ..Ұлы әңгіме тұрмыс тілі, өмір жүзіндегі ұлы-кіші ғамалдар, ұлы-кіші уақиғалар қалай бір-біріне оралып, шиеленісіп, байланысып, ұйысып, ұшы қайдан басталып, қайдан барып тоқтайтынын мысалмен көрсеткен секілдендіріп алдыңа әкеліп, түрлі жолмен, бағытпен байланыстырады, шиеленістіреді. Шиеленістіре барып, немен тынатындығын көзге көрсетеді», – деп, ұлы әңгіменің құлашы кең, бірақ соның есесіне күрмеуі де күрделі жанр екенін білдіріп кетеді [1, 342]. Сөйтіп, бірден сөз өнері жүйесіндегі романның салмағын айқындап, оған бөлекше талап қояды. Бөлекше талап қояды дейтініміз Байтұрсынұлы романға тек пішіндік, жанрлық шеңберде ғана қарамайды. Ал 20-жылдары жанрлық түрлерге дәл осы тұрғыдан қарау басым еді. Мәселен, Б. Томашевский мен Б. Ярхо эпикалық жанрларды тікелей құрылымдық тәсіл тұрғысынан саралайды. Олар үшін роман бірнеше мотивтердің конструкциясы іспетті. А. Байтұрсынұлы романның көлемі жайлы айтқанда жанрдың конструкциясын да ескереді. Бірақ қазақ теоретигінің формалистік мектеп тәсілдерінен бір ерекшелігі романға сөз ретінде (гр. epos), сөз болғанда да салмағы басым ұлы әңгіме ретінде қарау арқылы оның семантикалық қасиетін бірінші орынға қоюы болып отыр.

Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы романның ішкі компоненттері мен сыртқы тақырыптық аясын да қатар бірлікте айқындап береді. «Ұлы әңгіме шығарушылар (романшылар) роман жазғанда, тақырыпты не өз заманындағы тұрмыс сарынынан алады, не өткен замандағы тұрмыс сарынынан алып жазады немесе алдағы заманның сарынынан болжап жазады. Роман алған замандағы тұрмыс сарынын көрсеткенде, сондағы адамдардың – үлкені, кішісі бар, жақсысы, жаманы бар, байы, кедейі, төресі,

қарасы бар, жасы, кәрісі бар не істейді, не іздейді, не тілейді, неге сүйеніп, неге күйінеді, неден именеді, неден күйзеледі, нені жақтырады, неден жиренеді, неге құмар, неге сұлық, қысқасы, иә бүтін бір жұрттың, яки жұрттың бүтін бір табының сыр-сипатын сөзбен суреттеп, алдыңнан өткізеді» [1, 340]. Қазақ теоретигі романдық түрдің қасиетін, өзіндік ішкі тереңдігінен осылай толғаса, орыс теоретик ғалымы М. Бахтиннің Достоевский романдарына қатысты талдауында осы тұжырымдар қайталанғандай әсер қалдырады. Яғни Байтұрсынұлы мәселенің түпкі негізінен қозғаса, Бахтин пікірлерінде соның нақты жүзеге асқан түрін көруге болады. Бірі ұлы әңгіменің теориялық негізін айтса, екіншісі сол негізді практикалық сипатымен қатар саралап, талдап ашып береді. Жоғарыда Бахтиннің Достоевский тіліне қатысты тезис – соның бірден-бір айғағы.

Үшіншіден, ғалым ұлы әңгіменің басты ерекшелігі болып табылатын оқиғаның көпқабаттылығы (многолинейность сюжета) мәселесін де жан-жақты әрі қисынды түрде ашып береді. Бұл тұрғыдан алғанда ғалым теориялық пайымдау бірлігі ретінде терең психологиялық, педагогикалық пайымдаудың белгілерін де өте ұтымды бере білген. Төмендегі роман спецификасына қатысты көлімді мысал біздің бұл тұжырымымызға мығым дәлел болады.

«Ұсақ уақиғалар адамға күнде душар болғанда, ірі уақиғалар өмір бойы душар келмесе ықтимал. Адам басынан кешетін көбіне ұсақ уақиға, ұсақ іс, жеңіл сүйініш, жеңіл күйініш. Ұлы әңгіме өңшең үлкен уақиғалармен болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады. Оның олай етуінде, екі түрлі мәніс бар:

1) Ұсақ уақиға мың қырланып, мың түрленіп қайта айналып тұрады. Қайта-қайта болатын уақиға қалыпқа айналады.

Адам тұрмысының тағдырын күн сайын құбылып, қайта-қайта келіп тұрған ұсақ уақиғалар шешеді. Бір рет өтірік айтсаң, ол зор бәле: өтірікші, сырғыма, сенімсіз болсаң, онан тіршілігіңе келетін кесапат көп; адам бірден өтірікші, бұзық, ұры-қары болмайды; бірден түзек, әділ, адал, ізгі де болмайды; бір істегенін қайта істеп қалыптанумен бірте-бірте барып болады.

Ұсақ уақиғаның бірден-ақ ұлы уақиғаға себеп болатын жерлері де бар. Үлкен үйге кішкене кілт жол ашатыны сияқты, үлкен іске көбіне кіші іс кілт болады. Кіп-кішкене ұшқыннан үп-үлкен өрт шығады, аз нараздық көңілден үлкен ұрыс, төбелес, соғыс шығып кетеді. Сол сияқты адам қаталасқан бір қатасынан өмірлік тұрмысын ауырлатып алуы ықтимал. Бір дұрыс істеген ісінен жөнін түзеп, тұрмысын ауырлатып алуы ықтимал. Ұсақ уақиғадан ұлы уақиға тууы ықтимал болғандықтан, ұсақ істің бәрін ұсақсыну керек емес. Ол ұсақ іс, бәлки, зор шарапатқа ие зор кесепатқа кілт болатын ұсақ істің бірі шығар. Олай болса, ұлы уақиғалармен қатар, ұсақ уақиғаларды қатар алу, түрін тану керек болады. Тіршілік жолында жүзеге шығарайын деген ісіңе бөгет болатын көбінесе үлкен істер емес, ұсақ істер, ұсақ нәрселер; олардың бөгетшілік күші үлкендігінде емес, көптігінде. Олардың бөгеттілігін бұзуға көп күш, үлкен іс керек емес, ұсақ ғамал, жиі жеделдік керек. Тіршілік ғамалы – *заманның зарын, тұрмыстың сарынын тану ғылымы, адамның іздеген, көздеген жақтарын білу, мақсаттарына жетуге жүретін жолдарымен танысу; тұрмыс ғылымын жақсы білгеннің ісі – ұсақ істерге айналып, ұлы істерді де ұмытып кетпеу, ұсақ істерді ұсақсынып, қатарға алмай, қазыққа сүрінгендей болып құлап та жатпау.*

...Тұрмысқа сарын жасайтын адамның ғамалы, ғамалға өң беретін адамның мінезі, мінезге кейіп беретін тұрмыс төңірегі; адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен білінеді. Адамның тысқа шыққан пікірінде, көңілінің күйінде, еткен ғамалында мінезінің қай түрі көбірек көрінсе, сол адам сол мінезді болмақ. Мінез іштен туады; бірақ шынығып жетпей тұрғанда мінез түрін тәрбиемен өзгертуге болады» [1, 342].

Төртіншіден, Байтұрсынұлы романдағы кейіпкер мәселесіне байланысты пікір айтады: *«Мінездері ұқсас бірыңғай, бір кейіпті адамдарды кейіптес дейміз. Мінездің белгілі бір түріне кейіп беретін адамдарды кейіпкер дейміз. Жомарттық, сараңдық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер болады» [1, 342].*

Бұл пікірдің романға қатысты жаңалығы бар. Ғалым бұл жерде әдеби герой мен кейіпкер екеуін ажыратып қарайды. Яғни Байтұрсынұлы нақты романға қатысты категорияға ғана тоқталып тұр. Себебі күні бүгінге дейін бұл екі категорияның мағыналық біркелкілігі даулы мәселе. Әдеби геройға жалпылық тән десек, кейіпкерге өз ішіне үңілу, яғни субъектілік қасиет тән деп білеміз. Ал А. Байтұрсынұлы қисынды түрде кейіпкердің қасиетін оның ішкі мінез өзгешеліктерінен (*жомарттық, сараңдық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық*) шығарады да оның субъективті категория екеніне басымдық танытады. Кейіпкердің әдеби геройдан және бір ерекшелігі, кейіпкер шығарманың сөйлеу құрылымында көбіне екінші орында қалып отырады. Сонымен қатар кейіпкер категориясының әдеби геройға қарағанда сюжеттік функциясы да әлсіздеу. Бірақ мәселе солай бола тұра оның мағыналық күші басым, сол себепті де ол прагматикалық жетістіктерге тез жетеді. Әрине, ол жетістік романда бірден байқала да қоймайды. Ал лирикалық шығармалардағы кейіпкердің орны өз алдына бөлек тақырып, ол туралы А.В. Михайлов, Л.Я. Гинзбург секілді ғалымдар жан-жақты жазды. Әрине, романда лирикаға тән белгілердің жеткілікті болатыны және түсінікті жайт.

Бесіншіден, «Әдебиет танытқышта» роман жанрындағы кейіпкерлердің және бір спецификалық тұсы айтылады. Романның идеологиялық салмағы туралы сөз қозғағанда Байтұрсынұлы оны кейіпкер таңдаумен байланыстыра қарайды. Яғни ғалым: *«Ұлы әңгімешілер тұрмыс сарынын сүгіреттегенде, сарынға кейіп беретін, оң беретін таптардың кейіпкерлерін алып сүгіреттейді»*, – дейді де олардың жай таңдалмайтынын, бастапқы мақсаты адамдар өміріне өзгеріс енгізетін күші бар кейіпкерлер таңдалатынын айтады.

Алтыншыдан, романның көлемдік спецификасы туралы мәселе. Содан келіп шығатын әңгіме мен повесть сипаттары жайлы тұжырымдар. Бұл жөнінде А. Байтұрсынұлы былай деп ой қорытады. *«Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп*

аталады). 20-жылдары романды новеллалардың жиынтығынан пайда болды деп қарау теориясы басым болды. Бұл теория сол кезеңдерде де қазіргі күн ғылымына да кірігіп кете алмады. Бұл пікірді алғаш айтқан «Дон Кихот қалай жасалынды?» деген мақаласында В. Шкловский болатын. Жоғарыда қозғалған эпикалық жанрдың көлемдік анықтамасына келсек, Байтұрсынұлы бұған Томашевский секілді конструкциялық тәсілмен шектелмей эпикалық түрдің семантикалық ерекшелігі тұрғысынан келеді. Семантикалық ұғымның да негізін баяндайды. Мәселен, Байтұрсынұлы сөз өнерінің эпикалық түрлерін (мәселе роман, повесть, әңгімеге қатысты болғанда, кейде бұларды эпикалық деп атауымыз да шартты атау болып табылды – Ұ.Е.) ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме деп атауы жайдан-жай емес. Жанрға байланысты мұндай кең шеңбердегі көзқарас өз кезегінде сөз өнерінің уақытқа қатысты жаңа қырын ашады. Сөз өнеріндегі бейнелілік сөйлеу ерекшелігінің уақыттық реттілігімен астасып жатады деген ойдың бір ұшы сонау 1766 жылы жазылған Г.Э. Лессингтің белгілі еңбегіне барып тіреледі.

А. Байтұрсынұлы повесть пен әңгімеге қатысты жаңағыдай уақыттық категориямен келсе, романға неге ұлы деген атау берді деген заңды сұрақ туындайды. Әрине, егер ғалым эпикалық түрге тек қана оның көлемі мен семантикалы астарының әрқилылығынан келген болса, онда мәселе басқалай болар еді. Немесе жоғарыда айтқанымыздай, хронотоптық қағиданы ұстанса, онда бұл ұлы әңгіме емес, неге өте ұзақ әңгіме деген атау алмады. Әрине, біз бұл жердегі қарабайыр болжамды ғылыми негізі бар деуден аулақпыз. Мәселенің ауданы уақытқа қатысты болған соң сол ұстанымды соңына дейін қарастыру тұрғысынан ғана айтылған ой бұл. Себебі эпикалық түрлерге атау бергенде біз Байтұрсынұлының олардың «...бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір» дегенін және алға тартып, арнайы романға қатысты неге ұлы деген атауды қолайлы көргенін айту. Ол туралы жауаптың шеті де сол «Әдебиет танытқыштан» табамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан,

тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірі-уақты істері болғандықтан, ол істер бір-біріне ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осылардың бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек» [1, 343]. Яғни ғалым романды бөлек жанр ретінде талдайды. Бір жағы сол себептен де әңгіме мен повестке қатысты біршама сөз өнерінің пәлсафасынан шығып келетін талыптары романға келе бермейді. Себебі Байтұрсынұлы үшін роман олардың анасындай. Атауға байланысты да сол ұстаным; басқалай айтқанда, балаға есімді анасы таңдайды. Ал балаға қатысты ұғымдық талаптарды (мейлі ол логикалық болсын, иә хронотоптық болсын; айта кетсек, хронотоп әдебиеттануға жаратылыстану ғылымдарынан келген ұғым, жиырмасыншы жылдардың орта шенінде бұл терминді М. Бахтин енгізді деп жүр) анасына қатысты қолдана алмайсыз. Ол эпикалық жанрдың барлық (әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды) қасиеттерін қамти отырып, дамиды. Ахмет Байтұрсынұлы 20-жылдары романға ғана тән осындай бірқатар күрделі проблемалық ерекшеліктерін дөп басып айтса, араға 40 жылдай уақыт салып М.М. Бахтин сол ерекшеліктердің ғылыми әдістемелік жүйесін айтады.

Дегенмен сөз соңында айта кететін жайт, ол «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ сөз өнеріндегі бесаспап теориялық еңбек ретінде де, жеке құндылық деңгейіндегі мұра ретінде де әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді деп санаймыз. Біз өз тарапымыздан теориялық поэтика шеңберінде еңбектің жалпы жүйесін ғана саралап шықтық деп айта аламыз. Бұлай дейтініміз, («Әдебиет танытқышта» ондаған) егер әдебиет теориясы пәнінің аясында ғана айтсақ, салалық тақырыптар терең синтезбен берілген. Ол синтездердің негізі әрбір саланың маманын талап етеді. Сондықтан еңбектегі барлық тарауларға диссертанттың салалық маман ретінде бару мүмкіндігі болмағаны өз-өздігінен

түсінікті жайт. Қорыта айтқанда, «Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізу керек».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б. ; «Әдебиет танытқыш» (1926) // Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
2. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М., 1996.
3. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Л., 1977.
4. Потебня А.А. Теоретическая поэтика. – М., 1990.

Болатхан САРБАСОВ,
ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ
әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының
профессоры м.а.,
Дәурен ҚАХАРМАН,
ҚазҰУ-дың 1-курс докторанты

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИ МҰРАЛАР

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің құндылығын танытатын ежелгі түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлер кешегі кеңес заманында аз зерттелгені белгілі. Халықтың рухани мұрасы саналатын рухани мазмұндағы көне түркі әдеби шығармаларды шығыстанушылар мен түрколог ғалымдар зерттеп жариялағанымен де, ежелгі мұраларымыздың маңыздылығын арттыратын мәтіндерді кеңінен насихаттауға тоталитарлық жүйеге негізделген «кеңес үкіметі» мүмкіндік бермеді.

Қазақстанның Тәуелсіздік алуына байланысты осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында елімізде алғаш рет іске асырылып отырған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әдеби жәдігерлер» атты ғылыми басылым сериясын дайындап шығарды. Қазақ халқының ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлердің түркі тілдес халықтарға ортақ көне жазба ескерткіштердің бұрынғы тыйым салынған біраз бөлігі бірінші рет қазақ тіліне аударылып, оқырман қауымға осы серияның алғашқы томдары ұсынылды.

А. Байтұрсынұлы – алғаш рет «Әдебиет танытқышта» қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлерге бөліп қарастыру мәселесін көтерген. Ғалым «жазу әдебиеті» діндар дәуір, яғни діншіл;

сындар дәуір, яғни ділмар дәуір деп екіге бөледі. Ғалым осы дәуірлердің аясында туған әдеби жанрларды жіктеу, жүйелеуді алға қойып отыр. Қазақ әдебиетінің осы екі дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуір деп тұжырымдайды.

Қазақ әдебиетінің көне дәуір желісінің үзілмей келе жатқан күрделі мәселесі жөнінде Б. Кенжебаев әр мақаласында астын сызып атап-атап көрсетеді. Мысалы, ол қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын ғылыми негізде, әдебиеттің заңдылығына сай етіп «VIII-IX ғасырлардан бастау қажет, ертедегі шағатай, ұйғыр тілдерінде жасалған жазу-сызулардан, жазба әдебиет нұсқаларынан, әдеби шығармалардан бас тарту өзіміздің ертеден келе жатқан әдеби дәстүрімізден бас тарту болады» [1, 299], – дейді.

Ғалым әдебиет тарихын дәуірлерге бөліп қарастырады дедік, яғни «Жазу әдебиет» атты бөлімде: «... Жазу қазаққа дінмен бірге келген. Қазақтың өлеңді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. ... Шарттарын, шарифат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» [2, 316], – деп жазба әдебиеттің алғашқы дәуірін дін жағының басымдылығымен байланыстырып, «Діндар дәуірге» бөледі.

Ғалым Д. Ысқақұлы «Әдебиет алыптары» (2004) атты кітабында А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» туралы және қазақ әдебиетінің даму түрлері қандай, ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы қандай деген сауалдарға жауап іздейді: «А. Байтұрсынов жалпы әдебиетті ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екіге бөледі. Ауыз әдебиетін жіктегенде бүгінгі жүйемізден өзгешелеу принцип ұстанған. Мысалы, ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай сауықтама, сарындамаға айырады. Мұндағы бізге түсініксіздеуі – «ертегісімек». Ол туралы: «Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден көрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтимал молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады», – делінуі және оған мысалға «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр»,

«Атымтай Жомарттың» келтірілуі мәселенің аңыз-әңгімелер туралы екендігін аңғартса керек. Демек, ертегісімек – аңыз-әңгімелер екен» [3, 27-28].

Сөз орайы келгенде айта кететін нәрсе – шығыс, ежелгі түркі әдеби мұрасы және орыс әдебиетінің ықпалы мен әсері. Әдеби мұраларға, олардың поэтикалық және категориялық ұғымдар құрылымы тұрғысынан келсек, бұл ретте сыртқы мәдени әсердің, әсіресе орыс, еуропа әдебиеті ықпалының лебін аңғару қиын емес. Қазақ ақын, жазушыларының шығармаларының образдық жүйесі, көркемдік-эстетикалық сипат-өзгешеліктері, тіпті сөз жасау мәнері де әлемдік әдеби ағымның (еуропа және шығыс) иірімдерінде қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. Дегенмен бұл процестің мазмұндық сипатынан гөрі бітімдік жағы үстем болды. Осы сөзіміз дәлелді, орнықты болуы үшін орыс ғалымы А.Н. Веселовскийдің мына ойын тілге тиек етелік: «Влияние чужого элемента всегда обуславливается его внутренним согласием с уровнем той среды на которую ему приходится действовать. Влияние действует более в ширину, чем в глубину, оно более дает материала, чем вносит новые идеи. Идею создает сам народ» [4,14-15].

А. Байтұрсынұлы көне әдебиет нұсқалары мен ежелгі әдеби жәдігерлерден және классикалық қазақ әдеби шығармалардан мол хабардар болған. Мұны біз «Әдебиет танытқышты» зерттеу барысында байқадық және көнеден бүгінге дейін үзілмей жеткен желіні көрсетеді. Ежелгі түркі әдеби мұраларындағы асыл сөз өнерінің поэтикасын ғалым А. Егеубай «Құлабыз» (2001) атты монографиялық еңбегінде Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн шығармашылығын зерттеп, қазақшаға аудару барысында: «Қазақтың ұлы ғұламасы хатқа түсіріп, табиғатын тармақтап өткен сарындама, сауықтама сынды халық әдебиетінің сипаттары, бітімдері біз сөз етіп отырған ежелгі түркі әдебиеті шығармаларында жиі көрінеді» [5,176], – деп, А. Байтұрсынұлының теориялық тұжырымдарына сүйенгендігін жазады.

Тіліміздегі асыл сөздердің бәрі, яғни батырлық жырлар мен дастандар, ертегілер мен аңыздар, шешендік және ғұрыптық

жәдігерліктер, мақал мен мәтелдер, жұмбақтар мен нақыл сөздер, өлеңдер мен толғаулар ғасырдан ғасырға ұласып, атадан балаға мирас болып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

А. Байтұрсынұлы осылай «Әдебиет танытқышта» қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің жанрлық дамуын, қалыптасуын, поэтикалық сыр-сипатын, тәрбиелік мәнін, оны қалай зерттеудің методологиясын жүйелеп, саралайды.

Қазақтың мақал-мәтелдері де халық даналығының бірнеше ғасырлық асыл мұрасы болып саналады. Мақал мен мәтел қысқа да нұсқа етіп айтылған халықтың өсиеті және де өзіндік өткірлігімен ерекшеленеді. Азды-көпті шешен сөйлейтін кез келген қазақ өз сөзіне осы мақал мен мәтелді арқау етеді.

Алаш зиялыларының бірі Ахмет Баржақсин қазақ әдебиеті, оның ішінде мақал, мәтел турасында 1915 жылы «Қазақ» газетінде өз ой-пікірін былайша жеткізеді: «Мақалдар халықтың әртүрлі іс-жұмыстарына дұрыс жол көрсеткендіктен сүйкімді болып көп тараған. Мақал мен мәтелде пікір сонша тығыз айтылған, өлеңнен сөзді тастау қандай қиын болса, бұлардан да сөзді тастау сондай қиын. Бұларда артық сөз болмайды. Мақал турасында әр халық әртүрлі қылып сөйлейді. Оңтүстік халықтары (араб, парсы, түрік және т.б.) мақал – тілдің гүлі дейді. Қытайлар – бұрынғы данышпандардан қалған өсиет, немістер – көше арасындағы данышпандық, италияндықтар – халық мектебі, ағылшын, француздар – көп көргендіктің жемісі, орыстар – қанатты сөз, әдемі сөз, қазақтар «Шариғат – ағып жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөздері жағалай біткен құрақ» [6, 183], – деп жазады.

Мысал, мақал, мәтел, ділмар сөз, ғұрып сөздерді А. Байтұрсынұлы қазақ ауыз әдебиетінің «сарындама» саласы, оның ішінде «салт сөзіне» жіктейді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін, қазіргі қолданыстан кездестіріп әрі өзіміз жиі сөз арасында ұшқырлығымызды байқату үшін пайдаланып жүрген мақал-мәтелдердің көпшілігі дерлік Махмұд Қашқаридың еңбегінен бастау алған екен, тіпті, айтып жүрген мақал-мәтелдеріміздің біразы атамыздың жіпке тізілген маржандай әдемі ой тізбегі екенін «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбекте молынан кездеседі. Мәселен:

«Алып жауда көрінер, Байсалды дауда көрінер» «Батыр – жауда сыналады, Жуас – жайда сыналады» деп атамыз мақалдарда адамның бойындағы қасиеттердің қай майданға жарамды екенін білдірген. «Алып» деп отырғаны туған елі, туған жері үшін қасық қаны, шыбын жаны қалғанша күресетін, өліспей беріспейтін батыр болса, оның дәл осы ерлігі тек соғыста, яғни жау арасында көрінетін, жауынан елін балапанын қорғаған құстай қорғаштаса, халқының алдында мерейі биік болатынын, ал сөз бастаған шешеннің арыздасып, бір-бірінің бетін көрмей кетуге де бар екі жақты татуластырып, елдің жаманын жасырып, жақсысын асырып отыратын адам екенін және оны елі дәл осы асыл қасиеттері үшін сыйлайтынын екі бет қып жазып отырмай, тек екі ғана жолға шебер қиюластырып тіркестірген. Қазір біз қолданып жүрген «Батырлық айқаста танылар», «Болат қайнауда шынығады, Батыр майданда шынығады» сынды мақалдар жоғарыда келтірілген мақалдардың сәл ғана бұрмаланған нұсқалары болып табылады [5,177].

«Ерте үйленген қартайғанда қуанады, Жазда тырысқан қыста қуанады» мақалы «Қыс азығын жаз жина» деген ой тіркестерін, жалғанның халқымыз айтпақшы, «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деп, мәні мен сәні бала екенін ұғындырып тұр. Махмұд Қашқари атамыздың сөз басын ерте сөзімен бастауы да тегін болмаса керек. «Ерте» сөзінің өзі «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген мақалмен ұштасып тұр. Осы орайда, Жүсіп Баласағұннан қалған «Ерте тұрғанның құты артады» мақалы да өзінше осы осы жерге үйлесіп-ақ тұр.

«Әдебиет танытқышта» сараланған, табиғатын тармақтап берген сарындама, сауықтама сынды халық әдебиетінің сипаттары, бітім-болмысы ежелгі түркі әдебиеті шығармаларында да жиі кездеседі. Мақал-мәтелдер, даналық сөздер, қанатты сөздер өздерінің тұрақты құрылымдарымен ұзақ сақталып, табиғи бітімін жоғалтпағанын танытады. Осындай даналық сөздер мен мақал-мәтелдер X-XI ғасырларға дейін кеңінен таныс болған. Ж. Баласағұн мен М. Қашқаридың ел арасындағы осы ділмар

сөздері ықылым замандардан өшпей сақталып келе жатқандығын байқаймыз.

Мұны М. Қашқари, Ж. Баласағұн шығармаларын қазақшаға аударған ғалым А. Егеубай өз еңбегінде атап-атап көрсетеді. Мысалы: ««Кісі сөйлесер, мал иіскелесер», «Тесік інжу жерде қалмас», «Далада бөрі ұлыса, үйде иттің бауыры сыздар», «Бөрі қоңсысын жемес», «Арыстан күркіресе, аттың аяғы шалынар», «Тілмен түйілген тіспен шешілмес» және тағы басқа мақал-мәтелдер қазір де қазақ халқының мақал-мәтелдері деп қарауға әбден болады» [53, 176], – дейді.

Осы жоғарыда аталған зерттеуінде А. Егеубай А. Байтұрсынұлының теориясын, яғни әдеби пән сөздерін, әдебиетке енгізген тұрақты ұғым-атауларды, жанрларды сараптау жайындағы жіктеулерін орынды пайдалана білген және батыл қолданған. Ежелгі әдеби мұраға қатысты А. Егеубай айтқан теориялық толымды тұжырымдары, өзі жетік талдап, таныған ежелгі түркі әдеби ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізген тың деректері қазіргі қазақ әдебиеттануына қосқан қомақты үлес болып табылады. Мысалы: « ... Тіл (лұғат) әуезділігі, өлең ағындары (А. Байтұрсынұлының термині) орайында да ежелгі мұралар мен классикалық қазақ әдеби шығармаларының арасындағы ұластықты аңғару қиын емес. Нақтырақ үңілсек, сөз әуезділігі, сөйлеу әуезділігі деп қарау дұрысырақ. Бертін келе бұл қара сөзде недәуір бұзылып, өлеңді сөзде көбірек сақталып қалған. Өлгі «өлеңді сөйлем интонациясы» деп бөле-жара атап, түстейтіндігіміз де сондықтан. Мәселен: 1. Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз. Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз (Ж. Баласағұн «Құтты білік», 274-бәйіт). 2. Қарысқанда керек ірбіз білегі. Жауласқанда арыстанның жүрегі – 2310-бәйіт. Шендестіру («Әдебиет танытқыш») ұғымын көпке дейін қазақ әдебиетшілері біресе «контраст» деп, біресе қарама-қайшы баламалар арқылы көркемдік әсерді үдету деп тағысын-тағы мағыналық жағынан түсіндіре қолданып жүрді. Осы шендестіру – жалпы ежелгі түркі әдебиетінің дәстүрлі көрінісі. «Құтадғу білікте» ұғымдар мен ой, өмір, таным бәрі-бәрі осы шендестіру жолымен ширатылып, толымды шыққан. Ол

дүние мен бұл дүние, күн мен түн, қылыш пен қалам, надандық пен парасат, жақсылық пен жамандық, қыс пен жаз, ер мен ез, бай мен шығай, зұлымдық пен адалдық ... ежелгі замандарда да, қазір де тұрмыс-тіршілікте кездесетін сипаттар. Заңдылықтар. Соның бәрі де дастанның тұла бойында шендестіру арқылы көзге ілініп, көңілден кетпестей түйінделген.

Ұғымдарды, суреттерді, теңеулерді шендестіре, кейде тіпті шарпыстыра қолдану Ж. Баласағұнның шебер қолданатын машықты көркемдік әдісі: Жақсы атты ер білсең алғыс алады. Жаман атты ер өлсе, қарғыс табады – 246-бәйіт. Көп сөйлесең «езбісің» деп жек көрер. Сөйлемесең «мылқау екен» деп сөгер – 174-бәйіт» [5, 182].

Сонымен, қорыта айтқанда, А. Егеубай – ұлттық рухани дүниеміздің осынау күрделі, ауқымды мәселелерін тереңнен қозғап, талдаған және ұлттық әдебиетіміздің игілігіне айналдыра білген ғалым. Көне түркі дүниесінің әдеби мұралары – кейінгі, орта ғасырдың соңын ала тарамдалып, тамыр тартқан түркі тілдес ұлттық әдебиеттердің өсіп-өнген құнарлы топырағы. Әсіресе Ж. Баласағұн мен М. Қашқаридың даналық ойлары мен дарын-қасиеттері және мұраларының орны ерекше.

А. Байтұрсынұлы дүниежүзілік әдебиетте, оның ішінде орыс әдебиетінде болған және болып жатқан жаңалықтардың бәрін дерлік жете білген және оның өзін практикалық ісінде қолданып, насихаттап отырған. Автор өзінің ғылыми ой-пікір, тұжырымдарын шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жинақтап, терең талдай білді. Ғалымдық тұлғасының өзіне тән осындай ерекшелігіне оның публицистік қаламының ұшқырлығы, жазушылық дарынының нәрлілігі, аудармашылық қабілетінің сансалалығы айрықша ажар береді. Орыс, қазақ, татар тілінде қалам тербеп, ойын да, көркемдік сезімін де жеткізе білетін ғалымның еңбектері қуатты дарынның әр қырын танытқандай. Ғалымның қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, тіліне сіңірген еңбегінің сүбелісі де, көрнектісі де қазақ әдебиеттану ғылымы саласында.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдеби, теориялық ойының өткен ғасырдың 20-жылдардағы

жетістігін кешенді түрде қарастырған және кәсіби деңгейде қорытындылаған еңбек. Ғалым ежелгі әдебиет нұсқаларын және орыс тіліндегі теория оқулықтарының, кітаптарының жетістіктерін кеңінен пайдалана отырып, қазақша жатық тілмен теория тұжырымдарын сөйлете білді. Бұл сол кездегі қазақ оқушысы үшін тың, соны еңбек болып есептелінеді. Қазір де солай болып саналады.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуға. XX ғасыр басында тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең зерттеулерін қалдырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 376 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы // Құраст.: А. Ісімақова, Г. Пірәлиева – Алматы: Алаш, 2003. – 1-том. – 408 б.
3. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б.
4. Веселовский А.Н. Избранные статьи. Под общей ред. М.П. Алексеева и др. Вступ.статья В.М. Жирмунского. – Ленинград, 1939. – 272 с.
5. Егеубай А. Құлабыз: монография. – Алматы: Жазушы, 2001. – 216 б.
6. Баржақсин А. Мақалдар // Қазақ. – Алматы: Ғылым, 1998. – 560 б.

ХАЛЫҚТЫ ОЯНСЫН ДЕП...

Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында есімі ерек. Ұлтын өрге өрлеткісі келген қоғам қайраткерінің 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» жинағы қазақ жұртының ұлттық ой-санасын оятқан туынды болды. «Халықты оянсын деп сөзбен шаққан» бұл жинақ одан кейін 1914, 1922 жылдары баспа бетінде жарияланған. «Әдеби еңбекті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады. Ұлтының қажетін өтейді сөйтіп» деген мәлімдемесінде өлеңдер жинағы туралы «... «Маса» деген атпен топтасқан өлеңдерімді бірегей топтап атар едім», – дейді. Осы мәліметке қарап-ақ бұл жинақтың әлеуметтік маңызының зор екендігін айқын аңғаруға болады. Ақынның 50 жылдық тойына жасаған баяндамасында Мұхтар Әуезов: «Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп қайраткерді жоғары бағалаған [1, 20].

А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағы төртінші рет 1989 жылы, одан соң 1991, 1994, 2001 жылы «Қырық мысалмен» қатар жарық көрді.

2003 жылғы басылымда «Масаның» 1922 жылғы шығарылған нұсқасы 1989, 1991 жылдардағы жинақтармен салыстырылып, толықтырылған. **Сонымен қатар** 1922 жылы Қазанда жарық көрген басылымның фотокөшірмесі М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология орталығында сақталған. Аталған басылымды түпнұсқа ретінде пайдаланып, жинаққа енгізген.

2005 жылы Е. Дүйсенбайұлының редакторлығымен шығарылған кітапта «Маса» жинағы да жарық көрген. Бұған дейінгі жарияланған басылымдармен салыстырылып, кезінде кеткен мәтіндік қателер түзетілген.

2013 жылғы басылымда «Маса» жинағы түпнұсқадағы өлеңдер мен 12 аударманың орналасу тәртібі сол қалпында берілген. Жинаққа 12 аударма, 22 өлең енген. Өлеңнің 14-не, аударманың 12-не ғылыми түсініктеме берілген.

А. Байтұрсынұлының ақындығы жөнінде алғаш пікір білдірушілердің бірі белгілі тілші-ғалым Р. Сыздық: «А. Байтұрсынов – ақын. А. Байтұрсыновтың ақындық таланты да, беріп кеткен поэтикалық мұрасы да оның өте күшті, дарынды, ойлы ақын екендігін танытады. Оның өлеңдері «Маса», «Қырық мысал» деген аттармен Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор қалаларында 1912 жылдан 1922 жылдарға дейін бірнеше рет жарияланған», – деген баға береді [2, 14].

Ақын «Қырық мысал» жинағындағы ишара, астардан «Маса» өлеңдер жинағында дәлдік, туралыққа көшеді. «Сөз иесінен» деген беташар өлеңі «Қырық мысалдағы» аудармасы «Малшы мен Масаның» жалғасы сияқты. «Қырық мысалда»:

...Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып баққан.
Бәленің түрін көрген мен – Сары маса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан, – деп келеді [3, 137].

«Масада» былай түйіндейді:

...Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен кара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?!»[3, 9].

«Ұйықтап», қараңғылықтың түнегінде жатқан халқын ояту үшін «Маса» болып ызындап, шаққан ақын сөзі әлі күнге дейін елі үшін еміренер әр қазақтың жүрегінде.

Жастарға сенім артқан ұлт жанашыры жастардың оқығанын жөн көріп, білім мен ғылымды өлеңінде арқау етті. Келешектегі ғылым мен мәдениеттің оқу арқылы ғана жүзеге асатындығына сенімді болды. «Ел бағатындар ел бағуын, бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Біз елді түзеуде, ең алдымен, бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек», – деп бала тәрбиесін алғашқы орынға қояды. «Оқуға шақыру» деген өлеңінің бастауы:

«Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!
Жуынып, киініндер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жалтырап» [3,11].

Баланың оқуы мен тазалығына, тіпті күннің өзі оқуға баруына ниет етіп тұрғанын айта келіп былайша түйіндейді:

«...Өзенде балықшылар ау қарап жүр,
Тоғайда орақ дауысы шаң-шұң орған.
«Аллалап», ал, кітапты қолдарыңа!
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған!» [3, 11].

«Оқ тиіп, он үшінде ой түсірген» А. Байтұрсынұлының Сібірге айдалған әкесінің тілегі де осы болған. Сауатсыздықтың зардабын тартқан әкесі Байтұрсын Шошақұлы балаларына оқуды, сауатты болуды аманаттап кеткен еді: «Балам, қандай қиыншылыққа ұшырасаң да, аш қалсаң да, мейлі жалаңаш, жалаңаяқ жүрсең де, жататын орның болмаса да, қанша қорлық көрсең де, оқы!» – деген екен. Осы аманатты тұмарындай көрген қайраткер жастарға білім мен ғылым жолына түсуді насихаттады.

«Маса» өлеңдер топтамасына кірген өлеңдерде қоғамдық, әлеуметтік ойлар, азаматтық тың идеялар айтылады. Мансап, байлық жолында ар-абыройын аяқ асты етіп, өзі айтқандай «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Туысыма», «Н.Қ. ханымға», «Анама

хат», «Адамдық диқаншысы», «Бақ» сынды өлеңдерінде жұртына жанашырлық, қорлық пен зорлыққа мойымаған, еркіндік пен бостандық жолында барлығына даяр қайратты ердің бейнесін көреміз.

А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағына енбей қалған, әлеуметтік маңызы зор өлеңдерінің арасында болуы тиіс еңбектері бар. 1922 жылы қайтадан басылған «Маса» өлеңдер топтамасына енбей қалған өлеңдері 1915, 1916 жылдары «Байқаушы» атты бүркеншік есімімен «Қазақ» газетінде жарияланғанын ахметтанушы ғалымдар өз зерттеулерінде жазды. А. Байтұрсынұлының бұл өлеңдері 2013 жылы шыққан алты томдық шығармалар жинағының 5-томында «Табылған туындылары» деген тараумен бөлек берілген.

1915 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақ» газетінде жарияланған «Дағдарыс» өлеңінің мазмұнынан сол кездегі әділетсіз биліктен көңілі қалып, заманның түрленуінен шошынған ақын бейнесін аңғарамыз», – деген ахметтанушы Р. Имаханбет өлеңнен төмендегідей үзінді келтіреді:

«...Ой Алла, Заман нендей түрленіп тұр,
Айтуға тілің жүрмей күрмеліп тұр.
Оң-теріс, обал-сауап құр сөз болып,
Сан заттар «сап» деп жүрген кірленіп тұр» [4, 70].

Өлең алты шумақтан құралған. Ақынның бұл өлеңі әділеттілікті күткен қазақ қоғамымен бірге дағдарған кейіпкердің зарлы толғауы секілді екендігі айтылған. Өлеңнен жер жүзін жайлаған жалғандықты бір күдіретке сеніп, жойылуын тілеген күңірену сарынын байқауға болады.

Сол жылғы желтоқсан айының 31-і күні ақынның бүркеншік есімімен «Қоян» атты өлеңі жарық көреді. Қыс мезгілінде күшейер табиғаттың арпалысы қоян жылында күшейе түскендей. Ахметтанушы Р. Имаханбет өлеңнің мәні жайында: «Аталған өлеңде мұсылманша жыл қайыру атауына ие болған «Қоян» жылының қашанда елге жайсыз тигені жырланады. Өлең 4 шумақ, 19 жолдан тұрады. Жыл он екі айда қайталанатын табиғат

апатына мұжықтың мазағы қосылған сұм уақытқа қазақтың қарсы тұрар қауқары болмағанына налиды. Өлеңнің құрылымы мен ұйқасынан гөрі, сол тұстағы «еңбексіз байлық тілеген адамның пиғылы» мен «табиғат апатының» арпалысы ақынды ашындырса керек», – дейді [4, 71].

А. Байтұрсынұлының 1916 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған «Туған тілім» атты өлеңі де елінің қамы үшін жазылған туынды. «Барлық түркі тектес халықтар иен далаға кеңінен тарап, өріс алған татар тілін, жазуын қабылдасын» делінген өктем қысымды қазақ оқығандары ішінен, ең алдымен, А. Байтұрсынұлы мойындамай, қарсы тұрды. Өз жұртының жазу тілінің тарихы таласқа түскен бұл тұста ақын туған тілінің қаншалықты қымбат екендігін дәлелдеді. Жеті шумақты өлеңнің алғашқы шумағынан ақ:

...Кенің бай, келімің мол, туған тілім,
Дыбыстың теріп сөз ғып, буған гүлін.
Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен,
Мен тосып құтыла алмас қусам білім, –

деп қазақ тілінің жоғары деңгейде екендігін бірден аңғартады [4, 73]. Бар мүмкіндігі енді ашылып, түрленіп келе жатқан туған тілін жырлап, сол арқылы батыстық өркениеттен үйренер көп дүниенің барын, әсіресе ғылым мен білімді игеру қажеттігін айтады. Әдебиетші Ө. Әбдиманұлы: «Саналы ғұмырында тіл тазалығы жолында күрескен Ахаң, қазақ тілінің өзгелермен араласып, шұбарланып кетпеуін қатты қадағалағаны белгілі...», – дейді [5, 128]. Осы өлең арқылы өзіндік бағытынан айнымаған А. Байтұрсынұлын көретіндігін айтады.

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлының заман озбырлығы көрініс тапқан «Дағдарыс», табиғат апатын суреттеген «Қоян», өзгеге мойынұсынбастан, өз жұртының байлығын артық қоя білген «Туған тілім» өлеңдері «Маса» жинағындағы өзекті оқиғалармен үндес. Ақынның жұрт үшін баян еткен бұл туындылары бір жинақтан табылып жатса, ғылым үшін де жетістік болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2013. Т.І – V I. 120 т.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов // Қазақ әдебиеті, 6-қаңтар, 1989.
3. Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. – 208 б.
4. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): Диссертация. – Алматы, 2006. – 130 б.
5. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ және ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі уақыттағы еліміздің білім мен ғылымға салған инвестицияларының негізгі мәні: жас ұрпақтың білімді болуымен қатар өз дәуірінің «комфорт кеңістігінде» бодауланбай, тәуелсіз ойлайтын, елін сүйетін, білікті және кәсіби интеллектуал тұлға даярлау екені мәлім. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы: «білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында ортақ тақырыптардың берілуі» және жаңартылған білім беру мазмұнындағы: «оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)» сияқты білім саласындағы реформалар – оқыту жүйесіндегі дамудың алғышарты. Дәл осы мақсатпен бүгінгі қазақ педогогикасының әдіснамасы жаңашыл мүмкіндіктер мен соны ізденістер сыйлаған ағымдағы ғасырмен бірге өркендеп келетінін ескеруіміз шарт. Десек те мұндай жол әлемдік өркениетте дәл осы мүддеге қол жеткізу үшін аздық етеді. Қазіргі таңдағы заман бедері қазақ педогогикасының әдіснамасынан өз ішінде «рухани жаңғыру» жолын ұстануды талап етеді. Бұл талап жолдарындағы ең негізгісі: «жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» [1]. Бұл өз кезеңінде кері серпілген «бумерангтай» әдіскер Алаш зиялыларының еңбектерін қайта қарауды, жаһанға өз ұлттық болмысымен танылатын, «рухани жаңғырған» әдіснаманың қалыптасу ретін көрсетеді.

Алаш зиялыларының өмір сүрген дәуірі – қазақ педогогикасының жаңғырған кезеңі. Ұлттың өзіндік құзыреттілігін, болмысын сақтап қалатын білім жолы екенін түсінген Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы,

Ж. Аймауытов, Қ. Жұбанов, Ш. Әлжанов сынды алаш зиялылары ғылымның әр саласында ғылыми еңбектерін жазып, ұлт біліміне орасан зор күш салған. Қазіргі уақытта әдіскер ғалымдар, ұстаздар өздері қолданып жүрген шетел педагогикасынан танылған кейбір әдістемелік әдістердің Алаш зиялыларының әдістерімен үндесетінін, кейде асып түсетіндігін айтып жүр. Бұл жағдай А. Байтұрсынов, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытов есіміне тереңдей көшумен шектелетін Алаш зиялыларының еңбектерін ғана қарауды емес, әлі де болса әдістемелік еңбектерін зерттеу жағынан қазіргі ғылым мен білім парадигмасы тұрғысынан қайта зерттеп, талдай түсуді белгілейтін кейбір Алаш зиялыларының еңбектерін де жіті танып, жаһанға таныту керектігін дәлелдейді.

Біз Ахмет Байтұрсынұлының мұраларын терең талдай отырып, ғалымның танымдық, тағылымдық қырларын толыққанды ашқанда ғана ұлттық ой-санамыздың өсіп-өркендеуін толық елестете аламыз. А. Байтұрсынұлы өз дәуірінде қоғам талаптарына сәйкес тілтанудың ғылымдық-әдістемелік жүйесінің дамуына зор үлес қосқандығын байқаймыз. Осымен байланысты қазақ педогогикасының тарихында өзіндік сүрлеуі бар, әдіскерлердің бірі – А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасына қазіргі методологиялық талап тұрғысынан талдау жасау. Әдіскер еңбектерінің тінін тауып, қазіргі қазақ педогогикасының «рухани жаңғыруына» септігін тигізу ретіндегі үлесімізді қосу болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің негізгі концепциясы – қазақ балаларын біздің дүниетанымға сәйкес мысалдар арқылы оқытып, түрлі әдістерді ақыл-ойды қозғау арқылы үйретуге арналғандығында. Бұл мақсат тұрғысынан әдістемеші негізгі нысан ретінде тыңдаушы позициясын, ал оқу құралдарының негізінде «әңгіме» әдісін қолданғанын ескереміз. Автордың 1912 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Әліп-би» әдістемелік еңбегінің алғашқы дәйектемесінде: «Бұл «Әліп-би» кітабы – жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындату шарасын табу. Үйрету жағынан «Дыбыс әдісі» мен «Тұтас оқу» әдісінің

екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа программаша болуы көзделді» [2.56]. Ендігі дәл осы еңбектің алғышартында ғалым мұғалімдермен толерантты түрде жаңа және маңызды ұсыныс жасайды.

«Бұрынғы «Оқу құралы» мен бұл «жаңа құрал» екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл? Екінші сөзбен айтқанда, қайсысымен оқытқанда балалар оқу мен жазуды тез үйренеді. Осы жағынан тәжірбие түйілсе екен [2.23], – деп жазады.

Екі анықтама негізінде әдістемешінің қазақ тіліне деген әуел бастағы оқушының бойындағы әртүрлі психологиялық күйзелістерді жойып, оқу мотивациясын қалыптастыру ең басты мұраты болғанын көреміз. «Әңгіме, әңгімелесу» әдісі – А. Байтұрсынұлының танымында: «Бұл балалардың бойын үйрету үшін» («*Жаңа мектеп*», 1928, №1, 31-37-б.) [2.370] істелетін әдіс. Демек, әдіскер А. Байтұрсынұлы үшін оқушының таным жүйесіне екен алғашқы ұрықтың дұрыс көктегені маңызды, яғни оқушының шұрайлы қазақ тілін жалаң үйреніп қоймай, тілдің әлеміне емін-еркін бойлағаны, тіл сырының құпиясына ең алғашқы сабақтан-ақ қызыққаны маңызды болғанын түсінеміз. Қазіргі таңда бұл тәжірбие – жаңартылған білім беру мазмұнының, дәлірек айтқандай, ИНТЕРБЕЛСЕНДІ технологияның қалыбына саяды.

«Интербелсенді дегеніміз – өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, «диалог» арқылы үйрету, яғни «Үйретуші + Үйренуші» «Үйренуші + Үйренуші (лер)» «Үйренуші + өзімен-өзі» [3.4].

«Оқу құрал» еңбегінен бұл технологияның соны белгілерін көреміз. Алдымен, әдістеме бөлімдерінің берілу алгоритміне тоқталған жөн:

ТІРЕК СӨЗДЕР – МӘТІН – СҰРАУЛАР

ТІРЕК СӨЗ – МӘТІН – ЖАТТЫҒУ

МӘТІН – СҰРАУЛАР

Дәл осындай конструкция негізінде жасалған еңбекте алғашқы кезекте оқушыға тірек сөздер мәтін бойынан беріледі. Тірек сөздің атқаратын қызметі: толық мазмұнның «контекстік трейллері». Демек, оқушы:

1. Мәтінді оқымастан тірек сөздердің мән-мағынасын түсіну арқылы таным жүйесіне мәтін мазмұнының алғашқы дәнегін себеді.

2. Берілген сөздерді сұрауларға жауап бергенде мағынасына байланысты тура пайдаланады.

3. Тірек сөздер есімді тіркес я сөз ғана емес, етістікті болып келіп, оқушының сөйлем құрап, ойын жеткізуге лингвистикалық білімінің кеңеюіне мүмкіндік жасайды.

Біздің ойымызша, А. Байтұрсынұлының әдістемелік ерекшелігі ретінде сол уақыттағы әдіскер Қ. Кемеңгеровтің әдістемелік теориясымен үндеседі. Алдымен, Қ. Кемеңгеровтің теориясына үнілсек.

Мысалы, «Оқу құрал» әдістемелік еңбегіндегі «№ 23» бөлімінде:

Тірек сөздер: «Ұйқы, тұс-ағаш, ұйықта, қоңырау, аст, құс төсек, матырас, жайма, көрпе, жастық, су, сабын, сұрт, айна, алды, тарақ, киім, тазала, орамал, оян, оят».

Мәтін: Біздің жатақ-үй комүнес көшесінде. Біздер жатақ-үйде тұрамыз. Біздер ұйқыдан 7 сағатта тұрамыз. Түнде сағат 11-де ұйықтаймыз. Таң ертең біздерді қоңыраумен оятады. Ерте оянамыз.

Бет-қолды жуамыз. Сабынмен жуынамыз. Су даяр. Орамалмен бет-қолды сүртеміз. Айнаның алдында тарақ бен шашымызды тараймыз. Киімдерімізді тазалаймыз. Далаға шығамыз. Біз тұс-ағашқа жатамыз. Аста құс-төсек болмайды, матырас болады. Матырастың үстінде жайма, жастық болады» [4.37].

Демек, Қ. Кемеңгеровтің тірек сөздердің берілу ретінен және мағынасынан толық мәтіннің мазмұны пайда болады. Тірек сөз сұраулар мен мәтінді байланыстырушы, үйлестіруші маңызды элемент ретінде де көрінеді.

Екінші бөлімдегі ең басты екпін – сұраулар еншісінде. Өйткені сұраулар арқылы оқушының рефлексиялық мүмкіншілігі қанағаттандырылады. Сұраулар – интербелсенді технология тілімен айтқанда «монологтік қызметтен – диалогтік, яғни коммуникацияға көшу» екені белігілі. Бізге сұраулар

контекстен нақты жауапты табуға жетектейді. Нақтылыққа негізделген таным дәлдігіне сай жауапты оқушы тек мәтінмен жұмыс жасау арқылы ғана табады. Ал оқушының сыналар тұсы коммуникацияда деп білсек, оқушы үйретушіге айтар ойын шашыраңқылыққа ұшыратпай, сауатты жеткізе білетіндігінен көреміз. Әрі сұраулар оқушыны контексте жұмыс істеуге үйретіп, таным қырағылығына да баулиды.

А. Байтұрсынұлының да 1928 жылы шыққан «Жаңа мектеп» атты мақаласында ғалым «Жалқылау-жалпылау» әдісіне баға береді. Сол мақалада «Шағын сөзді» әдісінің үйрету жүйесіне назар аударсақ:

«1. Әліп-би кітабының 1-і бетінде тұрған сүгіретті оқытушы тақтайға салады да, сол нәрсенің жайынан әңгіме қоздайды. Әңгіме балаларды қоздайды. Балалар мен оқытушы әңгімелесе-әңгімелесе барып сол нәрсе турасындағы жұмбақтар, өлеңдер сияқты нәрселерді айтқызады.

2. Салынған сүгіретті балалар көшіреді.

3. Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіру. Оқытушы сөзді тұтас күйінде тақтайға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді.

4. Сөзді әріптен бұтарлау. Ол үшін оқытушы әріп араларын ашығырақ жазады. Балалар соның ішінде үйреніп жүрген әріпті танып алып, бірнеше рет жазады.

5. Әріптерден сөз жасау.

6. Баспа тану. Ол үшін жазба сөздің астына баспа сөз қойылып, екеуінің әрпі салыстырылады. [2.340]

Екі ғалымның әдіскерлік әдістің теориясына, практикасына ортақүндестіктіосыәдістерденбайқаймыз. Бұл—А.Байтұрсынұлының әдістемелік әлеміндегі басты ерекшелік. Демек, тіл табиғатының құпиясын әдістемеші оқушы санасына түйсіндірудің бір тәсілі – интеграциялық принцип екенін түсінген. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы: «білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында ортақ тақырыптардың берілуі» [3] ерекшелігіне саяды.

Қосымшаларды дұрыс пайдалана білу – коммуникация мен жазба жұмыстарындағы «жарты жеңіс». Қ. Кемеңгерұлы:

«Қазақтың тілін байытып отыратын – жұрнақ, сондықтан жұрнақ атаулыны оқушылардың білуі қажет. Ол үшін түбір сөздерге түрлі жұрнақтарды қостыру, жұрнақ қосылған сөздердің мәнісіне қарай етістікке, зат есімге, сын есімге, сан есімге жіктету» [4.116] екенін айтып өткен. А. Байтұрсынұлының «1928 жылы Қызылорда да шыққан «Тіл жұмсар» атты еңбегінде «дәйектеме» ұғымына басты назар аударады. Неге? Себебі: оқушының бойындағы білімнің сауатты болып әрі қазақ тілінің табиғатына сәйкестігін тыныс белгілерін үйреу арқылы жасауға болады. «Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескеннен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы.

Екінші – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Қазіргі уақытта әдістемеді сөздің «уәждемесі» (ассоциация) ұғымы кеңінен айтылып жүр. Бұл ұғым тікелей оқушының психофизикалық мүмкіндігін байланысты жүзеге асады. Оқытушының мақсаты: сөзді жалаң жаттатқызбай, сол сөздің бала санасындағы уәждемесінің тамырын жайдыру. Көбінесе бұл тұрғыдан оқытушыларға «көрнекілік әдісін» қолданған ыңғайлы. Қазірде бұл әдісті «мнемонотехника» деп те атайды. Біздің зерттеу нәтижесінде А. Байтұрсынұлы сөздің бала санасындағы уәждемесін қалыптастыруда «Сын атына Зат аты» деген әдісін мысал ретінде айтуымызға болады.

Торы _____

Ыстық _____

Сынық _____

Қызық _____

Ыстық _____

Қатар _____

Сасық _____

Сары _____

Әдістің ережесі: «Бұлардың әрайсысына бір-бірден жаза білетін, оқып кеткен сөздерінің зат атын таптырып жаздыру.

Жатқа таба алмаса, артындағы өткен сабақтардан қарап, осы сын аттарына үйлесетін сөз алып жазу».

Демек, оқушы тапсырманы қайтадан қайталап жасай берген дағды нәтижесінде сол сөздің әр түрлі контексте қолданылу ерекшелігін де түсінеді. Әрі бұл әдіс әдістеменің «гносеологиялық негіздемесіне» саяды. Қазірде бұл репродуктивті әдіс шет тілін оқытуда кеңінен пайдаланылып жүр.

А. Байтұрсынұлының қазақша оқулықтар жазу сол кезеңдегі маңызды процесс болды. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей жұрттың ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға алғандар алып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. Көш жүре түзелер деген, түбінде түзелмей қалмас түзетуге жұрт азаматы қам қылмаса. Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер ештеңе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды, не болмаса дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де, қандай жақсы болғанмен, құралсыз балаларды оқыта алмайды» [5]. Ғалымның осы тұжырымдарынан қазаққа ең керекті – мұғалімдер ғана емес, жақсы оқулықтар болғанын көреміз. Сол кездегі Алаш зиялыларының негізгі миссиялары да осы еді ғой. М. Жұмабаев «Педагогика», Қ. Кемеңгерұлы «Химия», Ә. Бөкейханұлы «Астрономия», М. Дулатов «Есеп», Ж. Аймауытов «Психология» еңбектерін жазған болатын. Бұл еңбектер сол кезеңдегі өте қажетті дүниелер болды.

Мысал ретінде ғалым Қ. Кемеңгерұлы өзінің әдістемелік еңбектерінде мәтінмен жұмыс істеу әдістемесін жасаған. Мәтіндердің коммуникативтік, мәдениеттанымдық (когнитивтік) бағытта берілуіне көңіл бөлгендігі байқалады. Әртүрлі тақырыптағы мәтіндерден бұрын біздің зерттеудегі өзекті мәселе – аксеологиялық негіздегі мәтіндер. Аксеологиялық мәтін – ұлттың ұлттық

құндылықтарына негізделген екенін ескерер болсақ, әдістемеші қазақ тілін үйретіп қана қоймай, сол ұлттың ішкі мәдени-ғұрыптарын, салт-санасын мәтіндер арқылы беріп, оқушының қазақ тіліне деген мотивациясын оятады. Терең теориялық біліммен өрілген ұлттық құндылық негізіндегі мәтіндер оқушы танымын кеңейтеді. Мысалы: «Киім» (№33) [2.46], «Киіз үй мен ағаш үй» (№42) [2.53], «Мақалдар» (№43) [2.55], «Қойдың пайдасы» (№49) [2.59], «Ырымдар» (№53) [2.61-62], «Күзем» (№52) [2.61], «Көшпелі мен отырықшы» (№51) [2.60] мәтіндерін үлгі етуімізге болады. Аталған мәтіндердің ішінен мысал ретінде «Киім» (№33) [2.46] мәтініндегі құндылықтарымызды тізбектейтін болсақ: «шапан», «тон», «ішік», «бөрік» атаулары аталса, «Ырымдар» (№53) [2.61-62] мәтінінде қазақы ырымдар атауы мен қолданысы, мәні туралы ақпарат беріледі. Дәлелі ретінде:

1. *«Жаңа жолда бара жатқанда аты сүрінсе, «Олжа басты» деп қуанады.*

2. *Сейсенбі күн сәт емес деп мал соймайды, киім пішпейді, жолға жүрмейді.*

3. *Күн батқан соң біреудің үйіне кірсе, сәлем бермейді. «Кеш жарық» дейді.*

4. *Қойшы «қойым арық болады» деп қойын жумайды, қасқырдың тісі қышиды деп таяғын жонбайды.*

5. *Жаңа туған ботаны көз тиеді деп көрсетпейді.*

6. *Жолаушыға ауыл адамы «жол болсын» дейді, «қайда барасың» деп айтпайды. «Қайда барасың» десе жолаушының жолы болмай қалады» [2.62].*

Мәтіндердегі барша аксеологиялық элементтер тек қазақтың ғана дәстүрлі портреттік сипатын танытады. Біздің ойымызша, әдістемедегі аксеологиялық негіз – әдістің табиғи, ұлттық бояуы. Бұл сипатты біз әдістемеші Алаш зиялыларының қолданған негізгі әдістемелік «қаруы», сырлы құпиясы деп түсінеміз. Бұл тақырып келелі әңгіменің желісі ғана. Біз өз тарапымыздан байсалды түрде арнайы зерттеуді қажет ететін Алаш зиялыларының еңбектеріндегі «аксеологиялық негіз» туралы пайымдарды болашақ еншісіне қалдыруды жөн көреміз. Десек те А. Байтұрсынұлының

әдістемелік еңбектеріндегі аксеологиялық мәтіндерге баса назар аударып, мәнін аша түсуіміз қажет.

А. Байтұрсынұлының есімі – феномен. Феномендігі сол ғалымның барлық ғылыми еңбектерінің фабуласы барлық саланы қамтиды. Өрісі кең. Әдіскерлік еңбектері, тіл білімі, әдебиет саласындағы теориялық еңбегі, ақындығы, аудармашылығы барлығы тұлғаның феномендігін айғақтайды.

Біздің зерттеу ғалымның әдіскерлік мұрасына арналғандықтан зерттеу нысанымыз ғалымның бірнеше еңбектерін басын қосып жазылды. Байқағанымыз, ғалымның еңбектері әлі де болсын өзекті. Әдістемелік салада әлі күнге дейін әлі де зерттей түсу қажеттілігі қажет сияқты.

Халқымыздың дарабоз бірегей тұлғасына айналған Ақымет Байтұрсынұлын терең тану – қазіргі қазақ ғылымындағы үлкен мақсаттарының бірі. Ал осынау әдістемелік мұраларындағы ғалымның мақалаларындағы тіл турасындағы мақалалары жеке мәселе.

Десек те Алаш зиялыларының үлгісімен жасалған әдістердің қазіргі күндегі ықпалы зор, берер тәрбиелік мағынасы терең екенін жоғарыда айттық. Ендігі кезекте біз өз тарапымыздан Алаш зиялыларының ізімен жасалған қазақ тілін оқытудағы жаңа бір әдісті мақаланың күтілетін нәтижесі, тәжірбиелік сипатында ұсынғымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Жаңартылған білі беру мазмұны. <https://youtube.be/QSXuRZVkmaw>
4. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы: оқу құралы, мұрағат материалдары / Құраст. Д. Қамзабекұлы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. 1. – 384 б.
5. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы: оқу құралы, мұрағат материалдары / Құраст. Д. Қамзабекұлы – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т.2. – 384 б.
6. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы: монография. – Орал: БҚМУ, 1998. – 132 б.

МАЗМҰНЫ

Ж. Дәдебайұлы. А. Байтұрсынов – қазақтың бас әдебиеттанушысы.....	3
Д. Ысқақұлы. А. Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясының негізін қалаушы.....	6
Қ. Әбдешұлы. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ сөз өнері ғылымының даму кезеңдері.....	13
Б. Жақып. Ахмет пен Мұхтар (Ұлылар үндестігі)	22
Н. Тагисой. Штрихи к портрету А.Байтұрсынұлы (Просветитель, учёный, общественный деятель, оставивший значительный след в истории культуры родного народа).....	26
N. Biray. Ana dili bilinci, kimlik Ahmet Baytursinuli.....	36
Ө. Әбдиманұлы. А. Байтұрсынұлының әдеби-шығармашылық мұрасы.....	43
З. Бисенғали. А. Байтұрсынұлы туралы сөз немесе ұлттық рухтың ұлы тіні	54
Қ. Мәдібай, Қ. Мұхамеди. Ахмет Байтұрсынұлы діни қиссалар туралы.....	79
А. Ісімақова. А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» қазіргі әдебиет теориясы.....	87
Г. Пірәлі. М. Әуезовтің Ахмет Байтұрсынұлын танытудағы тар жол тайғақ кешуі	102
Р. Әбдікұлова. А. Байтұрсынұлы – ұлттық жанртану ілімін негіздеуші	112
Р. Имаханбет, А. Тұрлыбай. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш»: құрылымы, басылуы, зерттелуі.....	122
Л. Мұсалы. А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» «бернелеу» пәнсөзі жөнінде.....	129
Ұ. Еркінбай. «Теориялық поэтика» және «Әдебиет танытқыштың» құрылымдық жүйесі.	137
Б. Сарбасов, Д. Қахарман. Ахмет Байтұрсынұлы зерттеуіндегі ежелгі әдеби мұралар.....	158
Ж. Сман. Халықты оянсын деп.....	166
Қ. Тілес. Ахмет Байтұрсынұлы және оқыту әдістемесі мәселелері.....	172

Ғылыми басылым

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ –
ҚАЗАҚТЫҢ БАС ӘДЕБИЕТТАНУШЫСЫ**

**халықаралық ғылыми-теориялық
конференция баяндамалары
Алматы, 31 наурыз 2022 жыл**

Компьютерде беттеген *Н.М. Базарбаева*

Басуға 11.06.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ^{1/16}.
Көлемі 11,37 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №16261.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.